либо группе лиц, либо юридическому лицу, совершенные лицом, заведомо осознававшим террористический или экстремистский характер их деятельности либо то, что предоставленное имущество, оказанные информационные, финансовые и иного рода услуги будут использованы для осуществления террористической или экстремистской деятельности либо обеспечения террористической или экстремистской группы, террористической или экстремистской организации, незаконного военизированного формирования.

Следует отметить, что законодательство Республики Казахстан о противодействии терроризму и экстремизму не содержит понятия финансирования террористической деятельности и финансирования экстремистской деятельности. Вместе с тем, понятие финансирования терроризма определено в пп. 12) ст. 1 Закона Республики Казахстан «О противодействии терроризму» от 13 июля 1999 года и пп. 12) ст. 1 Закона Республики Казахстан «О противодействии легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем, и финансированию терроризма» от 28 августа 2009 года. Понятие финансирования экстремизма отражено в пп. 3) ст. 1 Закона Республики Казахстан «О противодействии экстремизму» от 18 февраля 2005 года.

Общественная опасность рассматриваемого преступления заключается в том, что такие действия создают условия для существования и эффективной террористической или экстремистской деятельности, облегчают совершение актов терроризма и других террористических и экстремистских преступлений.

Объективные признаки финансирования террористической или экстремистской деятельности и иного пособничества терроризму либо экстремизму представляют комплекс признаков, составляющих объект и объективную сторону рассматриваемого преступления.

Структурно рассматриваемое противоправное деяние включено законодателем в главу 10 Особенной части УК Казахстана, соответственно, объектом данного преступления является совокупность общественных отношений, обеспечивающих общественную безопасность. Под общественной безопасностью в соответствии с пп. 1 ст. 4 Закона Республики Казахстан «О национальной безопасности Республики Казахстан» от 6 января 2012 года понимается состояние защищенности жизни, здоровья и благополучия граждан, духовно-нравственных ценностей казахстанского общества и системы социального обеспечения от реальных и потенциальных угроз, при котором обеспечивается целостность общества и его стабильность.

Для определения сущности и содержания финансирования террористической или экстремистской деятельности и иного пособничества терроризму либо экстремизму, отграничения от иных террористических и экстремистских преступлений, правильной квалификации неопределяемая роль точного понимания объективной стороны данного преступления.

Данное террористическое преступление с объективной стороны представляет собой общественно опасное деяние в форме действия. Исходя из анализа рассматриваемой нормы, объективную сторону состава преступления образует совершение одного из следующих действий:

– предоставление денег физическому лицу либо группе лиц, либо юридическому лицу для осуществления террористической или экстремистской деятельности либо обеспечения террористической или экстремистской группы, террористической или экстремистской организации, незаконного военизированного формирования;

– предоставление иного имущества физическому лицу либо группе лиц, либо юридическому лицу для осуществления террористической или экстремистской деятельности либо обеспечения террористической или экстремистской группы, террористической или экстремистской организации, незаконного военизированного формирования;

– сбор денег физическому лицу либо группе лиц, либо юридическому лицу для осуществления террористической или экстремистской деятельности либо обеспечения террористической или экстремистской группы, террористической или экстремистской организации, незаконного военизированного формирования;

– сбор иного имущества физическому лицу либо группе лиц, либо юридическому лицу для осуществления террористической или экстремистской деятельности либо обеспечения террористической или экстремистской группы, террористической или экстремистской организации,

незаконного военизированного формирования;

– предоставление права на имущество физическому лицу либо группе лиц, либо юридическому лицу для осуществления террористической или экстремистской деятельности либо обеспечения террористической или экстремистской группы, террористической или экстремистской организации, незаконного военизированного формирования;

– предоставление выгод имущественного характера физическому лицу либо группе лиц, либо юридическому лицу для осуществления террористической или экстремистской деятельности либо обеспечения террористической или экстремистской группы, террористической или экстремистской организации, незаконного военизированного формирования;

– дарение физическому лицу либо группе лиц, либо юридическому лицу для осуществления террористической или экстремистской деятельности либо обеспечения террористической или экстремистской группы, террористической или экстремистской организации, незаконного военизированного формирования;

– мена физическому лицу либо группе лиц, либо юридическому лицу для осуществления террористической или экстремистской деятельности либо обеспечения террористической или экстремистской группы, террористической или экстремистской организации, незаконного военизированного формирования;

– пожертвования физическому лицу либо группе лиц, либо юридическому лицу для осуществления террористической или экстремистской деятельности либо обеспечения террористической или экстремистской группы, террористической или экстремистской организации, незаконного военизированного формирования;

– благотворительная помощь физическому лицу либо группе лиц, либо юридическому лицу для осуществления террористической или экстремистской деятельности либо обеспечения террористической или экстремистской группы, террористической или экстремистской организации, незаконного военизированного формирования;

– оказание информационных услуг физическому лицу либо группе лиц, либо юридическому лицу для осуществления террористической или экстремистской деятельности либо обеспечения террористической или экстремистской группы, террористической или экстремистской организации, незаконного военизированного формирования;

– оказание иного рода услуг физическому лицу либо группе лиц, либо юридическому лицу для осуществления террористической или экстремистской деятельности либо обеспечения террористической или экстремистской группы, террористической или экстремистской организации, незаконного военизированного формирования;

– оказание финансовых услуг физическому лицу либо группе лиц, либо юридическому лицу для осуществления террористической или экстремистской деятельности либо обеспечения террористической или экстремистской группы, террористической или экстремистской организации, незаконного военизированного формирования.

Финансирование террористической или экстремистской деятельности и иное пособничество терроризму либо экстремизму считается оконченным с момента фактического совершения одного из действий, перечисленных в диспозиции ст. 258 УК Республики Казахстан, независимо от наступивших последствий. В связи с чем по конструкции состав преступления относится к числу формальных [2, С. 519].

Субъективные признаки финансирования террористической или экстремистской деятельности и иного пособничества терроризму либо экстремизму представляют комплекс признаков, составляющих субъективную сторону и субъект данного преступления.

В отличие от объективной стороны, представляющей внешний акт преступного деяния виновного, субъективная сторона представляет собой внутреннее, психическое осознание сущности и направленности деяния. Она определяет психическое отношение субъекта к совершаемому им общественно опасному деянию и его последствиям.

С субъективной стороны рассматриваемое деяние характеризуется виной в форме прямого умысла, выраженное осознанием общественно опасного характера своих действий по финансиро-

ванию террористической или экстремистской деятельности и иного пособничества терроризму либо экстремизму и желанием этого. Для привлечения к уголовной ответственности по данной статье необходимо установить, что виновный заведомо осознавал террористический или экстремистский характер деятельности группы или организации, которым он оказал финансовую или иную помощь, либо то, что предоставленное имущество, оказанные информационные, финансовые и иного рода услуги будут использованы для осуществления террористической или экстремистской деятельности либо обеспечения террористической или экстремистской группы, террористической или экстремистской организации, незаконного военизированного формирования [3, С. 24]. Косвенный умысел не может иметь место при совершении данного преступления.

В качестве субъекта указанного деяния выступает вменяемое физическое лицо (гражданин Республики Казахстан, иностранец, лицо без гражданства), достигшее 14-летнего возраста (ч. 2 ст. 15 УК Республики Казахстан). Устанавливая уголовную ответственность за рассматриваемое преступление с 14 лет, законодатель исходит из того, что несовершеннолетние уже в этом возрасте способны отдавать отчет своим действиям, осознавать их опасность для общества, руководить своими действиями.

Часть 1 статьи 258 УК Республики Казахстан по своему содержанию является основным составом в зависимости от степени общественной опасности. Финансирование террористической или экстремистской деятельности и иного пособничества терроризму либо экстремизму предусматривает также и квалифицированный состав – ч. 2 ст. 258 УК Республики Казахстан, регламентирующей ответственность за совершение преступления при наличии следующих квалифицирующих признаков деяния:

- неоднократно;
- лицом с использованием своего служебного положения;
- лицом, выполняющим управленческие функции в коммерческой или иной организации;
- лидером общественного объединения;
- группой лиц по предварительному сговору;
- в крупном размере.

Неоднократность при совершении данного преступления состоит в совершении двух или более фактов финансирования террористической или экстремистской деятельности и иного пособничества терроризму либо экстремизму, при этом ни за одно из совершенных преступлений лицо не было осуждено либо освобождено от уголовной ответственности по основаниям, установленным законом.

Финансирование террористической или экстремистской деятельности и иного пособничества терроризму либо экстремизму лицом с использованием своего служебного положения может совершить лицо, которое работает в государственном органе, в государственном и негосударственном учреждении и свои служебные полномочия и связанные с ними возможности использует для совершения этого преступления или для облегчения его совершения.

Лицо, выполняющее управленческие функции в коммерческой или иной организации, – лицо, постоянно, временно либо по специальному полномочию выполняющее организационно-распорядительные или административно-хозяйственные обязанности в организации, не являющейся государственным органом, органом местного самоуправления либо организацией, доля государства в которой составляет более 50%.

Лидер общественного объединения – руководитель общественного объединения, а также иной участник общественного объединения, способный посредством своего влияния и авторитета единолично оказывать управляющее воздействие на деятельность этого общественного объединения.

Данное преступление признается совершенным группой лиц по предварительному сговору, если в нем участвовало два и более лица, заранее договорившиеся о совместном совершении преступления.

В отношении крупного размера следует отметить, что крупным размером финансирования террористической или экстремистской деятельности и иного пособничества терроризму либо экстремизму определена сумма денег, стоимость имущества, выгоды имущественного характера,



оказанных услуг, превышающие одну тысячу месячных расчетных показателей (пп. 38) ст. 3 УК Республики Казахстан) [1].

Следует отметить, что ст. 258 УК Республики Казахстан содержит примечание, предусматривающее условия, при наличии которых лицо освобождается от уголовной ответственности, способствуя тем самым предупреждению опасных деяний такого вида. Положительная роль действующего примечания к рассматриваемой статье заключается еще и в том, что в настоящее время у должностных лиц правоохранительных органов имеется юридическое основание обещать виновным не осуществлять уголовное преследование в случае добровольного заявления и активно способствования раскрытию или пресечению финансирования террористической или экстремистской деятельности и иного пособничества терроризму либо экстремизму.

В отличие от норм Общей части, освобождение по нормам Особенной части УК Республики Казахстан является не результатом оценки личности виновного и преступления, им совершенного, а способом достижения должного поведения лица, стимулом, побуждающим к оказанию содействия органам, ведущим уголовный процесс в раскрытии, расследовании уголовных правонарушений, изобличение и привлечение к уголовной ответственности лиц, их совершивших. Если поведение лица, осуществляющее финансирование террористической или экстремистской деятельности и иное пособничество терроризму либо экстремизму под угрозой насилия отвечает условиям предписаний рассматриваемой нормы, оно подлежит освобождению от уголовной ответственности. В примечании к ст. 258 УК Республики Казахстан указывается не на право, а на обязанность органа, ведущего уголовный процесс применить освобождение от уголовной ответственности за финансирование террористической или экстремистской деятельности и иное пособничество терроризму либо экстремизму.

Так, согласно данной поощрительной норме лицо, осуществляющее финансирование террористической или экстремистской деятельности и иное пособничество терроризму либо экстремизму освобождается от уголовной ответственности, если:

- в его действиях не содержится состав иного преступления;
- совершило финансирование террористической или экстремистской деятельности и иное пособничество терроризму либо экстремизму под угрозой насилия;
- добровольно заявившее о совершении финансирования террористической или экстремистской деятельности и иного пособничества терроризму либо экстремизму;
- активно способствовавшее раскрытию или пресечению финансирования террористической или экстремистской деятельности и иного пособничества терроризму либо экстремизму под угрозой насилия.

Лицо следует освобождать от уголовной ответственности по ст. 258 УК Республики Казахстан согласно данному примечания, если имеются все условия, необходимые для его освобождения, отсутствие хотя бы одного из них не позволяет применять примечание к данной статье.

Законодатель, определяя степень уголовной репрессии, классифицирует деяния, предусмотренные ч.ч. 1 и 2 ст. 258 УК Республики Казахстан как тяжкие преступления.

### **Литература**

1. Уголовный кодекс Республики Казахстан от 3 июля 2014 года. – Алматы: Юрист, 2020.
2. Борчашвили И.Ш. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. Особенная часть (том 2). – Алматы: Жеті жарғы, 2015.
3. Уголовное право Республики Казахстан: Особенная часть в 2 т. (главы 11-18). Учебник для вузов / Отв. ред. И.И. Рогов, К.Ж. Балтабаев, А.И. Коробеев. – Алматы: Жеті жарғы, 2017.

### **Түйін**

Осы мақалада автор Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес террористік немесе экстремистік әрекетті қаржыландыру және терроризмге не экстремизмге өзге де дем берушіліктің қылмыстық-құқықтық сипаттамаларын қарастырады. Қарастырылып отырған іс-әрекеттердің негізгі және білікті құрамдарының объективті және субъективті белгілері талданды. Осы террористік қылмыс үшін қылмыстық жауапкершіліктен босатудың шарттары қарастырылады.

## Summary

In this article, the author considers the criminal legal characteristics of the financing of terrorist or extremist activities and other aiding terrorism or extremism under the laws of the Republic of Kazakhstan. The objective and subjective attributes of the main and qualified staff of the act in question are analyzed. The conditions of exemption from criminal liability for this terrorist crime are considered.



ӘОЖ 343 (574)

С. Т. Кемелбеков, заң ғ.к.

ҚазӘҚХСУ

### АДАМДЫ КЛОНДАУ ҚЫЛМЫС ҚҰРАМЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТТАМАСЫ

*Бүгінгі таңда қоғамымыздың дамуына орай, ҚР Қылмыстық заңнамасы жаңа «Адамды клондау» қылмыс түрімен толықтырылып отыр. Мақалада «адамды клондау» термині медициналық тұрғыдан түсіндіріледі. Аталған қылмыс түрінің қоғамға қауіптілігі, жасалу жолдары айтылған. Автор бұл қылмыстың дұрыс саралануына ерекше көңіл аударады. Осы мәселенің шешімі ретінде автор, қылмыс құрамының қылмыстық-құқықтық сипаттамасын қарастырған.*

**Кілт сөздер:** қылмыстық кодекс; адамды клондау; қылмыс объектісі; қылмыстың объективтік жағы; қылмыстың субъективтік жағы; қылмыс субъектісі; қылмысты саралау.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» - деп баянды етілген [1].

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 4-бабында «қылмыс құрамының барлық белгілері бар іс-әрекеттер қылмыстық жауаптылықтың бірден-бір негізі болып табылады»[2].

Біз осы негіздерді басшылыққа ала отырып, жаңа Қылмыстық кодекстегі «Адамды клондау» 129-бабының нормасы туралы мәселе көтеріп және оның шешілу жолдарын ортаға салуды жөн көрдік. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің «Адамды клондау» 129-бабының 1-бөлімі келесі мәтінде берілген: «Адамды клондау немесе адам эмбрионын коммерциялық, әскери немесе өнеркәсіптік мақсаттарда пайдалану, сол сияқты жыныстық жасушаларды немесе адам эмбрионын дәл осы мақсаттарда Қазақстан Республикасынан әкету».

Дегенмен, заң шығарушы аталған заңда «адамды клондау» терминінің нақты анықтамасын бермейді. Ал «адамды клондау» терминінің түсінігіне қатысты Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексінің 99-бабында «Қазақстан Республикасында адамды клондауға – генетикалық жағынан бірдей түрлерді өрбітіп-өсіруге тыйым салынады» - деп айтылған.

Аталған баптың мазмұнында «некеде тұратын және некеде тұрмайтын әйел мен ер адамның медициналық араласуға екіжақты хабардар етілген ерікті түрдегі жазбаша келісімі болған кезде ұрпақты болудың қосалқы әдістері мен технологияларын қолдануға құқығы бар. Жалғыз басты әйелдің де медициналық араласуға хабардар етілген ерікті түрдегі жазбаша келісімі болған кезде ұрпақты болудың қосалқы әдістері мен технологияларын қолдануға құқығы бар» - екендігі көрсетілген.

Заңның мәтінінде көзделгендей, заң шығарушы заң нормасын қабылдау арқылы, қандай жағдайда азаматтардың тек келісімі арқылы ұрпақты болуға құқығы бар екендігін түсіндіріп беріп отыр.

Заң шығарушының «Адамды клондау» 129-бабын Қылмыстық кодекстің «Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» 1-тарауына енгізуінің өзінде біршама сұрақтар туындайды:

1. Қылмыс құрамы Қылмыстық кодекстің «Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» тарауында берілгені дұрыс па;

2. Не үшін баптың мәтінде қылмыстың жай құрамы мен сараланған қылмыс құрамдарының объективтік жағын сипаттайтын белгілер дара көрсетілмеген;

3. Заңдылық техникасы бұзылған жоқ па.

Аталған қылмыс құрамының Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің «Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» 1-тарауында берілуімен келіспейміз. Өйткені, бұл тараудың атауы айтып тұрғандай, жеке адам шыр етіп дүниеге келген кезінен бастап, қылмыстық-құқықтық қатынас туындайды. Ал әлі дүние есігін ашпаған өміршенді (құрсақтағы ұрықты) қалай біз жеке тұлға деп (клондау кезінде) қарастырамыз. Заң тілінде ол әлі адам деп танылмайды. Ал қылмыстың жасалу мәні жасанды адамды ұрықсыз өмірге келтіру процесі жайында.

Мұндай сұрақтың дұрыс шешімін медицина тілімен айтсақ, белгілі бір уақыт аралығында ана жатырында ұрықтың жетілуімен, болашақ нәрестенің қалыптасуы деп түсінуге болады. Сондықтан бұл қылмыс жасалғанда өзге объектіге қол сұғушылық жасалатынын айтқымыз келеді. Тиісінше, қылмыстың объектісі де өзге қоғамдық қатынастар болады.

Қолданыстағы Қылмыстық кодекстің 129-бабының 1-бөлімінде берілген бірнеше жеке әрекеттердің көзделуі расында, қылмыс бір адамның жеке жасай салатын қылмыстық құқық бұзушылығына жатпайды. Бұл қылмыс басынан бастап-ақ, бірнеше адамдардың (мамандардың) жоспарлауымен, келісулерімен жасалатын құқыққа қайшы әрекет екендігін байқаймыз.

Заңи нормалардың біркелкі жазылуы қажет қағидасын басшылыққа ала отырып, заң техникасының бұзылғандығы деп тұрғанымыз, Қылмыстық кодекстің жекелеген нормаларының 1-бөлімінде (жай құрам) жасалатын қоғамға қауіпті әрекеттің түсінігі беріліп, ол қалай жасалғанда қылмыстық құқық бұзушылық болатыны туралы түсінік берілген. Ал аталған қылмысты жоғарыда айтқандай жеке бір адаммен жасалмайтынын ескерсек, сараланған қылмыс құрамының белгілері тиісті баптың бөлімінде көрсетілуі қажет.

Енді қылмыстың объектісі жайында айтар болсақ, қылмыстық құқық теориясына сәйкес, қылмыстың объектісі – бұл қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастар.

Е.І. Қайыржанов, объект қылмыс құрамының міндетті элементтерінің бірі болып танылады, сондықтан қылмыс объектісі болмаса қылмыс та болмайды. Қылмыс ретінде танылып, қылмыстық заңда көзделген кез-келген қоғамға қауіпті әрекет белгілі бір объектіге қол сұғады. Қылмыстық қол сұғушылық жасалған кезде объектіге айтарлықтай немесе елеулі залал келтіру қаупі төнеді не келеді.

Қылмыстың объектісін дұрыс анықтау қылмыстың жасалғаны үшін қылмыстық жауаптылық шегін және нысанын, қылмыстық әрекеттің әлеуметтік және құқықтық табиғатын анықтауға көмектесетінін айтқан болатын [3, 50 б.].

А.Б. Бекмағамбетовтың пікірінше, қылмыстың объектісі – әрекеттегі қылмыстық заңның қорғауына алған анықталған қоғамдық қатынастардың жиынтығы [4,101 б.].

Дегенмен, адамды клондау қылмыс құрамының объектісін анықтау барысында ғалымдар арасында да әртүрлі көзқарастар бар.

Қ.Ж. Балтабаев, «Адамды клондау» құрамы «Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» тарауында берілгенімен келіспейтіндігін айтқан. Яғни, егер осы тарауда көрсетілсе, онда топтық объекті адамның бостандығы болуы қажет. Ал әлі өмірге келмеген адамның бостандығы қалай қылмыстың объектісі болып, қалай заңмен қорғалуы қажет деген мәселені көтерген. Ғалымның пікірінше, бұл қылмыс құрамын Қылмыстық кодекстің «Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар» тарауына немесе «Халықтың денсулығына және имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» тарауына енгізген дұрыс болады [5,86-87 б.].

Ал аталған «Адамды клондау» нормасы қандай елдердің Қылмыстық заңдарында қарастырылғаны туралы сөз етсек, мысалы, Молдова Республикасының Қылмыстық кодексінде «Әскери қылмыстар, бейбітшілік және адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар» - деп аталатын 1-тарауының 144-бабында көзделген [6].

Эстония Қылмыстық кодексінің 1202-бабының «Эмбрионмен тыйым салынған әрекет» 2-тар-

мағында «ұрықтандырылған жұмыртқа клеткасының ядросын басқа эмбрион, ұрық, тірі немесе өлген адамның эмбрионымен ұқсас эмбрион құру мақсатында ауыстыру» жауаптылығы көзделген [7].

Сондай-ақ, Румыния Қылмыстық кодексінде «Клондау және адам эмбрионын заңсыз құру» 195-бабы 1-бөлімінде «Адам эмбриондарын басқа да мақсаттарда құру» және 2-бөлімінде «Клондау, кез келген тірі немесе өлген басқа адамның генетикалық ұқсастығын жасау» үшін жауаптылық қарастырылған[8].

Әлеуметтік желідегі ақпараттарға сүйенсек, бір клонды жасау үшін жүз әйелдің аналық ұрығы, әр әйелден он ұрықтан алғанда мың ұрықтан бір ұрық қана клонның пайда болуына жарамды болатыны анықталған. Әйелдердің аналық ұрығынан гендерін алып тастап, тапсырыс берген әйелдің клеткасынан гендерін алып, жатырға салады. Содан кейін тоғыз ай бойы ана құрсағында жетілген бала қажетті адамнан айнымай дүниеге келетіні айтылған.

Сондай-ақ әйелдердің босану сәтінде көп жағдайда баланың түсіп қалуы немесе нәрестенің денсаулығында ақау болуы, өлі туылуы сияқты бақытсыздықтар жиі қайталанатын. Клондалған балалардың елу пайызы жатырда көз жұмады, ал аман туған балалардың көбі ерте жасында қайтыс болады екен [9].

Сонымен біз жоғарыда «Адамды клондау» қылмысының объектісіне қатысты ғылыми, заңнамалық және қоғамдық пікірлерге қысқаша талдау жасадық. Дегенмен, Қ.Ж. Балтабаевтың «Адамды клондау» қылмыс құрамын «Халықтың денсаулығына және имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» тарауына жатқызу керек деген пікірімен келісуге болады.

Адамдарды клондау адамгершілік қылықтарға мүлдем жат әрекет. Аталған қылмыс жасалған уақытта көптеген әйелдердің денсаулықтарына жасанды түрде зиян келеді және имандылыққа қатысты қоғамдық қатынастарға қол сұғылады.

Яғни, аталған қылмыстың топтық объектісі – «Халықтың денсаулығы және имандылығына қол сұғатын қоғамдық қатынастар» танылады. Тікелей объектісі – «суррогатты ананың денсаулығы және қадір-қасиеті» болады.

Сондықтан біздің ойымызша, «Адамды клондау» қылмыс құрамы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің «Халықтың денсаулығына және имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» тарауында берілуі қажет.

Қылмыстың объективтік жағы – бұл қоғамға қауіпті қолсұғушылықтың сыртқы көрінісі.

І.Е. Қайыржановтың пікірінше, қылмыс құрамының объективтік жағы – бұл қылмыстық-құқықтық қорғау объектілеріне қол сұғылатын, қоғамға қауіпті әрекеттің сыртқы байқалуын сипаттайтын, сондай-ақ қолсұғушылықпен байланысты объективті жағдайларда заңмен көзделген белгілердің жиынтығы [3, 69 б.].

Қылмыстың объективтік жағы қылмыстық әрекеттерді саралау барысындағы заңдылық мәнді белгілердің жиынтығы. Қылмыстың объективтік жағының міндетті белгілеріне әрекет, қылмыстың нәтижесі және оларды байланыстырып тұратын себепті байланыс жатады. Ал қосымша белгілеріне уақыт, жағдай, қылмыстың жасалу орны мен тәсілі жатады.

Енді аталған белгілерге тоқталатын болсақ, Қылмыстық кодексте заң шығарушымен «қылмыс және қылмыстық теріс қылық ұғымдары» 10-бапта көзделген нормада, аталған құқық бұзушылықтардың әрекет және әрекетсіздікпен жасалатыны туралы айтқанымен, нақты анықтамасы берілмеген.

Дегенмен, құқықтық әдебиеттерде «әрекет және әрекетсіздік» терминдеріне келесі анықтама ұсынылған: «қылмыстық әрекет – бұл адамның сыртқы мінез-құлқының бір немесе бірнеше әрекеттері, сондай-ақ белгілі бір техникалық құралдарды, өндірістік процестерді, объектілердің қасиеттерін пайдалануы.

Қылмыстық әрекетсіздік – бұл кінәлі адамның қазіргі жағдай бойынша жасаған және жасай алатын іс-әрекеттерін орындамағанынан көрініс тапқан енжар мінез-құлық әрекеті» [10, 23 б.].

Клондау қылмысының жасалу ерекшелігі де сол, тек қана әрекетпен жасалатындығы және бұл әрекеттерді тәжірибеде бір адамның орындауы мүмкін емес.

Ғылыми мақалаларда көзделгеніндей, клондау қылмысы тек қана белсенді іс-әрекетпен жасалады және бұл адамның мінез-құлық әрекеттерінің тұтас жиынтығын қамтиды: адам организмі клеткасынан (соматикалық, яғни жыныстық емес) ядро бөліп алады. Содан кейін соматикалық

клетканың ядросы жұмыртқа клеткасының ұяшығына енгізіледі. Жұмыртқа клеткаға енгізілген (салынған) жана ядро электрлі тоқтың әсерінен бөлінеді. Сөйтіп эмбрион байқалады [11, 7-9 б.].

Эмбрион деп тұрғанымыз, болашақта өмірге келетін 8 аптаға дейінгі даму сатысындағы адам [12]. Содан кейін клондалған эмбрион суррогатты ананың жатырына салынады, онда шынайы – биологиялық туылғанға дейін өсіп жетіледі. Мұндай тәжірибені өткізу үшін мамандардың пікірі бойынша, біршама ғалымдардың тобы, шағын зертхана және 1-2 млн АҚШ доллары көлеміндегі бюджетті қажет етеді екен [11, 6-7 б.].

Адамды клондау қылмысының объективтік жағы келесі әрекеттерді жасаудан көрініс табады:

1) адамды клондау;

2) адам эмбрионын коммерциялық, әскери немесе өнеркәсіптік мақсаттарда пайдалану;

3) жыныстық жасушаларды немесе адам эмбрионын дәл осы мақсаттарда Қазақстан Республикасынан әкету.

Дегенмен, қылмыстың жасалу мәні басқа да тұлғалармен ғылыми және медициналық қызметтер арқылы тәжірибелер жүргізу мақсатымен қылмыс жасауға бірігуі, тәжірибені жариялаусыз жүзеге асыру ерекшелігінде болып тұр. Яғни, мұндай әрекет Қылмыстық кодексте көзделген сыбайлас қатысумен жасалған әрекет деп саралануы қажет.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 27-бабы: «Екі немесе одан да көп адамның қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасауға қасақана бірлесе қатысуы қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысу деп танылады». Аталған анықтамаға сәйкес қылмысқа қатысушылардың әрекеттері объективті және субъективті жағынан да бірігулерін талап етеді.

Клондау бойынша қатысудың объективті белгілеріне келетін болсақ:

– екі және одан да көп адамның бірлесе қылмысқа қатысуы;

– әрқайсысының әрекеті өзге де қатысушылардың әрекет жасауы үшін міндетті шарты болып табылатындығы;

– қатысушылардың әрбірінің әрекеті жалпы қылмыстық нәтижемен себепті байланыста болады.

Ал адамды клондауда сыбайлас қатысудың субъективті белгісі туралы айтар болсақ, мұнда заң шығарушы тек қасақана жасалатынына ерекше көңіл аударған.

Сыбайлас қатысудың нысаны мұнда – ұйымдастырушы, айдап салушы және көмектесуші, орындаушылардың қатысуымен жасалатын күрделі қатысу (Қылмыстық кодекстің 28,29 баптары).

Аталған қылмыстың объективті жағы екі не одан да көп орындаушылардың арнайы білімдері мен дағдыларының міндетті болуымен, нақты әрекеттің ерекше сипатымен, қылмыс құрамының объективті жағының әртүрлі іс-әрекеттерін орындаудан көрінеді (ҚК-тің 28 б. 2 б.).

Адамды клондау барысында көптеген тұлғалармен (мамандармен) алға қойылған нәтижеге жету үшін және оны белсенді түрде қамтамасыз етуде ұйымдастырушы маңызды роль атқарады (ҚК-тің 28 б. 3 б.). Оның әрекетінің өзге де сыбайлас қатысушылардан ерекшелігі, қылмыс жасауға дайындық ұсынысы, өзге де тұлғаларды тартуы, қылмыстық іс-әрекетке жоспарын дайындауда белсенді қатысуы, қылмыстық әрекетке басшылық жасауы, барлық қатысушылардың әрекеттерін қадағалап отыруынан көрінеді.

Нақты қылмыстық әрекеттің жасалу барысында ол орындаушының ролін де және айдап салушының, көмектесушінің ролдерін де немесе кезек-кезек атқаруы да мүмкін. Ұйымдастырушының адамды клондау қылмысын жасау барысында тұлғаларды тартуы, қылмысқа дайындалуы және ұйымдастыруы бойынша өзге де әрекеттермен қатар жүзеге асырылады. Бұл қылмыстың жасалуында айдап салушының жеке қызметінің мәні жоқ.

Қылмыстың жасалуында қылмысқа көмектесуші ерекше роль атқарады (ҚР ҚК 28 б. 5 б.). Ол қылмыстың объективтік жағын құрайтын әрекеттерге қатыспай-ақ, алдын ала белсенді араласып кетеді. Мұнда шұғыл түрде қатысушылар үшін қажетті интеллектуалды және нақты іс-әрекет арқылы да көмек көрсетілуі мүмкін.

Интеллектуалды көмектесуге ақпараттарды ұсынуы, кеңестер мен нұсқаулар беруі (мысалы: акушерлік көмек, генетика, молекулалық биология саласында мамандардың кеңесі және т.б.), сондай-ақ қылмыс жасау құралдарын, заттарды алып келу немесе жасыру туралы алдын ала уәде

беруі жатады. Ал нақты іс-әрекет арқылы көмектесуге орындаушыға дайындық барысында құралдарды ұсыну (мысалы: ақша, лабораторлық жабдықтар, медициналық құралдар) әрекеті немесе қылмыс жасауына қарсы болатын кедергілерді жоюы (мысалы: операция жасауға және одан кейін ауруды палатаға жатқызу үшін де медицина мекемесіндегі бас дәрігердің келісімін алуы) жатады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің «Адамды клондау» 129-бабының мәтініне (нормасына) назар аударсақ, заң шығарушымен қылмыс құрамының міндетті белгісі ретінде қандай да бір зардаптар көрсетілмеген. Сондықтан, бап бойынша нақты клондау нәтижесінен тәуелсіз, адамды клондау үрдісінің жасалғаны анықталса, аяқталған қылмыс ретінде Қылмыстық кодекс бойынша жауаптылық туындайды.

Ал баптың диспозициясында көрсетілмеген өзге де материалдық зардаптар орын алса, оның ішінде суррогатты ананың өлімі немесе әртүрлі дәрежедегі ауырлықта денсаулыққа зиян келетін болса, Қылмыстық кодекстің 104-бабы «Абайсызда қазаға ұшырату» мен 114-бабы «Денсаулыққа абайсызда ауырлығы орташа не ауыр зиян келтіру» бойынша қосымша саралауды қажет етеді.

Норманың диспозициясында сыртқы дүниенің (мысалы: ар-намыс, мораль, этика және т.б.) материалды заты болып табылмайтын, қоғамдық қатынастарды бұзу нәтижесінде пайда болатын материалдық емес зардап анықталмаған.

Қылмыстық кодекстің 129-бабы репродуктивті клондау үшін қылмыстық жауаптылықты қарастырады, қылмыстық нәтижеге қол жеткізілетін кезеңнің сәті, клондалған бала өмірінің басталғаны туралы кезеңді айтуға болады. Бұл кезең бірінші дем алуынан, яғни, жаңа туған баланың өкпесі тыныс алып, бірінші дауыс шығаруынан басталады.

Егер диспозицияда көзделген қылмыстық нәтижеге жетуге бағытталған әрекет оның орын алуына алып келмесе, қылмыс аяқталған қылмыс болып танылмайды. Сондай – ақ, егер клондалған эмбрион өзінің дамуын тоқтатса, түсік тастау орын алса, қиындықтар туындаса, аборт жасауға алып келсе немесе оның босануына дейін суррогатты ана қайтыс болса, кінәлі тұлғаның әрекетін еркінен тәуелсіз ақырына дейін жеткізбегендігі бойынша, тікелей қасақана қылмыс жасауға бағытталған әрекет – адамды клондауға оқталғаны үшін жауаптылыққа тартылуы қажет (ҚР ҚК 24 б. 3 б. 129 б. 2 б.).

Егер кінәлінің әрекеті өзінің еркінен тыс ерте кезеңдерде ақырына дейін жеткізілмесе – қылмысқа сыбайлас қатысушыларды іздестіру, қылмыс жасауға сөз байласу, қылмыс құралдарын іздестіру, зертхана жабдықтарын әзірлеу немесе бейімдеп жасау және оны жасау үшін өзге де жағдайларды ойластырса – адамды клондауға дайындалу үшін жауаптылық туындайды (ҚР ҚК 24 б. 1 б. 129 б. 2,3 б.).

Адамды клондаудың объективтік жағының міндетті белгісі Қылмыстық кодекстің 129 бабының диспозициясында көзделген қылмыстық әрекетпен зардаптың арасында себепті байланыс танылады. Жасалатын әрекет қылмыстың нәтижесімен себепті байланыста болады.

Қоғамға қауіпті зардап болғанға дейін объективтік жақтың барлық әрекеттері жасалса. Мұнда белгілі бір уақыттың өтуінде үзіліс болмауы керек, сондай-ақ ол шынайы физикалық-биологиялық үрдістің дамуымен байланысты. Жүктіліктің ең аз мерзімі 28 апта немесе 196 күн өткеннен кейін өмірге баланың келуі мүмкін.

Баланың өмірге келуіне байланысты әкесін анықтауға қатысты заңдарда, «Баланың туу тегін анықтау» 47-бабының 3-бөлімінде «Бала неке (ерлі – зайыптылық) бұзылған, ол жарамсыз деп танылған кезден бастап немесе бала анасының жұбайы қайтыс болған кезден бастап 280 күн ішін-де туған жағдайда, анасының бұрынғы жұбайы баланың әкесі болып танылуы мүмкін» - делінген. [13].

Яғни, адамды клондау жолымен адам эмбрионын құру және оны суррогатты ананың жатырында имплантациялау 196 күннен 300 күнге дейінгі мерзімде баланың туылу кезеңіндегі уақыт бойынша орналастырылуы керек.

Кінәлі тұлғалардың әрекеті тек жасалған әрекет үшін ғана емес, сондай-ақ баптың диспозициясында көзделген зардапты жасау сәтінен басталуы қажет. Өйткені өзге де әрекет емес (мысалы, шынайы-биологиялық ұрықтандыру немесе ұрықтандыру), келетін зардап нақты оның нәтижесі болуы керек.

Сондай-ақ кінәлі тұлғалардың әрекеті сөзсіз қылмыстық нәтижеге әкелуі тиіс.

Объективтік жақтың қосымша белгілерінің ішінде қылмыстың жасалу тәсілі айтарлықтай маңызды. Қылмыстың жасалу тәсілі – бұл қоғамға қауіпті әрекетті жасайтын кінәлі тұлғаның қолданатын әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 129 бабында заң шығарушы қылмыстың жасалу тәсілін нақты көрсетпейді.

Дегенмен, диспозицияда көзделген «адамды клондау» деген терминнің мәні «клондау арқылы адамның пайда болуы» - бұл қылмыстың жасалу тәсілін көрсетеді. Қылмыстың жасалу тәсіліне бұрын өліп қалған кез-келген адамның (тура генетикалық түпнұсқасын) клонын жасау жатады. Бұл үшін өлген адамның хромосомасы жиынтығының тура көшірмесі қажет. Мұндай клеткалар өлген адамның денесінен алынады.

Ал қылмысты жасау құралына кінәлі тұлғалармен қолданылған құралдарды, қылмыстың жасалуына көмегі тиген материалдық заттарды жатқызуға болады (клондау үшін бұл зертханалық жабдықтар, медициналық құрал-саймандар).

Қылмыстың жасалу жағдайлары – бұл мән-жайлар, өмір сүру жағдайлары, қылмысты жасау жағдайлары. Заңмен айқын көзделген жағдайда, жағдай заңды болып табылады. Қылмыстық кодекстің 129-бабында осы қылмыстың жасалуы жағдайының тікелей немесе жанама нұсқауы көзделмеген.

Қылмыстың жасалу уақыты мен орны шын мәнінде нақты жағдайдың құрамдас бөліктері болып табылады. Алайда оларды объективті жақтың жеке-дара белгілері ретінде бөліп қарауға болады. Объективтік жақтың қосымша белгілері ретінде танылатын қылмыстың уақыты мен орнының нақты құрамда ешқандай мәні жоқ.

Аталған қылмыс субъективтік жағынан қасақаналықпен, яғни тікелей пиғылмен жасалады. Қылмыстық кодекстің 20-бабының 2-бөліміне сәйкес «егер адам өз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіпті екенін ұғынған болса, оның қоғамға қауіпті зардаптарының болу мүмкіндігін немесе болмай қоймайтынын алдын ала болжап білген болса және осы зардаптардың туындауын қалаған болса, қылмыстық құқық бұзушылық тікелей пиғылмен жасалған деп танылады».

Қылмыс жасаған (объективтік жағы) адамның кінәсі заңда көзделген әрекеттерді қасақана орындау арқылы зор пайдаға кенелетінін біліп атқарады.

Қылмыс субъектісі арнаулы тұлға, яғни, мұндай қылмыстық әрекетті кез-келген адам жасай бермейді, не қоса орындаушылар болады.

Дегенмен, жоғарыда айтылғандарды тұжырымдай келе, біз «Адамды клондау» нормасының объектісін анықтау мәселесіне және объективтік, субъективтік жағының жасалу жағдайларына, субъектісіне, оның дұрыс саралануына құқықтық талдау жасадық.

### Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 ж. 30 тамыз. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. – Алматы: ЖШС «Издательство «Норма-К», 2016. – 240 б.
3. Каиржанов Е.И. Уголовное право Республики Казахстан (общая часть): Учебник для высших учебных заведений. – Алматы: Арда, 2006. – 248 с.
4. Бекмагамбетов А.Б., Ревин В.П. Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть. Учебник. 2-ое изд., перераб. И доп. / Под ред. д.ю.н., профессора, заслуженного деятеля науки Российской Федерации Ревина В.П. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – 504 с.
5. Уголовное право Республики Казахстан: Особенная часть в 2-т.: Учебник для вузов / Отв.ред. И.И. Рогов, К.Ж. Балтабаев, А.И. Коробеев. – Алматы: Жеті Жарғы, 2016. – 500 с.
6. Уголовный кодекс Республики Молдова от 18 апреля 2002 года №985-XV(с измен. и доп. на 20.07.2017 г.)[http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30394923](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30394923)
7. Уголовный кодекс Эстонии. <http://www.crime.vl.ru/index.php?p=1332&more=1&c=1&tb=1&pb=1#more1332>
8. Уголовный кодекс Румынии. <http://ugolovnykodeks.ru/2011/11/ugolovnyj-kodeks-rumynii/61/>
9. Қоңыр А. Кісіні клондау қайда апарарды? <http://islam.kz/kk/articles/islam-jane-qogam/kisini-klondau-qaida-aparady-835/#gsc.tab=0>
10. Уголовное право Республики Казахстан. Особенная часть: Учебник. Под ред. д.ю.н., проф. И.И.

Рогова., к.ю.н., проф. С.М. Рахметова. – Алматы: Жеті жарғы, 2003. – 792 с.

11. Эйнсуорт К., Анастасвами А., Коэн Ф., Конкер Д., Грэхем-Роу Д., ЛеПэйдж М., Сэмил И. «Не сегодня, так завтра // Ломоносов» № 2/8 Февраль 2003 г. С. – 7-9.

12. Зародыш. Медицинская энциклопедия. <http://www.medical-enc.ru/8/zarodysh.shtml>.

13. Неке (ерлі – зайыптылық) және отбасы туралы. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518 – IV кодексі. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518>

### Резюме

Учитывая модернизацию законодательного регулирования и нормы уголовного права в свете развития правовых институтов в казахстанском обществе сегодня, эксперты подчеркивают необходимость дальнейшего совершенствования основ этой области.

Автор этой статьи сосредоточен на совершенствовании регулирования уголовного правосудия в отношении компонента преступности. Руководствуясь положениями Конституции Республики Казахстан, защита прав и свобод человека и гражданина является одним из основных факторов эффективной правовой политики. Эффективное решение проблем, указанных в этой статье, фокусируется на создании благоприятных условий для законодателей путем дальнейшего совершенствования уголовного законодательства, правильного определения места преступления, объективной стороны компонента преступления, правильного искажения преступлений, совершенных в незаконченных уголовных и уголовных преступлениях.

Основываясь на накопленном юридическом анализе в области уголовного права и теоретических взглядах предыдущих лет, судебных органах, должностных лицах правоохранительных органов и правоохранительных органах, которые могут быть юридическим руководством для студентов юридических факультетов в области политики и практики в области уголовного правосудия были разработаны рекомендации.

### Summary

Considering the modernization of legislative regulation and the rule of criminal law in the light of the development of legal institutions in Kazakhstan society today, the experts emphasize the need for further improvement of the foundations of this sphere.

The author of this article focuses on the improvement of the criminal justice regulation of the crime component. Guided by the provisions of the Constitution of the Republic of Kazakhstan, protection of human and citizen's rights and freedoms is one of the main factors in the effective legal policy. The effective solution of the issues highlighted in this article focuses on the creation of favorable conditions for law-makers through further improvement of criminal legislation, the correct definition of the crime scene, the objective side of the crime component, the correct misstatement of crimes committed in unfinished criminal and criminal offenses.

Based on the accumulated legal analysis in the field of criminal law and the theoretical viewpoints of previous years, judicial authorities, law enforcement officials and law enforcement personnel, who can be a legal guide for the law students in the field of criminal law enforcement policy and practice recommendations were developed.



ӘОЖ 339.5/9:658

**М.К. Жамкеева, PhD, Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу жөніндегі орталықтың ғылыми кеңесшісі**  
Нұр-Сұлтан қ.

**Р.Д. Берназарова, магистр, аға оқытушы**  
ҚазАҚХСУ

## СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ БОЙЫНША КЕДЕНДІК ТӨЛЕМДЕРДІҢ КӨРСЕТКІШТЕРІН ТАЛДАУ

*Мақалада мемлекеттік бюджетке түсетін кедендік төлемдері мен салықтарының теориялық аспектілері мен есептелу әдістері көрсетілген, сонымен қатар мемлекеттік бюджетке түсетін кедендік төлемдердің үлесі талданды.*



*Кілт сөздер: фискалдық функция, фискалдық төлем, кедендік төлем, кедендік салықтар, сыртқы экономикалық қызмет*

Мемлекеттік бюджетке келесідей кедендік төлемдер мен салықтар келіп түседі:

- Қазақстан Республикасының кедендік заңнамасына сәйкес есептелетін және төлеуге жататын кедендік төлемдер;
- Қазақстан Республикасының салықтық заңнамасына сәйкес алынатын акциздер, қосымша құн салығы;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен уақытша шаралар ретінде енгізілгендерді қоспағанда, демпингке қарсы, қорғаныштық және өтемдік баждар.

Мемлекеттің қазынасын қалыптастыратын кедендік органдармен алынатын кедендік төлемдер екі негізгі функцияны атқарады – фискалдық және реттеуші. Фискалдық функция ақшалай қорларды қалыптастырумен байланысты болса, реттеуші функциясы мемлекеттің кедендік-тарифтік реттеу мен салық механизмі арқылы халықаралық тауарды жандандыруға, инвестициялық ресурстарды тартуға, ұлттық нарықты қорғауға, отандық тауар өндірісінің бәсекеге қабілеттілігіне әсер етуіне ықпал етеді.

А.Н. Козыриннің айтуынша, кедендік баж бен басқа да кедендік төлемдерді өндіріп алу негізі мемлекет қызметін материалды қамтамасыз ету үшін қаржылық ресурстарды мобилизациялау болып табылады [1,12 б].

Жан-жақты кедендік-құқықтық реттеу салықтық-құқықтық реттеумен толықтырылуы мемлекеттік бюджетке кедендік төлем кірісінің түсу тиімділігін қамтамасыз етіп ғана қоймай, азаматтардың өмір сүру деңгейінің жақсаруына, өндіріс пен тұтынудың дамуын да ынталандырады.

Мемлекеттің сыртқы экономикадан түсетін кірісінің көп үлесін фискалдық кіріс алады.

С.В. Чернышевтың айтуынша, фискалдық төлем -қоғамдық көзқарасты қанағаттандыру мақсатында мемлекет арқылы жеке тұлға меншігінде не мемлекеттік заңды тұлғалардан ақша қаражатын өндіріп алу [2, 8 б].

Фискалдық төлемдер фискалдық кіріс құрамына кіреді. Одан шығатын нәтиже, қоғамдық көзқарасты қанағаттандыру мақсатында кедендік органдардың мемлекет бюджетіне жіберілетін қаржылық ресурстарын кедендік фискалдық кіріс деп тану қажет.

Кедендік төлемдер мемлекеттік бюджеттің фискалды табысы болып табылғандықтан басқа да мақсаттарға пайдаланылмайды. Берілген фактор кедендік төлемдер басқа да міндетті төлемдер секілді мемлекет қызметі мен өмір сүруіне қажетті экономикалық негіз екендігін дәлелдейді.

Т.Н. Трошкинаның айтуынша, кедендік төлемдер, салықтар және кедендік баждар өз бетімен міндетті жарналарды білдіреді, мемлекеттің жеке салықтық және салықтық емес кірісіне жатып, мемлекеттің міндеттеу күшімен қорғалады. Нәтижесінде міндетті төлемдердің бөлінбейтін бөлігіне айналып, оны пайдалану кедендік шекара арқылы тауар мен транспорттық құралдарды нақты орналастырумен негізделеді [3].

Кедендік төлемдер мен салықтарды төлеушілер Қазақстан Республикасының салықтық және кедендік заңнамасында белгіленген мерзімдерде мемлекеттік бюджетке төлейді.

Кедендік төлемдер мен салықтарды төлеу Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі кедендік төлем мен салықтың түріне сәйкес жыл сайын бекітетін Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік жіктеменің сәйкес коды бойынша жүргізіледі.


Кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуді төлеушілер Ұлттық Банкінің лицензиясы бар, банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдар арқылы жүргізеді. Кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуге арналған төлем құжаттарында төлеушілер кеден органы тіркелген орын бойынша орналасқан салық органының деректемелерін көрсетеді.

Төлеушінің кедендік төлемдер мен салықтар бойынша алдағы міндеттемелер есебінен кедендік төлемдер мен салықтарды аванспен енгізуге құқығы бар. Кедендік төлемдер мен салықтарды олардың түрлері бойынша аванспен енгізу бюджеттік жіктеме кодтары бойынша жүргізіледі.

Кедендік төлемдер мен салықтарды, оның ішінде аванспен енгізілгендерін есептеуді төлеуші Қазақстан Республикасының салықтық және кедендік заңнамасына сәйкес жүргізеді.

Болжамды кезеңге кедендік төлем мен салықтарды есептеудің макроэкономикалық көрсеткіштердің қайнар көзі болып ҚР Үкіметімен бекітілген сәйкес кезеңге әлеуметтік-экономикалық жоспар параметрлері табылады. Бүгінгі таңда кедендік төлемдер мемлекеттік бюджетті қалыптастыруда негізгі қайнар көз болып табылады.

Кедендік төлем мен салықтардың түсімін болжау әдістемесі келесілерге негізделу керек (сурет 1):



1-сурет. Кедендік төлем мен салықтардың түсімін болжау әдістемесі \*

\* Сурет авторлармен құрастырылған

Аумақтардағы кедендік төлемнің болжамды бағамын құрастыруда аналогиялық көрсеткіш ретінде облыстардың әлеуметтік-экономикалық дамуы табылады:

1. Импортталатын тауарларға ҚҚС, акциз және кеден баждарының болжамды көлемін анықтау жолы:

Импортталатын тауарларға ҚҚС, акциз және кеден баждарының түсімін болжағанда салық салынатын база ретінде «Еркін айналым үшін тауарларды шығару» кедендік режимінде рәсімделген импорттың көлемін алу керек.

Берілген бюджеттік сыныптама түрі бойынша түсім көлемін болжауды есептеу келесі формуламен анықталады (1):

$$E = K \times I, \quad (1)$$

мұндағы  $K$  – алып қою коэффициенті (алдыңғы жыл үшін әр салық пен төлемнің импорт көлеміне қатынасы);

$I$  – республиканың (облыстың) әлеуметтік-экономикалық индикативтік жоспары бойынша болжамды импорт көлемі.

2. Кедендік бақылау мен процедураларды жүзеге асырудан болжамды түсім көлемін анықтау жолы:

Кедендік бақылау мен процедураларды жүзеге асырудан болжамды түсім көлемін болжағанда салық базасы ретінде сыртқы сауда айналымы көлемін алу қажет.

Берілген бюджеттік сыныптама түрі бойынша түсімнің болжамды көлемін есептеу келесі формуламен анықталады (2):

$$E = Kx (V - Vts), \quad (2)$$

мұндағы  $K$  – алып қою коэффициенті (алдыңғы жыл бойынша кедендік баждың сыртқы сауда айналымына қатынасы);

$V$  – республиканың (облыстың) әлеуметтік-экономикалық даму жоспары бойынша сыртқы сауда айналымының көлемі;

$Vts$  – саудада кедендік баж алынбайтын Кедендік Одақ қатысушы елдер бойынша сыртқы сауда көлемі.

3. Экспорттық баж түсімінің болжамды көлемін анықтау

Экспорттық баждардың болжамды түсімін анықтаған кезде салық салынатын база ретінде ұйымдастырылмаған сауданы қоспағандағы экспорт көлемін алуға болады.

Берілген бюджеттік сыныптама бойынша болжамды түсімді есептеу келесі формуламен анықталады (3):

$$E = K \times Eб, \quad (3)$$

мұндағы  $K$  – алып қою коэффициенті (алдыңғы жыл үшін экспорт көлеміне экспорттық баждардың қатынасы);

$E$  – республиканың (облыстың) әлеуметтік-экономикалық даму жоспары бойынша экспорт көлемі;

4. ТМД елдері және басқа елдер бойынша экспорт және еркін айналым режимі бойынша ҚР кедендік шекарада орналастырылатын тауарларға салық салудың шартты деңгейін есептеу жолы

Салық салудың шартты деңгейі деп (кедендік баж + акциз + ҚҚС) жақша ішінде көрсетілген салықтар бойынша жеке және бірыңғай салық салынатын базаға келтірілген кедендік төлемдердің жиынтығын түсінуге болады [4].

Берілген әдістеме ақшалай қатынаста нақты орын ауыстыратын тауарлар мен өндіруші елдер бойынша салмақтарының номенклатурасын есепке ала отырып, тауар айналымына түсетін төлемдердің жинақталу деңгейін талдауға мүмкіндік беретін құрал болып табылады.

Кедендік төлем мен салықтардың түсімін одан да нақты болжамы үшін мемлекеттік бюджетке негізгі кедендік төлем мен салық түсімін әкелетін СЭҚ қатысушыларының сыртқы экономикалық қызметі бақылау қажет болады, бұл жағдайда басты назарда республикалық мониторингтегі кәсіп-орындар болу керек.

**Кесте 1. 2014-2018 жж. арналған мемлекеттік бюджет кірістері жиыны бойынша кедендік төлемдер мен салықтар көрсеткіштерін талдау, мың теңге**

Көрсеткіштер	31.12.2014	31.12.2015	31.12.2016	31.12.2017	31.12.2018
Мемлекеттік бюджет жиыны	4 408 407 165	3 685 600 141	3 903 929 089	5 415 049 510	4 889 139 643
Кедендік төлемдер мен салықтар	850 679 651	521 575 702	722 495 969	1 305 058 406	1 146 959 406
өткен жылға, %	147,83	61,31	138,52	180,63	90,28
Кедендік төлемдер мен салықтардың МБ-дағы үлесі (%)	19,3	14,1	18,5	24,1	87,8
2013 жылмен салыстырғанда сыртқы сауда айналымы өсімі (%)	53,4%	150,2	80,6	-	50,4

Бұл жағдайда СЭҚ қатысушысы бойынша кедендік төлем мен салық түсімінің экспорттық (импорттық) позициясына әлемдік бағалардың талдауын әрдайым жүргізіп отыру қажет.

Жоғарыда көрсетілген формула арқылы есептелген 2014-2018 ж.ж. арналған мемлекеттік бюджетте кедендік төлемдер мен салықтар бойынша атқарылуы кестеде бейнеленген (кесте 1). Мемлекет бюджет туралы жалпы мәлімет.

Талдау барысы көрсеткендей, 2014 жылмен салыстырғанда 2018 жылы кедендік төлемдер мен салықтар көлемі 2 есеге дерлік артқан. Бұған себеп ретінде сыртқы сауда айналымы көлемінің жоғарлауы мен еліміздің Кедендік Одақ құрамына мүше болғандығының үлесі деп атап көрсетуге болады. Кедендік төлемдердің мемлекеттік бюджет құрамындағы үлесі соңғы бес жылда өсу динамикасын көрсетеді, яғни 2014 жылы 19,3%, 2015 жылы 14,1%, 2016 жылы 18,5%, 2017 жылы 24,1%, 2018 жылы- 87,8%-ға тең болған.

ҚР Кеден Одағы елдерімен сауда айналымы бойынша кедендік төлемдер мен салықтар түсімі 2017 жылмен салыстырғанда 2018 жылдың бірінші тоқсанындағы салықтық түсімдер, мұнайға экспорттық кедендік бажды, кедендік әкелу баждарын бөлу тетігін, Ресей Федерациясынан импортталатын тауарларға қосылған құн салығын есептегенде, яғни, салыстырмалы жағдайларда 59,1 млрд. теңгеге ұлғайды. 2017 жылғы 1-тоқсанда атқарылу 19%-ды құрай отырып, жылдық бюджетке қарағанда атқарылуы 24%-ды құрады.

Кеден одағы елдерінің кедендік баждарды бөлу тетігінің әсері 2017 жылдың бірінші тоқсанымен салыстырғанда қосымша 33,7 млрд. теңгенің түсуін және 122,6 млрд. теңге – мұнайға экспорттық кедендік баждың енгізілуін қамтамасыз етті. Сонымен бірге жылдың басынан бастап 41,5 млрд. теңгеге ұлғайған және есепті кезеңге 183,6 млрд. теңгеге жеткен жалған кәсіпорындар бойынша бересінің өсуі себебінен салық пен төлемдер бойынша 2018 жылғы 1 сәуірге қалыптасқан бересі де өсті және 251,0 млрд. теңгені құрады [5].

Мемлекеттің қызметін қамтамасыз ету, экономикалық, саяси, әлеуметтік мәселелерін шешу шикізат ретіндегі тауарлардың нарықтық құрылымынан, мемлекеттің кедендік-тарифтік реттеуіне байланысты болады.

Кедендік қызметке мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігін толтыру міндеті болғандықтан, кедендік органның даму кезеңін және сыртқы экономикалық қызмет қатысушылар қызметін бақылауды баяулатады.

Мемлекеттік бюджетке түсетін салықтық және салықтық емес түсімдер ретінде түсетін кедендік төлемдерді болжау мемлекет көлемінде және жүйе ішінде жоспарлауды жүзеге асыруға қажетті негіз болып табылады.

Әлемдік қаржылық-экономикалық дағдарыс Қазақстанның сыртқы саудасындағы жағдайға өз әсерін бере отырып, мемлекеттік бюджетті СЭҚ кірісі тарапынан қалыптастыру негізгі мәселеге айнала бастады.

Бюджеттік жоспарлау тарапынан мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігінің қайнар көзін анықтау және оның көлемін болжау мемлекеттің басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Мемлекеттің өз азаматтарына лайықты өмір сүру жағдайын қамтамасыз ету үшін қажетті қаржылық жағдай керек, яғни кірістер елдік экономикалық дамуына, ұлттың әлеуметтік қамтамасыз етілуіне бағытталу керек.

СЭҚ кедендік-тарифтік реттеудің негізгі міндеттері болып өндірілетін өнімнің бәсекеге қабілеттілігін сыртқы және ішкі нарықтарда арттыру, әлемдік өзгерістерге интенсивті қатысу болып табылады. ҚР экономикасының қаржылық-экономикалық дағдарыс жағдайында сыртқы саудаға тәуелділігі СЭҚ кедендік реттеудің жаңа әдістерін өңдеуді міндеттейді; ең алдымен отандық тауар өндірушілердің қатынасында қорғау шаралар ролін арттыру, экономиканың әлемдік нарыққа үйренуі. Кедендік төлемдерді талдау барысы көрсетіп отырғандай, болашақта да бұндай төлемдер мемлекеттік бюджеттің кірісі ретінде өз маңыздылығын жоғалтпайтыны көрінді. Керісінше, мемлекет кедендік салаға табыс көлемін көбейтуге жауаптылықты арттырып келеді.

### Әдебиеттер

1. Козырин А.Н. Правовое регулирование таможенно-тарифного механизма. – М., 2004. – 268 с.
2. Чернышев С.В. Механизм регулирования международной торговли: нормы и правила ГАТТ-М., 2006. – 249 с.
3. Внешнеэкономические отношения и международные правила торговли// <http://www.economy.gov.ru/>.
4. Козырин А.Н. Таможенная пошлина. – М., 2006. – 124 с.
5. ҚР ТМД елдерімен сауда айналымы көрсеткіштері //Қазақстан Республикасындағы бөлшек және көтерме саудасының статистикалық жинағы, 31 наурыз, 2018.

## Резюме

В статье рассмотрены теоретические основы таможенных платежей и налогов, подлежащих уплате в государственный бюджет. Предоставлена методика расчета таможенных платежей и налогов при экспортно-импортных операциях. Проведен анализ поступления таможенных платежей и налогов в государственный бюджет за период 2014-2018 годы, а так же показана доля платежей и налогов. В результате проведенного анализа предложено усовершенствование системы взимания таможенных платежей и налогов, поступающих в государственный бюджет Республики Казахстан.

## Summary

In article theoretical basics of customs payments and the taxes which are subject to payment in the state budget are covered. The technique of calculation of customs payments and taxes is provided at export-import transactions. The analysis of receipt of customs payments and taxes is carried out to the state budget during 2014-2018 and as the share of payments and taxes is shown. As a result of the carried-out analysis it is offered usovershenstovany systems of collection of customs payments and the taxes arriving in the state budget of the Republic of Kazakhstan.



ӘОЖ 382(574)

**Н.А. Саулебек**, заң ғ.к., аға оқытушы  
ҚазЭҚХСУ

### КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МҮДДЕЛЕРДІ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУДА МЕМЛЕКЕТТІК КІРІС ОРГАНДАРЫНЫҢ МӘРТЕБЕСІ

*Бұл мақалада Кеден одағында азаматтардың экономикалық мүдделерін және Қазақстан Республикасы халықтарының сауда-экономикалық қатынастарын құқықтық қорғаудың конституциялық негіздері баяндалған. Мақалада Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауарларды тасымалдау жүзеге асырылды және кеден қызметінің мәртебесі туралы жазылған. Кеден Одағымен сауда-экономикалық қатынастар барысындағы кеден органдарының қызметі, отандық заңнама мен тәжірибені енгізу және пайдалану ғылыми тұрғыдан қаралады. Бұл мақала жоғары оқу орындарына, оның ішінде жоғарыда аталған мәселелерге қызығушылық танытқан заңгерлерге және жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған.*

**Кілт сөздер:** кеден, кедендік рәсім Кеден одағы, Кеден кодексі, Кеден брокері, Еуразиялық экономикалық одақ, Кеден өкілі

Адамзат тарихында ұлттық мүдде туралы мәселенің анықталмаған жағдайда қалуына байланысты мысалдар аз емес. Осындай қалді ТМД-ның бұрынғы кеңес одағы республикалары ғана емес, сонымен бірге транзитті жағдайда тұрған барлық елдер де бастан кешуде. «Ұлттық мүдде» санаты әлемнің барлық мемлекеттерінің қазіргі заманғы саяси және ғылыми салаларға мықтап енді. Дамуының дәрежесі мен сипатына қарамастан кез келген елдің белгілі бір баса назар аударатын ұлттық мүдделері бар. Олардың қатарына экономикалық мүдде кіретіні даусыз.

Тәуелсіздік жылдарында қоғам да, мемлекет те Қазақстанның ұлттық мүдделерін аса маңызды әлеуметтік құндылықтар ретінде түсінуге және тануға мүмкіндік алды. Олардың мақсаттары туралы нақты мағлұмат алмайынша, тарихи тағдырды түсінбейінше, өзіндік ерекшелікті және дербестікті, еуразиялық өркениетті сақтау мейлінше қиын осы кезеңде ерекше маңыздылығын түсіну мүмкін емес.

Мемлекеттік-ұлттық мақсаттары нақты айқындалмаған халықтың болашағы жоспарсыз, шашыраңқы болуы мүмкін. Сондықтан оған жат әлеуметтік-саяси құрылым күштеп таңылуы мүмкін. Тарихи тәжірибе көрсетіп отырғандай, нақты проблемаларды боямалау, мүмкін боларлық қателер-

дің алдын алу, мемлекет ішінде қауіпсіздікті нығайту жөніндегі қажетті шараларды қолдану мен өткізуге кері әсерін тигізуі мүмкін.

Адам және қоғам мүддесіне байланысты мәселелерге көптеген зерттеулер арналған [4], мұның өзі, бір жағынан, «мүдде» түсінігінің әлеуметтік құбылыстарды тануда, адамдардың мінез-құлқының терең себептерін ашуда ерекше маңыздылығымен айқындалады, екінші жағынан осы категорияның қоғамдық ғылымдарда жеткілікті зерттелмегендігімен түсіндіріледі.

Қажеттілік, тұлғаның мүдделері әлеуметтік мемлекеттің мәнін зерттеуде басты буындардың бірі болып табылады. Өйткені құқықтық мемлекет өз нормаларында тұлғаның өмірдегі әлеуметтік мүдделерін сол қалпында білдіруі тиіс. Осы категориялар әлеуметтік әрекеттердің тікелей себептерін ашуы үшін жасалған, соның нәтижесінде қоғамдық өмірдің түрлі саласында өзгерістер мен толықтырулар болып тұрады [5, 6].

Мәселен, П. Гольбах үшін мүдде – адам қылықтарының оятушы күш, ол мүддені әрбір адам өзінің бақытымен байланыстыратын объект деп атайды [6, 311].

Мүдде теориясын дамытуда И.Кант маңызды роль атқарды, ол осы проблеманы практикалық ақылмен байланыстыра отырып, қорытынды жасады. Кант «мүдде дегеніміз соның арқасында ақылдың практикалық болуы, яғни жігерді анықтайтын себеп болып шығады» деп есептейді. Сондықтан саналы тұлға туралы ғана ол қандай бір нәрсеге өз мүддесін білдіреді; санасыз тірі жандарда тек қана сезімнің оянуы болады [7, 134]. Адам сезімдік ықыластан жоғары бола алатындығын көрсете келе ол адамдар өз қылықтарында алдымен адамгершілік мүдделерін, парызының мүдделерін басшылыққа алатындығын атап көрсетеді.

Саяси билік, егер халықтың басым көпшілігі түсінетін және қабылдаған мемлекеттік, ұлттық, экономикалық мүдделер мен мақсаттар жүйесіне сүйенбесе, өз беделін бекіте алмайды. Жалпы-ұлттық мүдделер мен құндылықтарға сүйенген мемлекеттік билік қызметінің құлдырауы мен халықтың әлеуметтік жағдайының құлдырауын тоқтатып, сыбайлас жемқорлық пен ұйымдасқан қылмыспен күресуде өз жетістігін бере отырып, қоғамның тұрақты дамуына үлесін қосады. Ұлттық мүдделер мен оларды жүзеге асырудың механизмін түсіну үшін екі негізгі принципті тәсілді ескеру қажет.

Кейбір авторлардың пікірінше «ұлттық» деген ұғым ескірді. Біз болашақта ұлттық мемлекет үрдісін ұстанатын боламыз. Ұлт этностардың олардың барлық тілдік, діни, мәдени және т.б. сәйкессіздіктерімен бірге саяси бірігуінің салдарынан құрылады. Ұлттық мемлекет туралы айтқанда, біз халықаралық қатынастардың нақты факторын есептейміз. Әрбір ұлттық мемлекет өзінің ұлттық саясатын жүргізеді. Өз кезегінде кез-келген мемлекеттің ұлттық саясатының негізінде мемлекет қызметінің басты бағыты ретінде ұлттық мүдде идеясы жатады [8, 57-58]. Қазіргі ғалымдар мен тәжірибелі саясаткерлер ұлттық мүддені ғылыми зерттеу мен талдауға болатын объективті түрде дәуірлеп тұрған құбылыс ретінде қарайды.

Ұлттық мүдде негізінен үш негізгі қызметті атқарады:

– мемлекет басшылығының сыртқы саяси және ішкі саяси шешімдер қабылдауына негіз ретінде қызмет етеді және елдің территориялық тұтастығына қауіп келтіретін радикалдық, сепаратистік күштерге қатысты қызмет;

– үкімет ұлттық мүддеге жүгіне отыра, сенімді түрде халыққа сыртқы саясаттың мақсаты мен міндеттерін түсіндіретін қызметтер;

– ұлттық мүдде елдің қоғамдық пікірі алдында сан қырлы сыртқы саяси қызметтерді ақтау үшін пайдаланылады.

Мемлекеттік мүдде мен қоғамдық мүдде ұлттық мүддеге байланысты себептермен ұштасып жатады. Егер қоғамдық мүддені билік басындағылар мемлекеттік басқару тіліне көшірсе, онда сәйкестендірілуі мүмкін. Қоғамдық мүдде, ұлттық мүддеге қарағанда ұсағырақ, күнделікті проблемаларды қамтиды. Мұнда елдің ішкі саяси мәселелері туралы болса, қоғамдық және ұлттық проблемалар арасындағы айырмашылықты айыру қиын болып келеді. [9, 34].

Өзі үшін ұлттық мүдделерін анықтап алып, ұлт өзінің саяси жетекшілеріне ішкі саясатта таңдап алынған бағытпен жүруді сеніп тапсырады. Сөйтіп, ұлттық мүдде әлеуметтік тұрақтылықтың реттеушісі, сондай-ақ ұлттың бірлігінің, мемлекеттің, қоғамның, жеке тұлғаның қауіпсізді-

гінің, аумағының тұтастығының реттеушісі сияқты болады. Қоғам мен елдің саяси жетекшілерінің өзара іс-әрекеті тығыз болған сайын жеке тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің, яғни ұлттың өмірлік маңызды мүдделері ішкі және сыртқы қатерлерден дәйекті түрде қорғалады.

«Ұлттық мүдделер» ұғымы ұлттық қауіпсіздікті немесе оны іс жүзінде қамтамасыз ету жөніндегі қызметті зерттеу проблемаларына қатысты жалпы, сондай-ақ жеке мәселелерді қарау кезінде өте жиі пайдаланылады. Бұл ретте ұлттық қауіпсіздіктің көптеген анықтамалары осы ұғымды пайдалану арқылы беріледі. Оның үстіне, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің зерттеушілік және практикалық әралуан аспектілерін жария ету көп ретте «ұлттық мүдделер» ұғымының аясында жүргізіледі.

Әдетте, ұлттық қауіпсіздік үрдісін жасау схемасы әдістемелік жағынан бірнеше (тізбектес) операцияларды жүзеге асыруды көздейді: әуелі ұлттық мүдделер, сонан кейін – осы мүдделерге нақты және әлеуетті қатерлер анықталып, осыдан кейін ғана қатерлерді болдырмау немесе бейтараптандыру, яғни ұлттық қауіпсіздік саясаты қалыптастырылады [10, 149]. Сонымен, ұлттық мүдделерді анықтау тек теориялық - әдістемелік маңызға ғана ие емес, сондай-ақ маңызды практикалық роль атқарады.

Тұтастай алғанда ұлттық мүдделерді қорғау қажеттілігі, әдетте, іс жүзінде әлемнің барлық мемлекеттерінің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету негізінде жатыр. Осы екі ұғымның мұндай даусыз өзара байланысы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету проблемаларына да өзінше бір «ескертушілік» көзқарасты туындатты. Қауіпсіздіктің мәнін анықтаудағы мұндай көзқарас қазақстандық саяси әдебиетте де басым екендігін атап кеткен жөн. Аталмыш жағдайда барынша еске алынатын анықтама «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында берілген, сондықтан ол негізгі болып табылады. Бұл Заң Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі – елдің ұлттық мүдделерінің нақты және әлеуметті қауіптерден қорғалу жағдайы дегенді айтады [11]. Қаралып отырған анықтамада қауіпсіздік ұлттық мүдделерді қорғаумен шендестіріліп, іс жүзінде толығымен сол ұғыммен «түйінделеді». Қауіпсіздікті қамтамасыз ету, содан өрбитін ел мүдделерін қорғау мақсаттары нақтыланбайды. Заңның кіріспесінде «ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету» Қазақстан Республикасының тәуелсіз, егемен мемлекет ретінде дамуының басты шарты болып табылады деп қана көрсетілген.

Біздің ойымызша ұлттық қауіпсіздік пен ұлттық мүдденің қатынасы туралы қазақстандық заңнаманың қағидаларының мазмұндық мардымсыздығы кездейсоқ емес. Ол «ұлттық мүдде» және оған байланысты проблемалар түсінігінің жеткіліксіз деңгейде зерттелуінде.

Біздің жағдайда «ұлттық мүдде» түсінігі үшін кеңірек жақын түсінік тауып, оны осы түсінікке келтіру және оның түрлік белгілерін анықтау қажет. Мұндай норма Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңының 1-бабында бекітілген. Онда «Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделері» Қазақстан Республикасының саяси, экономикалық, әлеуметтік және басқа қажеттіліктерінің жиынтығы болып табылатындығы атап көрсетілген, оларды жүзеге асыру мемлекеттің адам мен азаматтың конституциялық құқықтарын, қазақстандық қоғам құндылықтарын, негіз қалайтын мемлекеттік институттарды қорғауды қамтамасыз етуге байланысты.

Жоғарыда мазмұндалғандарға қарап біз «ұлттық мүдде» түсінігіне мынадай анықтама бергіміз келеді. Ұлттық мүдде – бұл мемлекеттік саясат субъектілері сезінетін елдің қауіпсіз өмір сүруі, тиімді қызмет етуі мен дамуын қамтамасыз ету үшін міндетті түрде қанағаттандыруға және қорғалуға жататын халық қажеттігі. Міне, осы көзқарас арқылы мемлекет саясатының мәні, мақсаты мен мазмұны, көптеген түрлі фактілерді, мәлімдемелерді, декларацияларды, бағдарламаларды, сондай-ақ жүргізілетін барлық нақты экономикалық, саяси және басқа шараларды талдаудың қажеттілігін көрсетеді.

Бірінші кезекте қажеттіліктерді түсініп, ұлттық мүдденің мәнісін анықтағаннан кейін оларды жіктеу жүргізіледі. Ол маңызы бойынша, ауқымы бойынша, әрекет ету мерзімі бойынша, қоғамдық өмірде көріну салалары бойынша түрлі негіздерде құрылуы мүмкін.

Маңызы бойынша ұлттық мүдде өмірлік маңызды, маңызды және жай мүдде болып бөліне алады [12, 87]. Мұнда өмірлік маңызды мүдделер саласына, әдетте, елдің мемлекеттік егемендігі

мен тәуелсіздігін, шекараның аумақтық тұтастығы мен тұрақтылығы, конституциялық институттарының бұлжымастығы және т.б. кіреді. Маңызды мүдделер тізбесіне адам құқығын сақтау, елдің тыныштығы мен дамуы, қоғамдық қауіпсіздікті, ұлтаралық тұрақтылықты сақтау және т.б. жатқызуға болады. Жай мүдделерге, әдетте, екінші дәрежелі мүдделерді, мәселен экологиялық, рухани-мәдени және басқа осы сияқты қауіпсіздік түрлерін жатқызады.

Өзінің ауқымы бойынша ұлттық мүдделер, әдетте іргелі, стратегиялық және тактикалық мүдделерге бөлінеді.

Тиісінше мүдделердің әрекет ету ұзақтығы бойынша әдетте ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді мүдделерді бөліп қарайды. Ұлттық мүдде қоғамдық өмірде көрініс беруі бойынша мүдделердің нақты түрі бойынша: экономикалық, саяси, әскери, әлеуметтік және т.б. болып жіктеледі. Бұл жерде ұлттық мүдделерді осылай жіктеу міндетті екенін атап өтуге болады, өйткені кері жағдайда ұлттық мүдделерді анықтаудың процедурасы қоғамның барлық проблемаларын жай тізбектеуге айналып кетуі мүмкін.

Сонымен, елдің ұлттық мүдделерін қорғау Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде өзекті және байланыстырушы жағдай болып табылады. Аталмыш жағдаяттарды ескере отырып, Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету проблемаларын зерттеу кезінде оның ұлттық мүдделерін қорғау тұрғысында ұлттық мүдделер – еліміздің қажеттіліктерін мемлекеттің негіздеуін көрсететін қауіпсіздік саясатының категориясы дейтін қағидаға сүйену мақсатқа сай келеді. Бұл ретте Қазақстанның ұлттық мүдделері елдің жалпы және саяси ерекшеліктерінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастар жүйесіндегі орны мен рөлінен туындайды.

Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін қорғауда кеден органдары да өз үлесін қосуда.

Кеден органдарының қызметі мен оны ұйымдастыру тәртібін, кедендік бақылаудың тетіктері мен тәртібін, товарлар мен көлік құралдарының Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан өту тәртібін белгілейді.

Қазақстанның кеден органдары ішкі, сыртқы және аралас деп бөлуге болатын міндеттерді жүзеге асырады [13, 32 б.]:

- 1) Қазақстан Республикасында кеден саясатын әзірлеуге және іске асыруға қатысу;
- 2) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының егемендігі мен экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 3) орындалуын бақылау кеден органдарына жүктелген Қазақстан Республикасының кеден және өзге де заңдарының сақталуын қамтамасыз ету;
- 4) Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарына қатысты Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тарифтік және тарифтік емес реттеу шараларының сақталуын қамтамасыз ету;
- 5) сыртқы экономикалық және кеден ісі саласындағы өзге де қызметке қатысушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау;
- 6) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кеден ісі саласындағы құқық бұзушылыққа қарсы күресу;
- 7) кедендік ресімдеу мен кедендік бақылауды жүзеге асыру және жетілдіру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы тауар айналымын жеделдетуге жәрдемдесетін жағдайлар жасау;
- 8) өз құзыреті шегінде валюталық бақылауды жүзеге асыру;
- 9) Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының кеден ісі саласындағы халықаралық шарттарын әзірлеуге қатысу; шет мемлекеттердің кеден және өзге де құзыретті органдарымен, халықаралық ұйымдармен, кеден ісі мәселелері бойынша ынтымақтастықты жүзеге асыру [14, с. 11-12];
- 10) бірыңғай бюджет саясатын іске асыруға, кеден органдарының материалдық-техникалық және әлеуметтік базасын дамытуға қатысу;
- 11) өз құзыреті шегінде ұлттық қауіпсіздікті қорғау, адамның өмірі мен денсаулығын қорғау,



қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды қамтамасыз ету;

12) Қазақстан Республикасының мемлекеттік (кедендік) шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізу пунктерінде радиациялық бақылау жүргізу;

13) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге де міндеттерді орындау болып табылады.

Кедендік органдар алдында тұрған міндеттерді тізбелеуден біз кеден органдарының ҚР экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі ролін қарастыру мәселесіне көшеміз. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «қазіргі әлемдегі халықаралық экономикалық қатынастарды дамыту Қазақстанды кеден саласының, кедендік мекемелердің ролін нығайту және мемлекеттің кеден ісі саласындағы халықаралық әріптестігін жетілдіру жолымен экономиканы қорғаудың объективті қажеттілігіне алып келеді» [15] деп ерекше атап көрсеткен болатын.

Ішкі нарықты, оның ішінде тұтынушылар мүдделерін қорғау аспектілері кеден органдарының алдында тұрған маңызды мәселелер болып табылады. Кеден органдары жүзеге асыратын қорғау шаралары қатарында Қазақстан аумағындағы ішкі нарыққа отандық тауар өндірушілерге үлкен залал әкелетін көлемде жеткізілетін тауарға баж салығы мен үлестер белгілеу түрінде әкімшілік-экономикалық ықпал ету шаралары бар [16].

Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін кеден органдарына Қазақстан Республикасының кеден шекарасынан өткізілетін барлық тауарлар мен көлік құралдары кедендік бақылауға жататыны туралы ереже негізгі болып табылады.

Қазақстанның егемендігі, атап айтқанда экономикалық егемендігі мен қауіпсіздігі, өзінің ұлттық экономикасын басқа мемлекеттер мен олардың экономикалық қызметінің араласуынан қорғауды талап етеді.

Қазақстанның кеден заңнамасы бойынша экономикалық қауіпсіздік бағытын мыналармен байланыстырады [17, 45]:

– экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және Қазақстанды әлемдік экономикалық жүйеден экономикалық оқшаулауға жол бермеу;

– ел экономикасының ресурстық-экономикалық негізін сақтау және нығайту;

– геосаяси ортада туындайтын кері факторлардың болуы мүмкін әсеріне байланысты мемлекет экономикасының әлсіздік деңгейін барынша азайту;

– отандық және халықаралық қаржы институттарымен өзара тиімді әріптестікті, отандық экономиканы қалпына келтіру мен дамытуға бағытталған ішкі және сыртқы кредиттік ресурстарды және инвестициялық мүмкіндіктерді қамтамасыз ету;

– мемлекеттік бюджет дефицитінің болуы мүмкін деңгейінен арттырмау және оның кіріс бөлігін нығайту;

– Республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген сыртқы қарыз мөлшерінің артуына және Қазақстан аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуының тепе-теңдігіне қатер төндіруге жол бермеу;

– бәсекелестікті ынталандыру, монополизмді шектеу және экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жағдайында ел экономикасында қазақстандық тауар өндірушілердің үлесін арттыру.

Тұтастай алғанда, экономикалық қауіпсіздікке экономиканың барлық билік тармақтарында қоғамның, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық және әскери-саяси тұрақтылығына, әрбір азаматтың құқықтық және экономикалық беріктігіне дайындығы және қамтамасыз ету мүмкіндігі жағдайы деп анықтама беруге болады.

Тұжырымдай келе, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік органдар жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде құрылған кеден жүйесі өзіне заңнамамен бекітілген өкілеттіктерімен қазақстандық нарықты, өндірушілер мен тұтынушыларды оң және нақты қорғайтын, экономиканың дамуын, өндірістің экспорты мен импортын ынталандыратын, шетелдік инвестицияларды тартатын, сауда саясатындағы міндеттерді шешетін және ақырғы нәтижеде елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге күш-жігерін жұмсайтын органға айналды деген қорытынды жасауға болады.

## Әдебиеттер

1. Конституция Республики Казахстан (принято на республиканском референдуме). – Алматы: «Казахстан», 2008 – 48 с.
2. Казахстан–2030. – Алматы: Юрист, 2001. – 94 с.
3. Глеухан Р. «Проблемы расследования и предупреждения преступлений, совершенных организационной группой в денежно-кредитной сфере», под ред. К.А. Бегалиев; - Алматы: ТОО «Гридан» 1998. 140с.
4. Гак Г.М. «Учение об общественном сознании в свете теории познания», Москва: 1960 год; Здравомыслов Л.Г. «проблемы интересов социологической теории» Ленинград: 1964г., и др.
5. Кубеев Е.К. Конституционный строй Республики Казахстан (социальные и духовные основы). – Караганда, 1998. – 128с.
6. Гольбах П. «Избранные философские произведения» М., 1963г., Т.1. стр. 311.
7. Маркс К., Энгельс Ф. Соч., т.2. стр. 134.
8. «Национальные интересы и национальная безопасность Казахстана» «Евразийское сообщество, общество, политика, культура» №2(22) 1998г. стр. 57-58.
9. Митрохин С.С. «Политика государства и ценности общества» политические исследования. 1997 г. №1. стр. 34.
10. Бэттлер А. «Национальные интересы, национальная и международная безопасность» Полис. 2002 год. №4. С.149.
11. Закон РК «О национальной безопасности Республики Казахстан» от 26 июля 1998 года (с изменениями от 28 апреля 2000 года). Статья 1.
12. Манилов В.Л. «Безопасность в эпоху партнерства», М., Тера, 1999г. стр. 87.
13. Таможенный кодекс Республики Казахстан. – Алматы: Юрист, 2007. – 212с.
14. Казахстанская правда. 1998 год 13 января.
15. Государственная служба в РК, Алматы-2002 год.
16. Спанов М.У. «Экономическая безопасность, Алматы, 1999 год.
17. Экономическая и национальная безопасность // Под. ред. Е.О.Олейникова., М., Экзамен., 2004г. стр. 143-144.

## Резюме

В данной статье изложены конституционные основы правовой защиты экономических интересов граждан и торгово-экономических отношений народов Республики Казахстан в период Таможенного союза. Осуществлялась перевозка товаров через таможенную границу Республики Казахстан и предоставлялись полномочия таможенной службы. Деятельность таможенных органов в ходе торгово-экономических отношений с Таможенным союзом, внедрение и использование отечественного законодательства и практики рассматриваются с научной точки зрения. Данная статья предназначено для высших учебных заведений, в том числе для юристов и студентов вузов, интересующихся вышеуказанными вопросами.

## Summary

In this training manual the constitutional foundations of legal protection of economic interests of citizens and trade-economic relations of the people of the Republic of Kazakhstan during the time of Customs Union were written. The transport of goods through the customs border of the Republic of Kazakhstan and the powers of the customs service were given. Activities of customs authorities in the course of trade and economic relations with the Customs Union, the implementation and use of domestic law and practice are discussed from a scientific point of view. This training manual is for higher education institutions, including lawyers and university students who are interested in the above issues.



## ТАРГЕТИНГ ЖӘНЕ РЕТАРГЕТИНГ МАРКЕТИНГ ҚҰРАЛДАРЫ РЕТІНДЕ

Мақалада таргетинг тұжырымдамасының мәні, оны қалыптастыру мен іске асыру тәсілдері қарастырылды. Автор бұл құралды ұйымның маркетингтік қызметінің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес саналы түрде қолдану қажеттілігін атап өтеді. Заманауи маркетинг құралдары таргетинг пен ретаргетинг айырмашылықтары көрсетілген. «Facebook» әлеуметтік желісінде жарнамалық науқандарды іске қосу процесінде таргетинг және ретаргетингтің ерекшеліктері қарастырылған. Қазақстанда әлеуметтік желілер арқылы көрсетілетін жарнаманың рөлі аталып өтілді.

**Кілт сөздер:** таргетинг, ретаргетинг, сегменттеу, жарнама; интернет-маркетинг.

Жыл сайын мамандарға әлеуметтік желілерде тұтынушының назарын аударуға бағытталған тиімді жарнамалық науқандарды іске асыруға көмектесетін әртүрлі маркетингтік тәсілдер пайда болуда. Өзінің мақсатты аудиториясын тарту мен ұстап тұру үшін интернет маркетингтің құралдары таргетинг және ретаргетинг пайдаланылады.

Таргетинг – алдын ала берілген параметрлерді қанағаттандыратын пайдаланушыларды ғана қалдыра отырып, барлық аудиторияны «сүзіп алуға» болатын әдістер кешені. Технология ауқымды көлемді тарылтады, осылайша жарнамалық хабарларды тек мақсатты аудиторияға көрсетуге мүмкіндік береді, шығындарды азайтып, жарнамалық науқанның тиімділігін бірнеше рет арттырады.

Таргетинг идеясы – өнімнің немесе қызметтің мақсатты аудиториясына жақсы сәйкес келетін жарнамалық және ақпараттық хабарламаны құру, сонымен қатар, осы аудиториямен өзара әрекеттесудің тиімділігін арттыра отырып, пайда табу.

Таргетингті жүзеге асыру процесі оффлайн режимде аудиторияны сегменттеу процесіне ұқсас. Алайда, елеулі айырмашылықтар бар. Әдетте келесі кезеңдерді анықтайды:

1. Мақсатты аудиторияны талдау. Мақсатты аудиторияның белгілі параметрлері (талғамдары, қажеттіліктері, мүдделері) көрсетіледі. Жарнама беруші өзінің мақсатты аудиториясы туралы көбірек білсе, соғұрлым жауап ықтималдығы жоғары болады;

2. Жарнамалық-ақпараттық хабар құру. Мақсатты аудиторияның қажеттіліктерін нақты талдау және хабар берудің ең тиімді түрін таңдау маңызды (мәтін стилі, хабарламаның мәні, пайдаланылатын суреттер, хабарлама форматы);

3. Таңдалған жүйеде (GoogleAdwords, Яндекс, Директ, әлеуметтік желілер, Инстаграм) көрсетілген таргетинг шарттары талданады және осы деректердің негізінде аудиторияны таңдау жүргізіледі;

4. Ставкиның мөлшері және жарнамалық науқанды іске қосу үшін деректер көрсетіледі. Егер жарнама берушінің жарнамасы критерийлер жиынтығы бойынша бәсекелестерді айналып өтсе, ол жарнама бөлімінде керек қолданушыға көрсетіледі[1].

5. Жарнаманы көрсету үшін төлеу әдісі таңдалды: яғни тұтынушы жарнаманы қарау кезінде, клик басқанда жарнамаланушы ресурсқа ауысқаны үшін ақысы алынады.

Тұтынушылар аудиториясын мақсатты түрде модельдеудің танымал әдістерінің бірі – тұтынушы тұлғасының әдісі. Қазақстанда бұл әдіс алғаш рет әлеуметтік желілер арқылы жарнамалық науқанның дамуымен байланысты назар аударыла басталды. Нақты пайдаланушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, бағдарламалық интерфейстерді әзірлеу ресейлік IT-компаниялардың тәжірибесінде белсенді қолданыла бастады. Осыдан кейін, әлеуметтік желілерде жарнамалық науқандарды қалыптастыруда мақсатты әдіскерлер сатып алу сипаты әдісін белсенді қолдана бастады.

Тұтынушы тұлғасы – бұл қазіргі тұтынушыларды зерттеу нәтижесінде қалыптасқан нақты тұлғаның бейнесі. Нысаналаудың тиімділігі қалыптасқан тұтынушының нақты тұтынушыға/

компанияның пайдаланушыларына жақындығына тікелей байланысты екенін түсіну керек. Сатып алушының профилін қалыптастыру үшін әдетте келесі параметрлер қолданылады: демографиялық және географиялық, құндылықтар, іздеу әдеттері; басымдықтары, жеке факторлар; психографиялық сипаттамалары.

Сауалнама әдістері мен бақылау әдісін пайдалану клиенттердің негізгі сипаттамаларын түсіну үшін маңызды ақпарат жинауға мүмкіндік береді. Бірақ, сатып алушының дұрыс қалыптасуы компанияның әртүрлі клиенттері туралы қанағаттанған және қанағаттанбаған, сөйлесуге дайын және көп емес мәліметтерге негізделуі керек. Әр түрлі ақпарат нұсқаларын жинау компанияның мақсатты клиенттерінің әртүрлілігін анықтауға және маңызды топтардың бірін жіберіп алмауға көмектеседі. Сатып алушы тұрғысынан көзқарас сонымен қатар, топтардағы айырмашылықтарды нақты анықтауға мүмкіндік береді, топтарды бір-бірімен араластырмауға көмектеседі, өйткені әр топ ерекше, дерлік жанды кейіпкермен ұсынылған.

Қазіргі заманғы маркетингдер деректерді жинауда белсенді қолданатын әдістердің бірі – терең сұхбат әдісі. Кейіпкерді қалыптастыруға қажетті мәліметтерді барынша және тиімді жинауға мүмкіндік беретін терең сұхбат ережелері бар:

1. Дұрыс сұрақтар қою, яғни тұтынушыны анықтауға тырысу, оған айтуға мүмкіндік беру;
2. Субъективтіліктен аулақ болу. Клиенттердің позициясы мен мүдделерін құрметтеу қажет

Сондай-ақ, мақсатты жарнамалық науқандарды жүргізу кезінде Церебра, Target, Pepper.pinja, Tooligram және т.б. сияқты автоматтандырылған аудитория жинау жүйесін қолдануға болады. Олардың көмегімен мақсатты аудиторияны бәсекелестердің аккаунтынан іздеуге болады. Сондай-ақ, AdLabs Target, Aori, Onegetarget көмегімен мақсатты жарнамалық науқандарды іске қосуды автоматтандыруға болады. Мұндай жүйелер негізінен бір уақытта бірнеше науқандарды жүргізген кезде қолданылады және жарнамаларды жаппай жүктеуге, жарнамалық науқандарды тексеруге, бірден бірнеше жарнамалық платформаларда жұмыс істеуге (мысалы, бір уақытта бірнеше әлеуметтік желілер) және шоғырландырылған аналитиканы құруға мүмкіндік береді.

Мақсатты аудиторияны нақты түсінуге байланысты заманауи маркетингтің тағы бір тиімді құралы – ретаргетинг. Ретаргетинг интернет-маркетинг құралдарының бірі ретінде анықталған, ол сол аудиторияға бірнеше рет жарнаманы көрсетуге бағытталған. Мақсаты – пайдаланушыны басқа сайттарда ол қызықтыратын баннерлерге кіретінін көрсету, сол арқылы аудиторияны ұстап, сізге қайтару. Ретаргетинг ерекшелігі – яғни нақты өнім немесе қызметпен өзара әрекетте болған сайтқа кірген аудиторияны ғана таңдау мүмкіндігін береді.

Ретаргетингті пайдаланған кезде жарнамалар басқа сайттардағы қолданушылардың не істегенін және қай сайттарға кіретінін негізге ала отырып, соған байланысты көрсетіледі. Пайдаланушының әрекеті туралы ақпарат cookie файлдарының көмегімен жиналады. Егер адам баннерді басса, ол «мақсатты топтан» кетеді. Сәйкес жоспар болған жағдайда, қолданушыға мақсатты әрекетке итермелейтін басқа баннер көрсетуге болады. Әр түрлі топтарға әртүрлі баннерлер жасауға болады, әртүрлі сайттарда орналастырудың тиімділігін қадағалап, орналастыруды жалғастыру туралы шешім қабылдау мүмкіндігін береді. Ретаргетинг – бұл нақты пайдаланушыға дұрыс хабарламаны берудің тиімді әдісі – оның көмегімен қандай сатып алулар жүргізілмегенін және қандай хабарламалар пайдаланушыны қорқытып тастайтынын түсінуге болады. Ретаргетинг тиімділігі процесті үнемі бақылауға, хабарларды, топтар мен сайттарды өзгертуге дайын екендігіне байланысты екенін түсіну керек.

Ретаргетинг әдетте келесі іскерлік міндеттерді шешу үшін қолданылады:

- «Тасталған себетке» төленбеген тапсырыспен пайдаланушыны қайтару. Бұл жағдайда қосымша хабарландыру сатып алушыны «итермелеу» туралы еске салудың тәсілі болып табылады;
- сатып алуды белсендіру, тұтынушыға компаниямен ынтымақтастықтың қажеттілігін түсіндіру. Тұтынушы сатып алу қажеттілігі туралы ойлауы мүмкін, бірақ бәрібір оны гипотетикалық деп санайды. Ретаргетинг тұтынушыларды шешуші әрекетке итермелеуі мүмкін;
- пайдаланушыға негізгі сатып алумен бірге бұрын тапсырыс берілмеген қосымша тауарлар мен қызметтерді сату. Бұл жағдайда тұтынушы компанияның басқа өнімдері туралы ойланады;
- адал тұтынушыларға компанияның тауарлары мен қызметтері туралы ескерту. Тіпті өте

адал тұтынушылар жана өнімдер немесе компанияның жаңа мүмкіндіктері туралы білмеуі мүмкін;

- сайтқа кездейсоқ келушілерді компанияның бар екендігі туралы еске түсіріп, компанияның тауарлар мен қызметтерге деген сенімін арттырып, тану деңгейін жоғарылату. Компания туралы жиі айтылатын еске салулар оны танымал етеді.

Алайда, дұрыс жоспарланбаған жағдайда, ретаргетинг бірқатар қолайсыздықтар тудыруы мүмкін. Біріншіден, ұсыныстардың қайталануы пайдаланушылар арасында жағымсыз реакцияны тудырады. InSkin Media жүргізген зерттеуге сәйкес, жарнаманы қайта көретін адамдардың жартысынан көбі оны жағымсыз немесе өте теріс қабылдайды. Екінші жағынан, сол зерттеу көрсеткендей, жарнаманы қайтадан көргендердің 10%-ы міндетті түрде тауар немесе қызметті сатып алады. Екіншіден, кейбір пайдаланушылар үшін қайталанатын жарнама күйзеліс пен қорқыныш сезімін тудырады, өйткені оларды аңдып жүргендей көрінеді. Үшіншіден, клиент «осында және қазір» транзакцияны аяқтауға әрдайым дайын емес, ал ретаргетинг жүйесі дереу шешім қабылдауға дайындалған. Қате конфигурацияланған ретаргетинг егер тұтынушы осы өнімді немесе қызметті басқа компаниядан сатып алған болса, тұтынушыны мезі қылуы мүмкін.

Мысал ретінде Facebook әлеуметтік желісінде мақсатты жарнаманы ұйымдастырудың ерекшеліктерін қарастырайық. Бұл Қазақстанда танымал әлеуметтік желі. Бұл әлеуметтік желі аудиториясының негізін 18-45 жас аралығындағы адамдар құрайды және ересектердің біртіндеп өсу тенденциясы байқалады. Мақсатты аудиториясы қазіргі немесе «кешегі» студенттер, жас мамандар және орта жастағы адамдар деп айтуға болады. Қазіргі уақытта әлеуметтік желінің Қазақстанда 2,5 млн пайдаланушысы бар, сондықтан көптеген маркетингтік компаниялардың ашық парақтарын (топтарын) құрып, әлеуметтік желі ұсынатын жарнамалық құралдар мен мақсатты құралдарды қолдануы таңқаларлық емес. Барлық бизнес үшін Facebook арқылы жарнамалау келе бермейді (мысалы, B2B нарығы немесе сәнді тауарлар үшін). Әлеуметтік желі Facebook платформасын қолдану таргетинг және ретаргетинг арқылы жарнамалық науқандарды құруға көмектеседі[3].

Facebook-те мақсатты жарнаманы пайдаланған кезде, қолданушы тек жарнаманың аудиториямен тікелей байланысы үшін төлейді – пайдаланушының таңдауы бойынша, бұл жарнаманы қарау немесе нұқу үшін төлем болуы мүмкін. Ең бастысы, ол жарнамаларды көретін нақты адамдарды таңдау мүмкіндігін береді.

Facebook-те таргетингтің екі негізгі түрін ұсынады:

1. Жаңалықтар арнасындағы жарнамалық хабарламалар пайдаланушыларға қауымдастық атынан немесе сайтқа сілтеме арқылы көрінеді. Олар 5 түрге бөлінеді:

- «әткеншек» – тауарлар мен қызметтерді жылжытуға жарамды, өйткені «айналдыру» форматы, онда өнімнің бірнеше кескінін (3-тен 10-ға дейін), мәтінді, бағаны, беттің немесе веб-сайттың мекен-жайын, әрекет ету батырмасын жасауға болады;
- жазба – әдетте сурет пен мәтінді қолдана отырып, өнім / қызмет сипаттамасынан тұрады, немесе ол gif, карта, видео немесе басқа да тіркемелерді қамтиды;
- батырмамен жазу – сурет немесе мақала арқылы әрекетке шақыру («сатып алу», «өту», «қосылу» және т.б.);

2) Жарнамалар – беттің сол жағында пайда болатын жарнамалар. Ол сурет, мәтін және шақыру батырмасы түрінде ұсынылған. Бір бетте осындай үш жарнамадан аспайды.

Таргетингті пайдалануда Facebook келесі пайдаланушының параметрлерін таңдауға мүмкіндік береді:

- география (қалалар, аудандар, картадағы белгілі бір аймақ);
- демография (жынысы, жасы және т.б.);
- туған күн (жарнама бүгін, ертең немесе осы аптада туылған адамдарға немесе достарының тізімінен біреудің туған күні пайдаланушыларға көрсетіледі);
- қызығушылықтар мен мінез-құлық (спорт, автомобильдер, саяхат және т.б.);
- қоғамдастықтар (жарнама тек белгілі бір қауымдастықтардың пайдаланушыларына көрсетіледі);
- саяхат (жарнама Facebook басқа елдерден алты айда кемінде екі рет келген пайдаланушыларға көрсетіледі);

– білім және жұмыс (жарнама белгілі бір мекемелерде немесе өндірістерде оқитын немесе жұмыс істейтін пайдаланушыларға көрсетілетін болады);

– қосымшалар мен сайттар (жарнамалар Facebook арқылы белгілі бір ойын ойнайтын немесе белгілі бір сайттарға кіретін пайдаланушыларға көрсетіледі).

Сонымен қатар, Facebook Business платформасы ретаргетингті қосу мүмкіндігін ұсынуда, яғни жарнама көмегімен тауар немесе қызметпен таныс пайдаланушылар мен клиенттердің қайтып келуіне ықпал жасайды.

Facebook ретаргетингтің бірнеше түрлері бар:

– Файл бойына ретаргетинг – электронды пошта мекен-жайлары немесе компания клиенттерінің телефон нөмірлері көрсетілген файлды жүктеуге мүмкіндік береді. Егер оларда Facebook әлеуметтік желісіндегі парақтары болса, онда оларға жарнамаларды көрсетуге болады. Facebook пайдаланушысының идентификаторларының тізімін және Apple (IDFA) / Android (GAID) мобильді құрылғы идентификаторларының тізімін жасауға және жүктеуге, қызығушылық танытқан пайдаланушыларға жарнамаларды көрсетуге болады;

– Пикселді қайта жоспарлау – компанияның веб-сайтына Facebook пикселін орналастыруға мүмкіндік береді, ол сайтыңызға кіретін барлық пайдаланушыларды автоматты түрде ескереді және егер олар Facebook –те тіркелген болса, оларға жарнама көрсетуге болады;

– Жарнамалық жазбамен әрекеттесуге қайта жоспарлау – компанияның жарнамалық жазбаларын көрген, оны достарымен «Ұнады» немесе «Ортақ» деп белгілеген пайдаланушыларды жинауға мүмкіндік береді.

– Ұқсас аудитория – ұқсас технологияны қолдана отырып, ұқсас аудитория құруға мүмкіндік береді. Арнайы алгоритм компанияның топтық немесе жалпыға қол жетімді парағының бастапқы дерекқорына талдау жасайды және Facebook қолданушыларын дәл қазір дәл солай ұстайтындарды табады.

– Динамикалық ретаргетинг – пайдаланушыларға сайтта немесе мобильді қосымшада көрген тауарлар немесе қызмет категориялары көрсетілген жарнамаларды көрсетуге мүмкіндік береді.

Сонымен, тұтынушы аудиториясын көрсеткіштердің кең тізіміне сәйкес сегменттеуге болады. Әр түрлі жарнамалық жүйелерде олардың жиынтығы мен жұмыс ерекшеліктері әр түрлі болуы мүмкін. Желіден тыс уақытта сегменттеу процесі тек аудитория туралы ақпараттың көлеміне және сатушының алға қойған мақсаттарына байланысты болатындығын түсіну керек, содан кейін мақсатты түрде жарнама сайттарының өздері айтарлықтай шектеулерге ие болады. Олар кез-келген маңызды параметр үшін пайдаланушы топтарын жинай немесе бөле алмауы мүмкін. Бұл жағдайда дұрыс нысанаға салу бірнеше параметрлерді дұрыс таңдау және қажетті мақсатты топты бөлектеу үшін оларды қосу кезектілігі туралы мәселе туындайды.

### **Әдебиеттер**

1. Дугар-Жабон Т. З., Симакина М. А. Таргетинг и ретаргетинг как инструменты маркетинга // Научные труды Московского гуманитарного университета. 2019. № 4.

2. Ромат Е.В., Сендеров Д.В. Реклама: Учебник для вузов. 8-е изд. Стандарт третьего поколения. / Е.В Ромат., Д.В Сендеров. – СПб.: Питер, – 512 с.

3. Казахстан: реклама в Интернете до и после появления соцсетей.[электронный ресурс]. – 2017.

### **Резюме**

Таргетинг предназначен для «нацеливания» на пользователей, еще не знакомых с вами. Ретаргетинг же позволяет воздействовать на аудиторию, уже «соприкасавшуюся» с вашими проектами (посещавшую ваш ресурс, оставившую комментарии, делавшую заявки и т. п.). Цели таргетинга и ретаргетинга схожи: обеспечить точное попадание в аудиторию. Однако их области применения отличаются.

### **Summary**

Targeting is designed to «target» users who are not yet familiar with you. Retargeting also allows you to influence the audience, already «in contact» with your projects (visiting your resource, leaving comments, making applications, etc.). The goals of targeting and retargeting are similar: to ensure an accurate hit to the audience. However, their applications are different.

## ПРИМЕНЕНИЕ ИНСТРУМЕНТОВ МАРКЕТИНГА НА РЫНКЕ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОЙ ПРОДУКЦИИ

*Агропромышленный комплекс как все другие отрасли играет важную роль в экономике любого государства. От его эффективного и динамичного функционирования зависит благосостояние всего населения республики. Для этого необходимо определить роль инструментов маркетинга в развитии отраслей АПК. Применение инструментов маркетинга на рынке сельскохозяйственной продукции может помочь комплексно решить проблему сбалансированного товародвижения и позиционирования, изучения спроса и предложения, а также факторов влияющих на АПК.*

*Ключевые слова: инструменты маркетинга, сельскохозяйственная продукция, товародвижение, позиционирование, спрос, предложение.*

Эффективное функционирование агропромышленного комплекса тесно взаимосвязано с пропорциональным развитием входящих в него отраслей. Важное место в этой системе занимают сферы производства, переработки и сбыта сельскохозяйственной продукции, уровень которого непосредственно определяет жизнеобеспеченность населения, достижения сбалансированности в аграрном секторе республики.

Сбалансированное развитие отраслей АПК позволит обеспечить экономический рост предприятий сельского хозяйства, окажет влияние на внутренние и внешние факторы на деятельность предприятия, успешно применять инструменты не только на рынке сельскохозяйственной продукции, но всех отраслей экономики Казахстана. Для сохранения старых рынков сбыта и развития, новых необходимо эффективное использование введение инновационных технологий и программного обеспечения рынков продукции сельского хозяйства.

Имея свою специфику, рынок сельскохозяйственной продукции в условиях конкурентоспособности зависит от естественных процессов воспроизводства с экономическими. Следуя концепции маркетинга необходимо изучить следующие моменты:

- обеспечение конкурентоспособности продукции сельского хозяйства;
- применение неординарных подходов в деятельности предприятий и организаций;
- применение нейро-маркетинга с сочетанием других инструментов маркетинга и т.д.

Для ознакомления с продукцией необходимо проводить различные мероприятия: выставки, конференции, акции. Большое место отводится рекламе в прессе, наружной рекламе, полиграфической и сувенирной продукции. В качестве более тесной работы используется распространение рекламных материалов у оптовиков, дилеров, обрабатываются предложения от потребителей. В качестве рекламных методов в маркетинге используется комплекс:

- знакомство потребителя с товаром;
- формирование положительного мнения;
- продвижение продукции;
- получение обратной связи.

Знакомство с продукцией для сельского хозяйства осуществляется не только с помощью классических методов рекламы. Если говорить о продовольственных товарах, то тут необходимо дать потребителям возможность попробовать, пощупать товар. Это часто делается на выставках, демонстрациях. Формирование положительного представления осуществляется с помощью подкрепительных материалов – проспектов, справочной информации, плакатов демонстрирующих преимущество товара и заслуги организации.

Одним из инструментов маркетинга является продвижение продукции сельского хозяйства

на рынке. Продвижение продукции предусматривает разработку плана маркетинга, в который входят:

- оптимальные каналы продвижения;
- стиль руководства рекламным продвижением;
- рекламные мероприятия;
- расчет затрат на рекламу.

Для продвижения сельскохозяйственной продукции, как уже было сказано выше, часто самыми эффективными являются ярмарки-выставки. На них становятся видны изменения в отрасли, тенденции развития. Для отрасли, находящейся в условиях высокой конкурентной борьбы, необходимо постоянно следить за данными тенденциями. Это позволит корректировать маркетинговую деятельность и повышать конкурентоспособность.

Таким образом, продвижение продукции через ярмарки-выставки позволит:

- установить долгосрочные отношения с клиентами и партнерами;
- выявить потребности клиентов, их пожелания;
- сравнить свою продукцию с конкурентной;
- выявить тенденции развития отрасли;
- спланировать маркетинговую деятельность с учетом полученной информации.

Нужно отметить, что не для каждой сельскохозяйственной организации подходит концепция маркетинга взаимодействия. При этом необходимо учесть выстраивание долгосрочных отношений с покупателями. Но, если организация не может далее функционировать на рынке без потери клиентов и снижения выручки, то необходимо задуматься об активной борьбе за потребителя. Для того, чтобы понять нужно провести оценку ее положения на рынке, цены на товар, возможности сокращения расходов, увеличения эффективности других факторов. Кроме того, следует провести оценку клиентской базы с учетом спроса и рассчитать затраты на их привлечение и удержание. Долгосрочные партнерские отношения стали объектом изучения специалистов в области маркетинга. В результате появился ряд методов и методологий для руководства предприятиями, проводить самостоятельные исследования с использованием наработок консалтинговых компаний, так и привлечения последних для анализа ситуации.

Управление взаимоотношениями на рынке сельскохозяйственной продукции должны быть индивидуальными. Построения долгосрочных отношений с клиентами или партнерами необходимо работать отдельно. Необходимо определять потребности клиентов и разрабатывать индивидуальные программы обслуживания, изменять и подстраивать бизнес-процессы. В рамках концепции маркетинга взаимодействия можно выделить пять стратегий взаимодействия с потребителями:

- стратегия взаимодействия с потребителями при создании абсолютно нового для рынка сельскохозяйственных товаров;
- стратегия взаимодействия с потребителями при разработке модификации существующего на рынке сельскохозяйственных товаров;
- стратегия завоевания потребителей;
- стратегия удержания потребителей;
- стратегия возвращения утерянных потребителей.

Взаимодействия с физическими лицами может осуществляться при условии:

- личном контакте представителя предприятия с потребителями;
- посредством средств связи;
- через посредников.

Данную программу можно видоизменять в зависимости от степени новизны товара и степени обеспеченности необходимыми ресурсами. Так, разработка абсолютно нового товара требует значительных затрат и более основательного подхода к взаимодействию с потребителями на всех стадиях разработки, нежели разработка модификации товара, представленного на мировом рынке.

Для взаимодействия с конечным потребителем также можно использовать сеть Интернет. По сравнению с обычным маркетингом, использование интернета позволяет перенести приоритет от производителя к конечному потребителю, что позволит легко привлечь клиента за короткое



время, но также есть возможность перейти к конкуренту, поэтому внимание потребителя является главным. С помощью интернета можно стереть пространственные и временные масштабы. При этом стоимость привлечения потребителя не зависит от дальности местонахождения. От дальности зависит только стоимость доставки товара и установление логистических систем. Кроме того, временные рамки не ограничены. Доступность информации круглосуточная и изменения можно вносить постоянно, поддерживая ее актуальность, взаимодействие с клиентом становится индивидуальным – «один к одному». Электронное взаимодействие позволяет получать более подробную информацию о потребителе и его запросах и далее предложить продукты соответствующие потребностям. В настоящем времени вопросы использования интернет-технологий уже не стоят. Вопрос только в том, каким образом он будет использоваться для повышения конкурентоспособности. Для управления маркетингом взаимодействия необходимо проводить комплексно, используя все факторы производства и все бизнес-процессы организации, выстраивая при этом долгосрочные отношения не только с потребителями, но и партнерами предприятия.

### Литература

1. Баранникова, М.А. Роль управления сбытом в маркетинговом управлении организацией / М.А. Баранникова, С.А. Аругюнян, Ю.И. Опрышко // Новая наука: опыт, традиции, инновации. 2017. – № 1-1 (123). – С. 21–24.
2. Шкурко, П.А. Управление каналами сбыта / П.А. Шкурко, Е.С. Филимонова // Актуальные вопросы экономических наук, 2016. – № 54. – С. 59–62.
Мақалада экономикалық аударма саласында аудармашыларды үйретудің жобалық әдісін қолдану қарастырылады. Мақалада жобалардың әдісін анықтау үшін экономикалық аударманың негізгі талаптар келтірілген. Жобаны оқыту әдістемесі екі тәсілді қамтиды: мақалада оның артықшылықтары мен негізгі кезеңдері (жобаны дайындау, іске асыру, жобаның нәтижелерін көрсету) көрсетілген. Екі тәсілде де оқушылардың өз жетістіктерін бағалауға мүмкіндік беретін оқудың әр кезеңі туралы ойлауға уақыт беріледі. Ең тиімдісі – студенттерге практикалық тапсырмаларды үнемі шешіп отыру қабілетін дамытатын шағын көлемдегі жобалар қатарын беру. Жобаның таныстырылымы бір тақырып және бір сценарий бойынша жүргізілуі тиіс. Бұл келісімдерді дайындау және қол қою, халықаралық нарықтарда компанияны таныстыру, жаңа өнім таныстырылымы және т.б. келіссөздер болуы мүмкін. Сондай-ақ, оқу үрдісіне жобалық әдісті енгізуде ақпараттық коммуникацияны және озық аударма құралдарын (машинаға негізделген аудару (MT), кейін редакциялауды, аудармашының жады (TM)) белсенді қолдануды қажет етеді. Бұл студенттерге қажетті ақпаратты

ғана емес, сонымен қатар нәтижелерді таныстыруға және аударма процесін жеңілдетуге көмектеседі.

### Резюме

В статье рассматривается применение метода проектов для обучения переводчиков в сфере экономического перевода. В статье даны основные требования к экономическому переводу, определение метода проектов. Проектный метод обучения имеет два подхода, в статье отмечены его преимущества и основные этапы (подготовка, реализация проекта, презентация результатов проекта). В обоих подходах предлагается время на обдумывание каждого этапа обучения, что дает студентам возможность оценить свой прогресс. Наиболее продуктивным считается применение серии проектов небольшого масштаба с целью помочь студентам постоянно развивать умение решать практические задачи. Презентация проекта должна осуществляться в рамках одной темы и одного сценария. Это могут быть переговоры, подготовка и подписание контракта, презентация компании на международных рынках, презентация нового продукта, и т.д. А также, при внедрении проектного метода в образовательный процесс следует активно использовать информационную коммуникацию и передовые переводческие инструменты (машинный перевод (МТ) с последующим редактированием, память переводчика (ТМ)). Это поможет студентам не только находить необходимую информацию, но и сделать презентацию результатов и упростить процесс перевода.



ӘОЖ:372.881.111.1:811.111

**А.І. Әділханова**, аға оқытушы  
ҚазЭҚХСУ

### АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА СӨЙЛЕСІМ ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ АСПЕКТІЛЕРІ

*Білім алушылардың бойындағы коммуникативтік құзіреттілікті қалыптастыруда пікір сайыс сабақтары, ғылыми жоба сайыстары, ғылыми конференциялар мен таңдау курстарының маңызы ерекше. Бұл бағыттағы жұмыстарда білім алушының риторика, тіл мәдениеті аймағында сөз әдебі мен көркем сөз нормаларын меңгеруі арқылы әдеби тілге нәр беретін қайнар сөздер синонимдер мен фразеологизмдер тілдің көркемдегіш құралдарын қолдану дағдысы қалыптасады. Сонымен қатар қоғамда талап етілетін мемлекеттік және басқа да тілдерді игерту негізінде коммуникативтік құзіреттіліктерін қалыптастыру көзделеді.*

**Кілт сөздер:** ағылшын тілі, коммуникативтік құзыреттілік, сөйлесім әрекеті.

«Тіл – халық рухы, халық рухы – оның тілі» деген екен атақты неміс ойшылы, тілшісі Вильгелм Гумбольдт. Ұлтаралық қатынастардың негізгі дәнекершісі – тіл. Алайда тіл туралы толғанғанда оны әлеуметтік өмірмен, болашақпен тығыз байланысты қарастыруымыз қажет. Тіл үйренуде ынта, зейін, талап, бейімділік, қызығушылық, дамыту, меңгеру қатар, яғни бірге жүруі тиіс.

Ықылас пен ынта болмаған жерде еңбектің өнбегі болмақ емес. Ал ықылас пен ынта, тіл білсем деген құштарлық пен құлшыныс өзінен-өзі келмейді. Бұлар үйренуші мен үйретушінің объектіге деген қатынасы негізінде туындайды. Әлбетте, бұл өз кезегінде тілге деген әлеуметтік қажеттілікті екі жақтың бірдей сезіну, сезінбеуіне тікелей байланысты. Олай болса, әлеуметтік қажеттілікті ұғыну мен ұғындыру ісі оқу-ағарту саласының барлық арнасы бойынша, атап айтқанда, балабақша, мектеп, арнаулы орта және жоғары оқу орындарында, мамандық жетілдіру, ересектерді оқытатын курстар мен үйірмелерде жоспарлы жүргізілуі тиіс.

Жалпы, әуелі бір тілді дұрыс меңгеріп алмаған сәбиге екінші тілді тықпалау оның бойында тілдік қана емес, рухани диградация да туғызатынын жасырып қалу адалдық болмас еді. Сондықтан тілді үйренуді бала организмінің рухани жетілу үдерісімен ыңғайластырып жүргізбесек, жалғандыққа, жалаңдыққа ұрынуымыз оп-оңай.

Жүсіпбек Аймауытов «Баланы тілге жаттықтырудың мағынасы: баланы сөйлеуге, басқалардың сөзін ұғуға, өз бетімен жазуға, оқуға төселдіру. Бірақ бұл мағынасыз әдеттендіру, құрғақ төселдіру емес, тілге жаттығумен бірге адам ойлауға да жаттығады» Тіл адам жанының тілмашы, тілсіз жүрек түбіндегі бағасыз сезімдер, жан түпкіріндегі асыл ойлар жарық көрмей қор болып қалар еді. Адам тілі арқасында жан сырын сыртқа шығарып, басқалардың жан сырын ұға алады» деп жазады.

Тұлғаның тірек құзырлылықтарының бірі ретінде танылып отырған коммуникативтік құзіреттіліктерін қалыптастыру оның тілдік білімін тереңдетумен қатар сөйлеу біліктілігін де жетілдіреді. Әрі тұлғаның әдеби тіл нормаларын меңгеру сапасы жоғарылайды. Тілді пайдалану – сөз. Қазақ сөз деп тілдің жарыққа шыққанын, тілдің қолданысын айтады. «Сөз» деген сөздің алты-жеті түрлі мағынасы бар. Соның біреуі «лингвистикалық термин» тіл мамандары пайдаланады. Айтылған ой, өлең, ұсыныс та сөз. Сондықтан сөз мәдениеті дегеніміз – тілдің қолданысындағы мәдениеті. Ал тіл мәдениеті дегеніміз – дұрыстық, нормалық.

Бүгінгі күні әдеби тілде жазып, әдеби тілде сөйлеуге ұмтылудамыз. Әдеби тілде сөйлеу деген мақалдап, мәтелдетіп отыру емес. Дұрыс сөйлеу. Сөйлемді дұрыс құру, сөзді дұрыс дыбыстап айту.

«Шекара» демей, «шегара» деп, «қол қойылды» демей, «қол ғойұлды» деп сөйлеу. Сөздің мәдениеті дегеніміз сөздің дұрыстығы, норманы сақтау. Норма – жүйелілік, тәртіп. Тәртіпсіз ешнәрсе болмайды. Тілдің де тәртібі бар. Жазу тілінің де, ауызша сөйледің де тәртібі бар. Көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын меңгерту, пікірталас түрлеріне сай тілдік құралдарды ойларын дәлелдеуде пайдалана білу, тілді әлеуметтік қызметіне сай орынды жұмсай білуге үйрету мақсатында берілетін білім мен іскерлік дағдылардың шығармашылық бағытта өрістеуі арнайы немесе бағдарлы курстарда жүзеге асады.

Коммуникативтік құзіреттіліктің өнімді топтық қатынас аспектісі бойынша білім алушы тапсырмаларды орындау іс-әрекеті кезінде пікірін қорғауға, өзіне берілген міндетті орындай отырып ойын дәлелдеп айта білуге, сұрақ қоя отырып тапсырмаға сәйкес жауап беруге дағдыланады.

Берілген тақырыптарға баяндама, ғылыми жоба жұмыстарын дайындау кезінде көпшілік алдында сөз сөйлеу аспектісі бойынша қисындық байланыс құралдары мен көрнекіліктерді сауатты пайдалануға дағдыланады. Оны жазуда, қорғауда тиімді тәсілдерді қолдану біліктілігіне төселеді.

Жаһандану үдерісі, жаңа әлеуметтік-мәдени талаптар және мемлекетіміздің экономикалық деңгейінің өсуі шет тілін оқытуды одан әрі жетілдіру мен жеделдетуді талап етеді.

Көптілділік – екі не одан да көп тілді қоғамның қажеттілігі, сол өмірлік қажеттіліктің өтемі, қоғамдық, тарихи категория.

Жалпы көптілділік қостілділіктен бастау алатынына ешкім күмән келтірмес деп ойлаймын. Қостілділік – игілікті құбылыс. Қостілділік – көпұлтты қоғамда тілдердің дамуына қолайлы жағдай туғызылған болса, адамдарға интернационалдық тәрбие берудің қуатты құралы болар еді. Қостілділік пен қоғамның өзара байланысы – «Тіл мен қоғам» деп аталатын жалпы өзара байланысты проблеманың құрамдас бөлігі. Қостілділік осыдан біраз бұрын әркімнің-ақ арманы болатын. Көпұлттылық жағдайында кәрі-жастың күнделікті керегі, өмірлік қажеті.

Қазақстан – әлемдік бәсеке сапындағы көпэтносты халық отаны. Қазақстан азаматы бірнеше тілді білуі тиіс. Кемінде үштілді тұлға болуы қажет. Елбасының «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында «тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын кезеңдеп іске асыруды ұсынды.

Қазіргі кезеңде елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалынып, әлемдік білім берудің алдыңғы қатарлы озық тәжірибелері қолданылуда. Білім беру саласының барлық бағыттарында жаңаша көзқарас, яғни жаңаша базистік оқу жоспарына көшу, білім мазмұнын жаңаша жан-жақты жетілдіру, жаңа буын оқулықтары мен әдістемелік кешендерге көшу тағы басқа жүйелілікпен қарастырылып, қалыптасуда.

Тілдің тарихы – халық тарихының көрінісі деп бекер айтпаған. Халықтардың даму жолы тілдердің даму жолымен айқындалады. «Өзге халықтың тілі мен мәдениетін білу адамды сол халықпен теңестіреді, ол өзін еркін ұстайды, егер де сол халықтың күресі мен қамқорлығы оның жүрегіне әсер етсе, ол ешқашан да шетқалмайды. Адамның табиғаты осындай», – деп ұлы Абай айтқан.

Тіл – халықтың жаны. Біздің көп ұлтты мемлекетімізде бір тілді басқа тілден, бір мәдениетті



басқа мәдениеттен бөліп алу мүмкін емес. Әр ұлт өкілдері өздерінің тілін, мәдениетін, ұлттық ділін жоғары биіктіктерге көтеру мұраттары айқын. Ұлы Абай атамыздың: «Егер де адам өз халқынан шет болмай, өз халқының басқа халықтармен достық қатынаста болуын тілесе, ол – саналы, адал адам».

Осығын орай Елбасы Қазақстан халықтар ассамблеясының XII сессиясындағы баяндамасында: «Шет тілін білмейінше ұлттық бәсекеге шынайы қабілеттілігі туралы айту қиын болады» - деп атап кеткен.

Көптілді тұлғаны тәрбиелеуде, оқыту үдерісінде дәстүрлі және жаңа оқыту әдістері: диалог, әңгіме ойын түрлері, оқып жүрген тіл уәкілдерімен кездесу тәсілдерін қолданған жөн.

Шет тілін жетілдіре және жеделдете оқытуда ең бірінші білім берудің инновациялық педагогикалық технологияларын меңгерген, ізденушілік, зерттеушілік және шығармашылық қызмет дағдылары мол мамандар қажет. Қандай әдіс-тәсілді қолдану тіл үйретуші мамандарға байланысты. Мектептегі оқу-тәрбие жұмысының негізгі формасы – сабақ. Оны шеберлікпен ұйымдастыру арқылы ғана жетістікке жетуге болады. Қай тіл болмасын оны оқыту мен үйрету бүгінгі күн талабына сай болу үшін ұйымдастыру мен басқаруды жетілдіру керек. Мұғалімнің жұмысының нәтижелілігі, еңбастысы – сабақ мақсатының айқын болуы. Сонда үш біріккен мақсат: оқыту, дамыту, тәрбиелеу сөзсіз сақталады.

Ұрпағымыздың көптілді тұлға, азамат болып өсуі, жаһандану үдерісінен туындап отырған уақыт талабы. Қазіргі таңда педагогика ғылымының басты мақсаты тек іргелі білім беруде ғана емес, сондай-ақ біліктілігін өз бетінше жетілдіре алатын, шет тіліндегі ақпараттық ресурстарды өз бетінше тауып, талдап және тиімді пайдалана алатын азаматтарды тәрбиелеу.

Логикалық-мағыналы модельдерді қолдану білім алушылардың логикалық ойлау, сөйлеу, шығармашылық қабілеттерін дамытып, ойларын жинақтап, ағылшын тілінде жеткізуге танымдық іс-әрекеттерін тиімді ұйымдастыруға ықпал жасайды. Мұндай модельдер лексикалық, грамматикалық материалдарды да жақсы меңгеруге жол ашады.

Ақпараттың мазмұнын жеткізуге осындай модель жасау үшін алдымен тақырып немесе мәтін координаттар ретінде бірнеше бөлімге бөлінеді де, әр бөлімнің мазмұны координаттардың негізгі элементтері: тірек түйіншектері арқылы көрсетіледі. Модельді жасау жұмысы төмендегідей кезеңдерден тұрады:

1. Тақырыпты немесе мәтінді бірнеше негізгі бөлімге бөлу (яғни координаттарды айқындау);
2. Әр бөлімнің маңызды элементтерін, тірек түйіншектерін анықтау;
3. Тірек түйіншектерінің координаттағы орнын белгілеу;
4. Ақпараттың мазмұнын ашу мақсатында тірек түйіншектерін атау үшін сөз, сөз тіркестерін айқындау.

Осылайша логикалық-мағыналы модельдің көмегімен ауқымды ақпаратты сызба (схема) ретінде дәптердің бір бетіне де сыйғызуға болады. Мектепте жүргізген сабағымда құрастырылып, қолданылған модельдің үлгісін ұсынып отырмын: ЛММ «Үй және пәтер», бұл модельді мұғалім тақырып бойынша сөздерді қорытындылағанда қолданады. Сөздердің көмегімен әңгіме де құрастыруға болады.

Ағылшын тіліпәні қызықты да қиын. Қазіргі таңда мектептерде шетел тілін оқыту жүйесі жан-жақты дамыған түрде қарастырылуда. Білім беру тәжірибесі көрсеткендей ағылшын тілі сабақтарында интерактивті тәсілдер білім алушылардың интеллектуалдық белсенділіктерін, танымдық қасиеттерін, логикалық ой, талдау, салыстыру қабілеттерін жетілдіріп еңбексүйгіштікке тәрбиелейді. Яғни түрлі тілдік ойындар, танымдық ойындар, эстафеталар, түрлі жағдаяттарға құрылған рольдік ойын, диалогтар, дебаттар, білім сайыстарын сабақта қолданудың маңызы зор. Топпен жұмыс істеу білім алушылардың бірін бірі тануына, тыңдау мен пікір алысу мәдениетінің қалыптасуына да өз әсерін тигізеді.

Құзыреттілік ұстанымын іске асыру қазіргі мектеп үшін төңкеріс сипатына тән емес. Бүгінде оның элементтері, мысалға, білім алушылардың дербес таным жұмысын ұйымдастырумен байланысты ізденіске бағдарлайтыны қазіргі технологияларға тәуелді, ал оның оқу үрдісіне енгізілуіне сәйкес кейбір элементтері кеңінен қолданылып жүр. Бүгінгі таңда білім беру жүйесін дамытпалы

оқу технологиясына ыңғайлау қажеттілігі туды. Дамыта оқыту мен жеке тұлғаны қалыптастыру идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін. Ж.Қараевтың «Оқытудың үш өлшемді әдістемелік әдістемелік жүйесінің педагогикалық технологиясы». Ағылшын тілін оқытуда бұл технологияның басты тиімділігі:

- білім алушыны үнемі әрекетке қосады;
- тілдік категориялардың лексика-грамматикалық құрылымын игертіп, ауызша, жазбаша, тілді қолдану аясын кеңейтуге мүмкіндік береді.
- білім алушы әрі талдай, әрі салыстыра отырып, негізгі білімді өздігінен меңгеруге әрекеттенеді.

Саралап деңгейлеп оқыту технологиясы – білім алушылардың сапасын арттырудың негізгі кепілі

Білім алушыларға білім беруде, тілді оқытуда, тәрбие берудеолардың бойында коммуникативтік құзіреттілікті қалыптастыруда тіл үйретушінің алатын орны зор. Тілді меңгертуде жоғарыда қарастырылғын мәселелер ескерілсе, ісімізден нәтиже шығары сөзсіз.

### Әдебиеттер

1. Вильгельм фон Гумбольдт. Избранные труды по языкознанию. М.: Прогресс – 400 б.
2. Аймауытов Жүсіпбек. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. Т.2: – 384 б.
3. Республикалық әдістемелік журнал «Мектептегі шет тілі» №1-6. 2014 жыл
4. Республикалық әдістемелік-педагогикалық журнал «Мектептегі шет тілі» № 5-7. 2018 жыл

### Резюме

В данной статье рассматривается процесс развития коммуникативных способностей студентов в многоязычной системе образования. В частности, процесс развития коммуникативных способностей студентов включает целевые, значимые, технологичные и эффективные компоненты. При этом раскрывается психолого-педагогическое содержание этих компонентов.

### Summary

This article discusses the process of developing students' communication skills in a multilingual education system. In particular, the process of developing students' communication skills includes targeted, significant, technological and effective components. In this case, the psychological and pedagogical content of these components is revealed.



УДК: 37.013.77

**С.Б. Сарбасова**, к.п.н., доцент  
КазУЭФМТ

### ФОРМИРОВАНИЕ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ НА ЗАНЯТИЯХ КУРСА «ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЙ РУССКИЙ ЯЗЫК»

*В статье рассмотрены теоретические и практические положения о формах активизации личностного роста обучающихся – система педагогического обеспечения личностного саморазвития участников педагогического процесса.*

**Ключевые слова:** *общение, педагогическое общение, саморазвитие.*

В современных условиях образование и подготовка кадров играют ключевую роль в повышении конкурентоспособности Казахстанской экономики и представляют собой важное средство интеграции в мировой рынок труда.

Казахстанская система образования продолжает сложный процесс адаптации к требованиям

рыночной экономики, поиска адекватной реакции на динамичные изменения, происходящие в обществе 1].

ВУЗы интегрируются с производством и работают над переориентацией всей системы высшего образования на личностно-ориентированные технологии профессионального обучения будущих специалистов. Это означает, что в центре учебно-воспитательного процесса должна быть поставлена личность студента с ее интересами, потребностями и возможностями.

Курс «Профессиональный русский язык» имеет в своей основе полисубъектный диалогический подход. Данный подход подразумевает саму сущность внутреннего мира человека – «диалогического» по содержанию, из «межсубъектного» понимания детерминации психического в человеке и основан на вере в его позитивный потенциал, неограниченные творческие возможности, постоянного совершенствования и саморазвития [2]. В этой связи назрела необходимость в дальнейшей разработке теоретических и прикладных аспектов проблемы общения в процессе изучения данного курса как неотъемлемого компонента развития личности, определяющего закономерности внутриличностной и социальной активности индивида.

Основанием гуманистической концепции в педагогике служат положения гуманистической психологии о том, что общение определяет новый уровень психических функций, способностей, личностных качеств, появляющихся у обучающегося в процессе коммуникативной деятельности (А. Маслоу, К. Роджерс и др.)

Для нашей дисциплины важна точка зрения ученых на проблему взаимопонимания между будущим работодателем и студентами. (С.В. Кондратьев, Г.И. Щукина). Они тем более значимы, потому что контакт возможен только в условиях полного взаимопонимания между участниками педагогического процесса: преподаватель-обучающийся, обучающийся-работодатель [3]. Отсюда встают задачи изучения психолого-педагогических основ, которые обеспечивают возможность профессионального взаимопонимания между указанными участниками учебно-воспитательного процесса.

В трудах казахстанских ученых по-новому рассматривается роль общения в педагогическом процессе. Ученые считают, что педагог должен создавать на занятиях и вне его такие ситуации, при которых движущая сила в обучающемся стала бы его внутренними побуждениями к саморазвитию и самообразованию. (А.А. Бейсенбаева, М.А. Кудайкулов, Г.Т. Хайруллин, Н.Д. Хмель, Э.А. Урунбасарова и др.).

Это и другие аспекты изучения педагогического общения, взаимно дополняя друг друга, формируют представление о процессе общения как о чрезвычайно сложном, многомерном явлении, которое характеризует не только форму взаимодействия субъектов учебно-воспитательного процесса, но и принципы построения отношений, влияющих на актуализацию потребности в саморазвитии будущего специалиста, выпускника ВУЗа [4].

В связи с этими положениями курс «Профессиональный русский язык» в группах СР-213 (образовательная программа «Социальная работа») и у МЭ-207 (образовательная программа «Мировая экономика») проводился не только в аудитории ВУЗа, но и на базах практики, будущих объектах профессиональной деятельности. Так, будущие специалисты познакомились со спецификой социальной защиты населения, формами и методами, проводили беседы с работниками организаций и учреждений социальной сферы, узнали профессиональную терминологию, требования к их профессиональным знаниям и навыкам, нормативно-правовую основу будущей профессиональной деятельности:

- КГУ «Кризисный центр «Умут» (для жертв бытового, экстремистского и других видов насилия);
- НОУ «SOS Детская деревня»;
- НФ «Республиканский детский реабилитационный центр»;
- КГУ «Институт поддержки семьи «Жануя»»;
- КГУ «Центр занятости населения акимата г. Нур-Султан»;
- КГУ «Центр социального обслуживания «Камкор»».

Все эти учреждения являются структурными подразделениями столичного акимата и относятся к ГУ «Управление социальной защиты и социальных программ» и МТСЗ РК.

Студенты в профессиональном разговоре проявили свои теоретические знания. Группа МЭ-207 познакомилась с деятельностью КГУ «Центр занятости населения», с современными инновационными технологиями заботы государства об обеспечении населения разными формами трудоустройства, обучения и переобучения различных слоев населения, о формах государственной поддержки обучающихся в средних, средних профессиональных и высших учебных заведениях, о помощи выпускникам в форме оплачиваемой молодежной стажировки.

Так же студенты были участниками городских социально-значимых мероприятий:

– Круглый стол «Мобильная группа как эффективный механизм профилактики социального сиротства» 19.11.2019г; Место проведения: НОУ «SOS Детская деревня», г.Нур-Султан.

– Круглый стол «Стратегии и механизмы обеспечения репродуктивных прав подростков, оказания им психологической помощи и защиты» 27.11.2019; Организаторы: Министерство информации и общественного развития РК, МОН РК, Лига женщин творческой инициативы.

Анализ динамики профессионально-личностного развития будущих специалистов в зависимости от характера педагогического взаимодействия: педагог-студент-работодатель – позволяют сделать следующие выводы:

- Анализ литературных источников показал, что проблема формирования коммуникативной компетенции как результат общения всех участников педагогического процесса является одной из актуальных проблем высшей школы. Саморазвитие, самосовершенствование профессионально-личностных качеств на каждом занятии – это главное направление в стратегии развития высшей школы.

- Деятельно-практические изменения себя происходят не в личностной самоизоляции, а в процессе социально-ценностной и личностно-значимой деятельности и общения.

- Формирование коммуникативной компетенции в педагогическом процессе – система взаимодействий преподавателей, сотрудников объектов будущей профессиональной деятельности и студентов, содержанием которого является обмен информацией, эффективная ориентация студентов на область их профессионального труда и формирования функций деятельности /коммуникативная, когнитивная, информационная, креативная/ с целью овладения и развития их на высоком уровне.

- Интеграция образования, науки и производства должна быть направлена на углубление и расширение действия науки ВУЗа и производства, совершенствование подготовки специалистов нового поколения, социально и профессионально активной личности, обладающей высокой компетентностью, мобильностью.

Таким образом, кратко изложенные теоретические положения и данные мини исследования по рассматриваемой теме позволяют сделать следующие выводы:

– Обзор теоретических источников показал актуальность проблем высшей школы в плане усиления влияния общения преподавателей, работодателей и студентов на саморазвитие личности будущего специалиста. Необходим поиск и выявление «внутренних ресурсов» по обеспечению саморазвития, самосовершенствования профессионально-личностных качеств будущего конкурентоспособного специалиста.

– Субъект-субъектное общение участников учебно-воспитательного процесса оказывает стимулирующее влияние на саморазвитие личности выпускника ВУЗа, которое состоит из следующих компонентов: целеполагание; потребностно-мотивационная сфера развития личности; планирование совместных действий; формы, методы способы организации общения; рефлексивно-оценочные и коррекционные действия.

Сотрудничество, социальное партнерство как особая социальная категория по своим функциональным и социально-психологическим возможностям готово к осуществлению роли субъекта профессиональной деятельности, а равноправная позиция преподавателя, работодателя и студента при этом и отношение к будущему специалисту как социально зрелой личности актуализируют и стимулируют саморазвитие будущего специалиста.

Проведенное исследование не исчерпывает всего многообразия освещаемой проблемы. В дальнейшем целесообразно изучить вопросы формирования креативно-творческой деятельности в соответствии с запросами социума и экономических перемен.

## Литература

1. Атыханов А., Муйтунова А. Актуальные вопросы высшего образования Казахстана / Высшая школа Казахстана. – Алматы, 2018. – №3-с.18-20.
2. Проблема саморазвития и самовоспитания как актуальная задача высшего образования / Высшая школа Казахстана. – Алматы, 2019. – №2. – с. 160-166.
3. Особенности характера субъект-субъектного общения в системе отношений «преподаватель-студент» / Достояние нации. – Алматы, 2010. – №2. – с.106-113.
4. Рыскулова М.М. Автореферат диссертации «Влияние общения преподавателей и студентов на саморазвитие личности будущего специалиста», Караганда, 2006.

## Түйін

Мақалада «Кәсіби орыс тілі» курсының практикалық сабақтарын өткізу мүмкіндігі туралы айтылады. Кәсіби қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру мақсатында әлеуметтік сала ұйымдары мен мекемелеріне бару процесінде: оқытушы-студент-жұмыс беруші.

## Summary

The article discusses the possibility of conducting practical classes of the course «Professional Russian Language». In the process of visiting organizations and institutions of the social sphere in order to form professional communication skills: teacher-student-employer.



ӘОЖ:821.512.122

**А.Сарсенбаева, Р. Қошқарбаев атындағы**  
*Қосшы орта мектебі, қазақ тілі*  
*мен әдебиеті мұғалімі*

## ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМ ТАҚЫРЫБЫ

*Мақалада қазақтың ойшыл ақыны Шәкәрім Құдайбердіұлының ғылым тақырыбына арналған шығармаларындағы көркемдік таным қырлары қарастырылған.*

**Кілт сөздер:** Шәкәрім Құдайбердіұлы, ғылым, көркемдік таным.

Шәкәрімнің «Үш анықта» ақиқатты тануда әлемдік діндер, сол діндер шеңберіндегі түрлі мистикалық, эзотериялық, оккультті ілімдерден дәлел келтіріп отыруы оның ой әлемінің ХХ ғасыр ойшылдарының (Э.Гуссерль) ақиқатты жалғыз ғылым шеше алмайды деген пікірімен тығыз байланыста екенін көрсетеді. Қазіргі заманғы Батыстың мәдениет дағдарысы соны дәлел етеді. «Үш анықта» мистикаға жататын спиритизм, телекинез, телепатия, фахризм, лунатизм, элементтерінен көптеген мысалдарын ақын ашық білдіреді: «Магнетизмді, спиритизмді жәдігөйлік, мұның сырын ашып һәм масқара қылайық деп Европа білімділері ізіне түссе де, көзі жеткен соң бір қуаттың барлығын еріксіз мойындады. Кейбіреуі өзі істеп көріп анықтайды /1,18/. Ақын ақиқатқа Сократтың данышпандығындай қатынаспен білім, сұлулық, адамгершілік бірлігі арқылы келуді уағыз етеді. Ғылым басқа таным жүйелерінен бөлек кетсе тығырлыққа тірелетінін, құдайтану тұтас көзқарасты қажет ететінін түйсінген:

Пәнші дейді: «Қайда тәңірі?»

Дінші дейді: «менде тұр!» [2, 204]

немесе:

Пәнші нанды бес сезімге

Дінші адасты жолынан [2, 205].

Шәкәрім бұл шумақта ғалым сенсуалистік таным арқылы тек эксперименттік, материалистік

көзқараспен бір жақты кетсе, ал жаратылыс ғылымдарынан хабарсыз діншілердің жалған уағызбен анық ақиқат бере алмауы халықты адастыруға әкелетінін ескертеді:

Пәнші мен дінші тыңдамас,  
Жиреніп мұны ұнамас.  
Өйткені олар бір езу  
Әдетін тастап, шыдамас  
Арланбай бұған еруге [2, 232].

Шәкәрімнің пікірінде ғылым бір жақты, дін бір жақты бір езу болмай, ғылым, дін, философия біріккен жағдайға ғана толық сенім болады. Философ Т.Кішібеков Шәкәрімнің әлем туралы көзқарасын сыңаржақ қарастыру қате болып табылатынын: «... Ол біресе ғылымға сүйенсе, енді бірде тіпті ғылымға жатпайтын пікірді уағыздайды. Бұдан келіп Шәкәрім бүтіндей діншіл болды, немесе ғылымға қарсы болды десек, оған қиянат жасаған болар едік», - деп жазады [3, 88/]. Ақынның шығармашылығында ақиқатқа әр түрлі қырынан келгенде ғана ғылым адамгершіліктің кепілі болады. Ал әлем, адам, құдай үшеуінің екі дүниеге де ортақ ара жібі - ұждан болмақ.

Филология ғылымдарының докторы М.Мырзахметов Шәкәрімнің үш анығы деп: «...біріншіден, затшылдық ғылым жолындағы таным мен, екіншіден, дін жолындағы теологтардың дүниетанымы бірінші, екінші анық деп көрсетеді де:

Іздедім, таптым анығын  
Тастадым ескі танығын, - [2, 232]

деп өзі ғұмыр бойы шарқ ұрып ізденіп тапқан жолы – үшінші анықты ұсынады. Ол үшінші анығы – Абайда кеңінен сөз болған мораль философиясындағы жан құмарына барып ұштасатын ұждан туралы күрделі мәселені көтереді», - деп көрсетеді [4, 4].

Шәкәрім интеллект пен руханилық екеуі бірікпеген жерде ғалым залымға айналатынын ескерткен. Молдарлар басқа діндегілерді пұтқа табынушы кәпірлер деп айыптап, ал өздері күнәға батып отырып-ақ құдай туралы сөз қозғайтынын күйіне жырлайды. Ақын зұлымдықтың табын жалған сопы, діндарлардың өзі егіп отыратынын ашып айтады. Бұл жағынан ол ортодоксальды дін шеңберінен кереғар кетеді. Ақын көзқарасында имандылық пен тазалық қана шын сенімге әкеледі. «Тәңірін іздеп бір мұңғыл» деп басталатын өлеңінде ақын атақ, пайда, мақтап іздемей, тәңірін іздеп тас суретке шоқынған мұңғылдың иманын әулиелікке балайды. Керісінше молдалардың екі жүзділігін сынайды:

Құдайың мен дүниеге  
Кезекпе-кезек шоқынсаң.  
Инедей пайда тие ме  
Мешітте мың жыл отырсаң.  
Кімде болса шын мінез,  
Болмас онда екі сөз.  
Өлтірсе де көзбе-көз,  
Иманын сатып алмас бөз [2, 242].

немесе «Дін» өлеңін алып қарастыралық:

Мейлі, кімге шоқынсын,  
Шын іздесе тәңірісін.  
Қиянатты жау білсін,  
Онан тыйып нәпсісін.

Тәңірі жолы – ақ жүрек,  
Сайтан деген – қиянат.  
Ақ жүректі ертерек,  
Ескер - дағы, қыл әдет... [2, 264]

Гуманист Шәкәрім пұтқа табынушы мұңғылдың дүниетанымы төмен деп айыптай алмайды. Барлығы руханилық дәрежесіне, иманға беріктігімен анықталады. Ақын қандай дін болмасын етегінен ұстау керек деген пікірді орнықтырмайды. Әрине Шәкәрім білімді басты орынға қояды.

Солай бола тұра, интеллект пен руханилық бірікпеген жерде ондай пайдасыз біліммен салыстырғанда, табиғи таза руханилық әулиелікпен тең.

Шәкәрім ғылым, оның керек жері, пайда-зияны туралы, әсіресе, XX ғасырдағы адам баласының ғылымды адамды зорлау, атом зардабының адамзат баласын ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын қасіретке ұшыратыру құралына айналдыратынын көріпкел жүрегімен жырлаған. Ақын жүрексіз залым адамға берген ғылым «тасты жерге шашқан бидай сынды», «тотыға тіл үйреткенмен сөзі – адам, өзі – құс», «қара тасты қанға малсаң да маржан бола алмайтынын» ұлы Гете, Толстойлармен қоса дәлелдейді:

Шын залымға берме ғылым,  
Ол алар да оқ қылар.  
Қаруым дер, кісі атып жер,  
Ол ғылымды айла етер [2, 115].

немесе:

Дүниені түзетуші,  
hәм бұзушы – бір ғылым.  
Әрі залым, әрі ғалым  
Ел түбіне сол жетер [2, 116].

Филология ғылымдарының докторы Б.Әбдіғазизұлы Шәкәрімнің ғылымға көзқарасын білдіретін осы өлең жолдарына тоқталғанда: «Бұл тұста Шәкәрім ғылымның пайдасы мен зиянын осылай таразы басына салады. Бұл сипат Шәкәрімнің лирикасындағы шыншылдықтың, реалистік ой салмағының айғағы. Ақынның тұжырымдары дәл, бұлтартпастай нақты. Шынында да бейбіт өмірдің шырқын бұзатын да, оны апаттан аман алып қалатын да адамзаттың ақыл-ойы, дәлірек айтқанда, ғылым. Адам баласын қырып-жоятын қару да осы - ғылымның жемісі. Сондықтан да ғылымды тек қана жақсы ниеттегі жандардың қолына беру керек», - дейді [5, 26].

Шәкәрім педагог, ақын ретінде әмбебап көзқараспен адамзат баласын жер бетінде икемделіп өмір сүруге үйретумен қоса, аспани даналықты таңдаулы тұлғаларға мұра етіп, өзінің тұлға ретіндегі миссиясын танытып кеткен данышпан. Екі түрлі даналықтың да мұраты – адасқан адам баласын надандықтың құрсауынан жұлып алып, бақыттың жолын нұсқау. Бірінші даналық – адам баласының бақытты тұрмысына қажетті фәни дүниелік өсиеттер. Екінші даналық – адамның өз әлсіздіктері мен пенделіктерінен биіктей отырып, адамның өзі үшін ғана емес, өзге үшін өмір сүруге керекті рухани жол. Сөйтіп, Шәкәрім екі өмірге де керекті «ұждан» деп, «ар іліміне» сара жолды салып беріп кеткен рухани ұстаз деп ойымызды қорытамыз.

### Әдебиеттер

1. Құдайбердіұлы Ш. Үш анық. – Алматы: Қазақстан және Ғақлия ғылыми-әдеби орталығы, 1991. – 80 б.
2. Құдайбердиев Ш. Шығармалары. Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. Құраст. М.Жармұхамедов, С.Дәуітов, (А.Құдайбердиев). – Алматы: Жазушы. 1988. – 560 б.
3. Кішібеков Т. Шәкәрім – философ// Ақиқат. 1994. №9.
4. Мырзахметов М. Ғашық жар деген кім еді? //Түркістан, 1999, 28 апрель, 4 мамыр.
5. Әбдіғазиев Б. Шәкәрімнің лирикалық шығармалары. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1994. – 72 б.

### Резюме

В статье рассматриваются аспекты художественного познания по предмету науки в творчестве казахского мыслителя Шакарима Кудайбердиева.

### Summary

The article discusses the aspects of artistic knowledge on the subject of science in the work of the Kazakh thinker Shakarim Kudaiberdyuly.

**Г.Б. Сейфоллина**, Қосшы орта мектебі,  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

### **Қ.О. БІТІБАЕВАНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ**

*Мақала әдіскер-ғалым Қ.О. Бітібаеваның ұсынған әдебиетті оқытудағы инновациялық технологияларды қазақ әдебиеті пәні сабағында қолдану мәселелеріне арналған.*

**Кілт сөздер:** Қ.О. Бітібаева, инновациялық технологиялар, әдіс-тәсілдер.

Қ.О. Бітібаева былай дейді: «Мақсатым – сабақты қызу еңбекке құру: сабаққа оқушыларды тыңдаушы дәрежесінде емес, еңбек етуші, білімді өз еңбегімен алушы (білімді өз еңбегіне қарай алушы) дәрежесінде қатыстыру. Олар – пікір айтушылар, қызу айтысқа қатысушылар, көркем шығармаға деген өз көзқарасы, эстетикалық талғамы қалыптасып келе жатқан азаматтар. Сол себепті де оларды сабақта үнемі іздендіріп отыруды мақсат етемін» [1].

Расында да, ұстаздың негізгі ұстанымы – сұхбат жасау, пікір еркіндігі, оқушының білімді өз еңбегімен алуына жағдай жасау, оқу жүйесін тереңдете беру, оны игертудің тиімді жолдарын іздеу, оқушы деңгейін анықтай отыра оған сай талап қоя білу және өзіндік айтар ой - пікірі бар, жоғары сапалы, белсенді азамат тәрбиелеп шығару. Осыған сай оқушыға берген білімінің нәтижесін көре білу әр ұстаздың мақсатының орындалуы.

Оқушыны білім алуға, оқуға, үйретуге, тәрбиелеуге көп мән берілуі тиіс. Оқушыларды кәсіптік білім алуымен қатар сөз шеберлігі мен баяндау жүйелілігі қалыптасқан, өз пікірін ашық білдіретін саналы ұрпақ етіп тәрбиелеу керек. Оқыту процесінде жаңа технологияларды қолдану, инновациялық бағытта жұмыс жасау заман ағымына сай. Оқу үрдісінде осындай жаңарған озық тәжірибелерді белсенді пайдалану және қолдану кейінгі жылдары айтарлықтай. Әдіс - тәсілдерді мұғалім ізденісі арқылы оқушы қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарай іріктеп қолданады.

Қ.О. Бітібаеваның әдебиетті оқытудағы инновациялық технологиялары – баланы ізденімпаздыққа, өз бетімен білімін жетілдіруге, өзінің ішкі мүмкіндіктерін тануға жетелейтін озық әдістер мен тәсілдер. Қазіргі таңда қолданыста жүрген «модель», «жоба», «бағалау парағы», «постер жасау», «миға шабуыл», «технологиялық карта» терминдері ұстаз еңбегінде, оның білім беру әдіс - тәсілдерінде бұрыннан бар екендігін еңбектерінен көре аламыз[1].

Қазіргі таңда қолданыста жүрген жаңа технологияның жеті модульі Қанипа Омарғалиқызының іс- тәжірибесінен де байқалады. Себебі ұстаздың ой тастау, ойланту, ойлау бағыты осы жеті модуль арқылы жүзеге асады. Бұнда оқыту тәсілдері оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға, оқу материалын саралауға, сараптауға, өзіндік көзқарастарын қалыптастырып, оны қорғауға, ой қорытуға жетелейді, әдеби айтыс, пікірлесу, диалогиялық әңгіме, проблема шешу, іздену сияқты өнімді әдістермен қатар оқушылардың өз бетімен ізденуіне, зерттеу жұмысына негізделеді, жобалау, модель жасау, оқушыларды өз беттерімен жаңа өнім жасауға бағыттайды.

Кейінгі кездегі қолданыста жүрген Кембридж технологиясынан Қ.О. Бітібаеваның да ұсынған технологиялары да кем емес. Қанипа Омарғалиқызы өткен ғасырдың аяқ кезінде республикалық атаулы мектебінде интеллектуалдық дамуы басқаның білімін қажет етпей, өз еншілігіне тиесілі іс-тәжірибесін жаңа заман сұранысына сай өндей білім бере білді. Қазіргі технологиялардың қай қайсысы болмасын Бітібаеваның ұсынған технологиясында көптен орын тапқаны анық.

Қ.О. Бітібаеваның оқыту технологиялары арқылы оқытудің тиімділігі тиімділігі: белсенді жұмыс, пәнге қызығушылық, тыңдау, шешім, бағалау, дағды қалыптасады. Технологияның нәтижесі тиімді және дұрыс болу үшін, мұғалім мынаны ескеруі қажет: сабақтың мақсатын дұрыс қоя білу, сабақ барысын технология негізінде дұрыс құру, оқушылардың жас, психологиялық ерекшеліктеріне, білім деңгейлеріне мән беру, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға іздену жұмыстарын жасау, оқушылардың жауабына еркіндік беру.



Қ. Бітібаева «Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары» атты оқу құралында: «... әдебиет пәні жас жеткіншектерге жай ғана білім беріп қоймайды, ол өмірдің ең қымбаттысы, ең асылы – жақсылық пен ізгіліктің ұрығын себеді... Бұл пән жас қауымды мақсатты өмір сүруге үндейді, оны туған анасын сүйуден Отанын сүйуге, бүкіл адамзатты сүйуге дейін жетелейді. Әдебиет пәнінің алдында тұрған осындай қасиетті мақсат ең алдымен сабақ процесінде, оның әр тақырыбында жүзеге асырылуға тиіс. Сондықтан әр сабақты, яғни әр сабаққа бөлінген 45 минутты тиімді етіп ұйымдастыра білу ісі мұғалімнен ерекше творчестволық жұмысты, ойлы да зерделі еңбекті талап етеді», - дейді [2]. Расында да әр мұғалім берілген уақытта бала бойына білімді де, тәрбиені де сіңіре білу қажет деп ойлаймын.

Жалпы бұл еңбектерден байқағаным тағы бір ірі іс оқумен бірге тәрбиенің жүруі. Бұны Қ.О. Бітібаева да ұстанған. Тәрбие білім алудың ең ірі құралы деп санаймын. Тәрбиесіз білім нәрімен қанағаттана алмаймыз.

Қ. Бітібаеваның ұжымдық оқыту арқылы оқушыларды іздендіру, зерттеу жұмысына баулудағы төл тәжірибесіне үңілгенде, оның әсіресе жұптық тәсілді «жаңғырта», «жаңарта» пайдаланғанын көруге болады. Ұстаз алдын-ала балаларды дайындайды, жұптаса, топтаса, ұжым болып ізденудің амал-тәсілдеріне дағдыландырады, жетелейді. Өтілетін жеңіл тақырыптарды екі бөлімге бөліп, жұптарға береді. Жеке-жеке оқып, екінші кезекте бір-біріне сыбырлай сөйлесе отырып айтады, осы іс әрекетке жаттықтырған соң, келесі сабақтарда жұптар жұмыс істеп болған соң, өз қалаулары мен нәтижелерін өз таңдаулары бойынша басқа жұптармен бөліседі. Енді мұғалім ұжымға проблема тастайды, ең алдымен топтар ол проблеманы ізденсе, соңынан бүкіл ұжым болып талқылайды. Бір проблеманы әр топ әр қырынан зерттейді, әр топтың өз тапсырмасы болады, қорытындыда ұжым бірге отырып ситуацияны шешеді.

Ұжымдық оқытудың оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына баулудағы ұтымдылығы төмендегідей:

- Дербес ізденіске, зерттеу жұмысына, алдыдағы проблеманы шешуге жұмылдырады.
- Білім деңгейлері жоғарылайды, өз ізденістері арқылы білімдерін яғни оқушылық деңгейден шығармашылық деңгейге көтереді.
- сыни көзқарастарының дамуына түрткі жасайды, бір-бірінің жұмысына пікір білдіруге, талдауға, қорытынды жасауға жетелейді.
- Зерттеу, іздену, ғылыми жұмыстарға деген қызығушылықтарын оятып, танымын белсендіреді[3].

Баланы ізденушілікке жетелейтін әр сабағы тұнып тұрған жаңа технологиялар. Осы технологияларды қолдану білім беруде өте тиімді деп санаймын. Көркем шығарманы өткенде балаға шығарманы оқыту үшін жобалау технологиясы қолайлы деп санаймыз. Яғни, жобалау технологиясы бойынша білім алушы шығарманы сызбаға түсіру үшін оның мазмұнымен толық танысуы керек болады. Оқымаған жағдайда әрине, талдау өте қиын. Бұл жерде бала пікірін дәлелдеу басты роль ойнайды. Яғни, дәлелдеу арқылы баланың «мені» қалыптасады.

Жалпы, Қ.О. Бітібаеваның технологиясын әдебиет сабақтарында қолданудың тиімділігі мынады:

- Ұстаз тақырыптық жоспар құра отырып, жоспарлы тапсырмалар жүйесін жасайды. Бала өз бетімен жұмыс жасауға дағдыланып, практикалық жұмыстарды жасап үйренеді.
- Алдын-ала тапсырмалар жүйесінен жасап, жоспарлау. Әртүрлі сабақ түрлерін де ұйымдастыруға болады: семинар, дискуссиялар, пікірталас сабақтары, т.б.
- Графикалық тұжырымды сұрақтар ойластырылады. Сабақ түрлері де топтық жұмыстарға негізделеді.
- Іздендіруші тапсырмалар жүйесін құрып, қарсы пікір жазып, дәлелдеуге баулу. Ғылыми-конференция сабақтарын ұйымдастыруға болады.

Өз тәжірибемізде қолдану нәтижесінде Қ.О. Бітібаеваның графикалық жобасын, модельдеу және ой салу, ойланту, жаңа білімді меңгерту технологиясын сабақ үрдісінде пайдалану арқылы білім алушылардың танымдық түрлендіруші іс-әрекеттерін танып, ізденістерге жетелейді. Білім алушылардың бір ғана әдебиетпен шектелмей, қосымша ғылыми еңбектермен зерттеушілік бағытта ізденулеріне жол ашады.

Қ.О. Бітібаева білім беру үрдісіне технологияны дендеп ендіруді мақсат етіп қоя білген. Баланың пікір-пайымын, өзіндік көзқарасын қалыптастыру жолында қандай да болмасын, жана технология болсын, ең бастысы бала тақырыпты толыққанды ұғып-талдай алуы үшін бағытталған.

### Әдебиеттер

1. Бітібаева Қ. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. – Алматы, 1999.
2. Бітібаева Қ. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары (Мұғалімдерге арналған құрал). – Алматы: Рауан, 1990.
3. Кетекпаева Р.Ж. Қ.О. Бітібаеваның әдебиетті оқытудағы инновациялық технологияларының тиімділігі. Ғаламтор. 2016
4. Бейсенбаева А. Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру. Алматы: 1995.

### Резюме

Статья посвящена проблеме использования инновационных технологий в преподавании литературы в школе, предложенной ученым-методистом К.О. Битибаевой.

### Summary

The article is devoted to the problem of using innovative technologies in the teaching of literature at the school, proposed by the methodologist K.O. Bitibaeva.



УДК 387.1

**М.Б. Нурпеисова, PhD докторант 2 курса  
специальности «Управление проектами»**

**А.Н. Тургинбаева, д.э.н., профессор  
КазНУ им. аль-Фараби**


## ПРОЕКТНО-ОРИЕНТИРОВАННЫЙ МЕТОД УПРАВЛЕНИЯ: НЕКОТОРЫЕ ОСОБЕННОСТИ И ПРОБЛЕМЫ АДАПТАЦИИ В ВУЗЕ

В условиях становления рынков более динамичными, а изменений – непредсказуемыми, организации вынуждены выстраивать все более открытые и гибкие системы управления. Все больше внимания уделяется способности адаптироваться к внешним изменениям и влиять на них. При имеющейся высокой конкуренции на рынке образовательных услуг вузы стремятся к обеспечению соответствия качества своей научно-образовательной деятельности требованиям работодателей и стейкхолдеров.

Так, согласно данным Государственного центра выплаты пенсий (ГЦВП) показатель всех выпускников вузов РК в 2017 году в сравнении с 2016 годом снизился на 10%, а в 2018 по сравнению с 2017 увеличился на 11% (диагр. 1).

Для продолжения тенденции повышения процента трудоустраиваемой своих выпускников современный вуз должен стремиться на постоянной основе повышать качество выпускаемых специалистов, а также проводить внутреннюю модернизацию своих процессов с целью повышения их эффективности. Эти действия обладают рядом характеристик, позволяющих называть такую деятельность проектом. Согласно определению Свода знаний по управлению проектами (Project Management Body of Knowledge, 4 издание) проект – это временное предприятие, направленное на получение уникального продукта, услуги или результата [1]. Использование проектно-ориентированного метода приближает процесс подготовки специалистов к реальной профессиональной деятельности, снимает проблему ограниченного учебного времени (предоставляет возможность освоения программы курсов в индивидуальном темпе); хороший, продуманный проект всегда

четко увязан с актуальными проблемами экономического, социального, производственного, технического характера.



Диagr. 1. Динамика показателя трудоустройства выпускника вуза, %

Управление научными проектами в вузе с использованием проектного подхода при его широкомасштабном применении станет катализатором высокой эффективности реализации проектно-ориентированной деятельности университета. Это будет способствовать масштабному социально-экономическому развитию за счет повышения эффективности, повышения качества выполнения научной деятельности.

Методология управления проектами представляет собой деятельность, направленную на эффективное достижение результатов путем применения различных инструментов и методов управления [2]. Однако, термин «проект» становится столь популярным в наше время, что им зачастую именуют любую заурядную деятельность, не отвечающую основным критериям проекта.

Обычно в числе характеристик проекта отмечают:

- установленная цель проекта;
- определенное время на его реализацию;
- привлечение для его реализации разных отделов и специалистов разного профиля;
- новизна: как правило, выполняется нечто, что никогда не делалось ранее;
- особые требования по времени, затратам и качеству выполнения работы.[4]

Особенность организационного устройства, производимых услуг, а также процессов и функции [3] делают вуз отдельным объектом для исследования с точки зрения внедрения и адаптации методов управления проектами. Еще одной особенностью вуза является достаточно жесткая регламентация и стандартизация деятельности со стороны государства, Министерств образования, даже если вуз является коммерческим. Другая отличительная черта вузов – они не только ответственны за воспроизводство научно-технического (интеллектуального) потенциала, но и осуществляют научно-исследовательскую и инновационную деятельность[5]. Таким образом, специфика работы и устройство вуза обуславливает зачастую и ряд проблем при применении данного подхода. Методы проектного менеджмента не новы для современного мира, они с успехом применяются

во многих отраслях экономики, особенно учитывая сегодняшнюю эпоху глобализации, но именно специфика работы и устройства вуза. Необходимо подчеркнуть, что проблемы практического применения методологии управления проектами, рассмотренные в настоящей статье, не являются универсальными для деятельности всех вузов; для некоторых отдельных вузов они могут оказаться нетипичными.

Исследования проблем управления проектами в организации нашли отражение в трудах ведущих российских и европейских ученых: К. Арто, Т. Гранди, К. Грей, С. Грин, Б. Груча, Дж. Карлсен, Д. Клеланд, Ю.Н. Лапыгин, Э. Ларсен, И.И. Мазур, Л.Г. Матвеева, Д. Милошевич, П. Моррис, К. Огонек, Дж. Пинто, М.В. Романова, Дж.Р. Тернер, А.С. Товб, М. Троцкий, И.М. Харитонов, Г.Л. Ципес и др. Изучение специфики управления и проблем управления вузами в свою очередь занимались С.А. Богачев, Н.Ш. Ватолкина, И.М. Гайнутдинова, О.Г. Грудзинский, Г.Н. Константинов, Г.И. Лазарев, Ю.Р. Муратова, В.В. Радаев, Ю.Б. Рубин, Т.А. Салимова, О.Б. Сухорукова, С.Р. Филонович и др. Тем не менее, несмотря на наличие немалого количества научных трудов как по управлению проектами, так и по стратегическому анализу, можно отметить, что целостный, системный подход к использованию методов стратегического анализа при управлении проектами в компании, и, соответственно, в вузе на данный момент еще четко не сформирован [5].

Успех любого проекта зависит от многих факторов, один из них – это плодотворная работа его команды. В свою очередь, результативность работы проектной команды напрямую зависит от эффективности управления человеческими ресурсами со стороны руководителя проекта. Будучи самостоятельной областью знаний управления проектами [6], управление человеческими ресурсами подразумевает под собой управление, планирование, набор и развитие команды проекта. В ходе осуществления и контроля этих процессов руководитель проекта в вузе зачастую сталкивается с рядом проблем, среди которых можно выделить следующие основные:

- отсутствие необходимых компетенций у исполнителей;
- роль, которую играет сотрудник в команде, не соответствует его должностному положению в организации;
- приоритет основной деятельности над работой в проекте;
- принудительное включение исполнителей в проект;
- отсутствие четкого разделения ответственностей в команде;
- нечеткая постановка задач и целей;
- конфликты внутри команды проекта [7];

В вузе исполнители и руководители проектов – это чаще всего профессорско-преподавательский состав (ППС). ППС является ключевым элементом высшей школы, и от квалификации преподавателя, его педагогической компетентности, условий труда и жизни, человеческих и моральных качеств, общей культуры зависят и качество подготовки специалистов, и результативность экономической деятельности в целом. Как можно видеть из приведенной таблицы 1, в Казахстане достаточно высокий уровень острепенности ППС по профилю, что говорит о большой квалификации, качественном уровне преподавания, зачастую наличии надпрофессиональных навыков (так называемых softskills).

Однако, имея глубокие знания в сфере своей профессиональной деятельности (табл. 1), ППС, зачастую, становясь руководителями проекта, они ощущают нехватку должных управленческих навыков из-за недостаточного опыта, знаний и отсутствия практики в области менеджмента [8]. Для того, что осуществлять грамотно выстроенное проектное обучение, ППС вуза должен владеть проектным методом не на уровне простого воспроизведения действий в проекте, а владеть именно методологией проектирования. Это, безусловно, потребует более глубокого погружения в методическую область своей профессиональной деятельности. Во избежание конфликта между признанием исследовательской или педагогической составляющей как основной для педагога, необходимо продумать механизм внедрения инноваций (методик проектно-ориентированной деятельности) с учетом разнообразия отношений к ним, а также с учетом последовательности во внедрении и мотивирования необходимости именно данных конкретных изменений в привычном учебном процессе. Пока же, как показывает практика, в вузах СНГ ощущается нехватка таких преподавателей и навыков.

Таблица 1. **Казахстан: показатели остепененности ППС вузов, человек / % \***

	2015-2016 уч.г.		2016-2017 уч.г.		2017-2018 уч.г.	
	кол-во, чел	доля, %	кол-во, чел	доля, %	кол-во, чел	доля, %
Всего ППС	38 087	100	38 241	100	38 212	100
Из них:						
докторов наук	3 568	9,4	3 499	9,2	3 251	8,5
кандидатов наук	14 239	37,4	14 023	36,7	13276	34,7
Докторов философии (PhD)	1 133	3	1 562	4	1 854	5
Докторов по профилю	139	0,4	175	0,5	208	0,5
магистров	10 082	26,5	11 135	29,1	12 098	31,7
Общий показатель остепененности (п. 1-4)	19 079	50,1	19 259	50,4	18 589	48,7
другие	8 926	23,4	7 847	20,5	7 847	19,6

*\* (по данным Аналитического отчета Центра Болонского процесса и академической мобильности МОН РК, 2018-2019 г.)*

Необходимо также учитывать, что выполнение работ по проекту нередко является дополнительной задачей помимо основной деятельности ППС в вузе, что приводит к необходимости эффективной организации их рабочего времени. Вместе с тем, подобная дополнительная работа далеко не всегда оплачивается отдельно, что существенно влияет на мотивацию исполнителя и, соответственно, на качество полученного результата и сроки выполнения.

5. Нгуен Динь Луан. Интегративно-когнитивный подход к формированию умений общения у вьетнамских студентов-филологов в учебно-профессиональной сфере: дис. ... доктора пед. наук: 13.00.02 / Нгуен Динь Луан. – М., 1999. 459 с.

6.<http://www.eng-kaz.kz./Translator/?words=communication#PlaceForm> (қаралған күні - 20 қараша 2019 жыл).

### Резюме

В статье рассматривается теория коммуникативной направленности профессионально-ориентированного обучения казахскому неродному языку, была сделана попытка раскрыть ее сущность и содержание.

### Summary

The article discusses the theory of the communicative orientation of professionally oriented teaching of the Kazakh non-native language, an attempt was made to reveal its essence and content.



ӘОЖ: 373.167(075,3):821.51.0

**А.Б. Сейсекенова**, ф.ғ.к., «Қазақ және шет тілдері»  
кафедрасының доценті  
ҚазӘҚХСУ

## ИЛИАС ЖАНСҮГІРОВТИҢ «ҚҰЛАГЕР» ПОЭМАСЫ АУДАРМАСЫНДАҒЫ РЕАЛИЯ СӨЗДЕРДІҢ БЕРІЛУ ЖОЛДАРЫ

*Мақала Илияс Жансүгіровтың «Құлагер» поэмасының Белинда Кук аударған ағылшын тіліндегі нұсқасындағы реалия сөздердің берілу жолдарына арналған. Еңбекте түпнұсқа мен аударма тіліндегі реалия сөздерді аударудағы аудармашы қолданған әдіс-тәсілдері қарастырылған. Мақалада реалия сөздердің аудармада берілуі жайында мысалдар келтіріліп, салыстырмалы талдаулар жасалған.*

**Кілт сөздер:** *Илияс Жансүгіров, Құлагер, Белинда Кук, реалия сөздер, түпнұсқа, аударма.*

Кез-келген көркем мәтін шеңберінде реалиялар, яғни, ұлттық - мәдени маркер - сөздер лингво-мәдени бірліктер ретінде әр түрлі қызмет атқарады. Мысалы, біз талдағалы отырған Илияс Жансүгіровтың «Құлагер» поэмасының Белинда Кук аударған ағылшын тіліндегі нұсқасында кездесетін реалиялар өзге ел мәдениетінің маркер-сөздері ретінде ағылшын тілді оқырманға Ақан сері өмір сүрген дәуірдегі шындықтың қазақ халқына тән фрагменттерін көрсететін әлемнің тілдік бейнесін құрайды. Реалия сөздерге белгілі бір елге тән барлық географиялық атаулар, жалқы есімдер, ұлттық салт-дәстүрлер, мерекелер атауы, тұрмыстық бұйымдар, сусындар, тағамдар, мифологиялық, фольклорлық персонаждар, ән-жырлар, музыкалық шығармалар т.с.с. жатады.

Ең алғаш ғылыми айналымға реалия сөзін термин ретінде ХХ ғасырдың 40-жылдары Ресей ғалымы А.В. Федоров [1] енгізген болатын. Реалиялардың көркем аудармадағы рөлі туралы Э. Медникова [2], Н.И. Паморозская [3] т.б. орыс ғалымдары зерттеді. Сондай-ақ, реалия термині М.Л. Байсбурд [4], Л.С. Бархударов [5], Е.М. Верещагин, В.Г. Костомаров [6], Г.Д. Томахин [7], В.С. Виноградов [8], Н. А. Фененко [9] сынды ғалымдардың еңбектерінде қарастырылады.

Аудармадағы ұлттық – тарихи колоритті берудереалиялардың қызметі ерекше. Әсіресе оқырманды көркем шығармадағы ұлттық атмосфераға бойлату үшін реалиялардың символдық қызметі үлкен роль атқарады. Түпнұсқадан басқа тілге аудару үшін аудармашының аударудың амалдары мен әдіс-тәсілдерін меңгеруі қажет екені айқын. Реалиялар деп түпнұсқадағы мәдени семантикасы басым болып келетін және аударылатын тілде дәлме-дәл балама элементтері болмайтын, түпнұсқа мен аударма тілінің мәдениеті, тілі, дәстүрі арасындағы айырмашылығы жер мен көктей болатын түсініктерді айтамыз. Осыған байланысты баламасыз лексика терминін қолдану тіл, мәдениет және аударма мәселелерімен айналысып жүрген көптеген ғалымдардың (Е.М. Верещагин, В.Г. Косто-



маров, С. Влахов, С. Флорин, Л.С. Бархударов, В.Н. Комиссаров) еңбектерінде кездеседі.

С.М. Ниятуллаев «Реалия сөздер мәдени бірліктер ретінде және олардың аудармада берілу жолдары» (Ә. Нұрпейісовтың «Қан мен тер трилогиясы негізінде») атты мақаласында реалияға келесідей түсініктерді жатқызады [10, б. 277-280]:

1) реалия – бұл ұғым, практикалық түрде басқа тілде сөйлейтін адамдардың өмірінде болмай-тын ұғым;

2) сыртқы лингвистикамен және аударматанумен зерттелінетін әр түрлі факт олар және олардың тілде бейнеленуі, сондай-ақ берілген елдің мемлекеттік құрлымы, халықтың тарихы, мәдениеті, тілі, берілген тіл меңгерушілерінің байланыстары және т.б.;

3) Сөздің номенативті мәні үшін негіз болып табылатын материалдық мәдениеттің заттары;

4) Өмірдің және тұрмыстың ұлттық ерекшеліктерін белгілейтін сөздер.

Реалияларды аудару түпнұсқа тілдің ұлттық және мәдени ерекшеліктерін бере білуге қатысты маңызды мәселелердің бірі. Егер реалия сөздерді нақты аударма алған болса, онда аудармашы көркем мәтіннің эстетикалық және эмоциялық әсерін дәл бере білу мақсатына жетті деп айта аламыз.

Көптеген зерттеушілер көркем әдебиеттегі реалияларды аударудың әр түрлі амал-тәсілдерін атап көрсеткен болатын. Қазіргі аударманың теориясы мен практикасында солардың ең көп тараған түрлеріне транскрипция және транслитерация, калькалау, сипаттама немесе түсіндірме, жақында-тылған аударма, трансформациялық аударма, гипонимикалық аударма және аударманың басқа да түрлерін жатқызады.

Аударманың аталмыш тәсілдері Ілияс Жансүгіровтың «Құлагер» поэмасындағы реалиялардың Белинда Кук аударған ағылшын тіліндегі нұсқасында да көрініс тауып отырады [11]. Осыларды дәлірек айту үшін аталған тәсілдердің көп тараған түрлері: транскрипция и транслитерация әдістерінен бастап қарастырып өтейік.

Транскрипция деп түпнұсқа тілдегі реалия сөздің дыбыстық формасының аударылатын тілде берілуін, ал транслитерация деп түпнұсқаның аударма тіліндегі графикалық формасымен берілуін айтамыз. Бұл екі тәсілдің аудармадағы мазмұндық колоритті беруде көп көмегі тиіп отырады. Транскрипция түпнұсқаға фонетикалық тұрғыдан неғұрлым жақындатылып берілетін тәсіл болса, ал транслитерацияның қолданылуы шектеулі болады. Ол көбенесе жалқы есімдерді, белгілі бір атауларды, әлеуметтік таптардың атауы, қоғамдық-саяси өмір түсініктерін беруде қолданылады. Кейде осы екі тәсілдің ұқсастықтарына орай шатастырып та жатады. Осы екі тәсілдің басым тұстарына қысқа да нақты болуын жатқызамыз. Жасалған талдаулар барысында Ілияс Жансүгіровтың «Құлагер» поэмасының Белинда Кук аударған ағылшын тіліндегі нұсқасындағы реалиялардың басым көпшілігі транслитерация мен транскрипция арқылы аударылғаны белгілі болды.

Бұл әдісті қолдана отырып, басқа тілдік реалияларды механикалық түрде аудару арқылы аудармашылар жергілікті ұлттық колоритті беруге тырысады. Осы әдісті аударма теоретигі В.С. Модестов лексикалық анықтылықты жеткізуде және де түпнұсқадағы сол елге ғана тән жайттарды бөгде жұрт оқырманына білдіруге, сондай-ақ, басқа мәдениеттік бірліктерді аударылатын тілде жаңашыл, бейтаныстық ерекшелігімен көрсетуге тиімді әдіс деп бағалайды [12].

Осыған орай поэмада географиялық, этнографиялық, топономикалық және кісі атына қатысты реалиялардың көптеп кездесуі кездейсоқ емес. Мысалы, «домбыра», «Алатау», «Арқа», «Арғын», «ауыл», «зекет», «сері», «пері», «күй» реалияларын аудармашы транслитерация әдісі арқылы аударма тілінің графикасымен сол қалпында берген. Осыған байланысты кейбір үзінділер келтіре кетейік. Поэмадағы түпнұсқада:

*Күйіндеі домбыраның құлдырасын,*

*Суындай Алатаудың сұлдырасын [13, 272 б.],*

деген жолдардағы «күй», «Алатау» сөздері аудармада:

*Let the kui resound from the dombra [11, 28 б.],*

*echoing Alatau's mountain rivers,-*

деп берілген. Немесе келесі тармақтарда да транслитерация әдісімен «күй» сөзі аударма тілінің графикасымен сол қалпында берілген:

*Ескі ән, күй сондықтан қалған боздап [13, 273 б.].*

Leave it to our *kuis* to reveal this grief and bitterness [11, 29 б.].

Түпнұсқадағы топонимдердің бірі – «Арқа» сөзін де сол қалпында ағылшын тілінің графикасымен берген:

Ақтарған *Арқа* астын инженермін,

Ал, жұртым, керегіңе тұрса сөзім [13, 273 б.].

I am the one with nothing to hide,

who digs deep to the bottom of *Arka*... [11, 30 б.]

Бұның ұтымды жағы туралы аударма теоретигі В. С. Модестов пікіріндегіше деп айта отырып, бұл тармақтардағы транслитерациядағы бір кемшілік – бұл әдіс ағылшын тілді оқырманнан аялық білімді талап ететінін айтқымыз келеді. Мысалы, домбыра, Алатау, Арқа сынды реалия сөздер қазақ мәдениеті мен географиялық орындар мен жер, су атауынан хабарсыз адамға түсініксіз болуы мүмкін. Біздің пікірімізше, «домбыра», «Алатау», «Арқа», «Арғын», «ауыл», «зекет», «сері», «пері», «күй» сөздеріне аудармадағы әр беттің соңында түсініктемелер келтірілуі тиіс немесе сипаттамалар жасалуы тиіс. Мысалы, «Тұсында сері болсын, «пері» болсын» [13, 279 б.] тармағы аударма тілінде «but Akan, whether seri or peri» [13, 236 б.] деп берілуі төменде түсініктемелер берілмесе ағылшын тілді оқырманға шығарманы түсінуге қиын соғуы мүмкін. Осы жерде «сері» сөзінің қазақ мәдениетіндегі сал-серілік дәстүрмен байланысы туралы және «пері» туралы фольклорлық аңыздардан мысалдар берілуі поэманың идеясы мен мазмұнын аша түсер еді.

Сол сынды аудармадағы «батыр» реалиясына тоқтала кетелік. Түпнұсқада:

...Өткір ой, сезгір сезім *батырысың* [13, 273 б.];

Аудармада:

...You are the *warrior* of deep thought and power [11, 28 б.].

Бұл жерде «батыр» фольклорлық реалия сөзін «warrior» әскер, жауынгер сөзімен берген. Батыр деп қазақы түсінікте өз жеке қарақан басын емес, ел қамын өз басынан артық қоятын, Отанын сүйген ерді айтамыз. Аудармашы «батыр» реалия сөзін «the warrior of deep thought and power» терең ой мен күш иесі жауынгер ретінде аударған. Илияс Жансүгіров түпнұсқада «батыр» сөзін метафора ретінде қолданған, осы сөзді Белинда Кукгипонимикалық әдіспен аударып берген. Бұдан біз аудармашының түпнұсқадағы өлең жолдарының мағынасын аударма тіліндегі мағынасы жақын нұсқамен аударғанын байқаймыз. Дегенмен, реалияларды түсіру аудармада көп жағдайда ұтымды нәтиже бермеуі мүмкін. Батыр мен қатардағы жауынгер немесе әскердің көп айырмашылығы барын қазақтың тарихын білетін адам жақсы айыра алады. Бұл аудармашының түпнұсқа сөздер туралы нақты ақпараты болмауынан да болуы мүмкін. Илияс Жансүгіров «Өткір ой, сезгір сезім батырысың» деп ерекше жан иесін, яғни, өзін айтып отыр. Бұл шумақтар поэманың «Толғану» атты бірінші бөлімінен алынған мысал. Ақын мұнда Қазтуған жырау, Махамбеттер сынды поэмадағы негізгі оқиғадан бұрын өзін оқырманға жәй ақын ғана емес, қалам ұстаған «батыр» ретінде таныстырып әрі шабыт шақырып толғап жырлайды.

Сол сынды гипонимикалық әдіспен аударылған реалиялардың бірі – «қыр» сөзіне қатысты. Түпнұсқада:

Құлақты *қырға* түріп жүрген кезім [13, 273 б.].

Аудармада:

My ear was always close to *ground* [11, 30 б.].

Аудармашы «қыр» сөзін «ground» яғни, «жер» деп аударған. Кембридж сөздігінде де «ground» сөзі «жер», «топырақ» мағынасын білдіреді [14].

Аудармашының «My ear was always close to *ground*» тармағын сөзбе-сөз аударсақ «менің құлағым әрдайым жерге жақын болған» болып шығады. Сондықтан бұл тұста да Белинда Кукке «қырдың» баламасын дәл беру үшін басқа аударудың басқа жолдарын іздегені ұтымды болар еді. Илияс Жансүгіровтың қолданысындағы «құлақты қырға түру» тіркесі метанимиялық жолмен жасалған контекстік ауыс мағыналы авторлық сөзге жатады. Сондай-ақ, «қыр» сөзінің жалпыхалықтық стильдегі мағынасы бір бөлек тақырып деуге болады. Жоғарыда келтірілген салыстырулардан кез-келген аудармашы үшін реалия сөздерді аударудың күрделі тұстары мол екендігін байқауға болады.

Дей тұрсақ та, поэманың ағылшын тіліне аударылуы қазақ әдебиеті мен мәдениетінің халықаралық тұрғыда насихатталуының үздік үлгісі деп айта аламыз. Жалпы, Илияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасының ағылшын тіліне аударылуы мен ақынның 125 жылдығына орай кітап болып жарыққа шығуы 10 жыл көлеміндей уақытты алған екен. Ол туралы шығарманың ағылшын тілінде жарық көруіне ақынның тікелей ұрпақтарының ат салысуы мұрындық болғанын ақынның немересі Жанар Жандосованың мақаласынан оқуға болады [15]. Сондай-ақ, Илияс Жансүгіровтің көркемдігі мен танымы биік күрделі шығармасын ақын Белинда Куктың тікелей қазақ тілінен аударуы поэманың шекара асуындағы үлкен миссия ретінде танылуы тиіс деп ойымызды қорытамыз.

### Әдебиеттер

1. Федорова В. О художественном переводе. Л.: Объединение государственных книжно-журнальных издательств, 1941. 260 с.
2. Медникова, Э. Послесловие. Комментарий Текст. / Э. Медникова // Capote T. The Grass Harp. Breakfast at Tiffany's. М.: Progress publishers, 1974. – С.186-223.
3. Паморозская Н.И. Роль слов-реалий в создании культурного фона художественного произведения. // Лексика и культура. Тверь: Тверской государственный университет, 1990. – С. 59-62.
4. Байсбурд М.Л. Реалии как элемент страноведения // Русский язык за рубежом. 1972. № 3. С. 98-100.
5. Бархударов Л.С. Язык и перевод. М.: Международные отношения, 1975. – 240 с.
6. Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура. Изд. 3-е, перераб. и доп. М.: Русский язык, 1983. – 269 с.
7. Томахин Г.Д. Реалии в языке и культуре // ИЯШ. 1997. – № 3. – С. 1318.
8. Виноградов В.С. Введение в переводоведение. М.: Издательство института общего среднего образования РАО, 2001. – 224 с.
9. Фененко Н.А. Лингвокультурная адаптация реалий // Проблемы культурной адаптации текста. Тез. докл. междунар. научн. конф. Воронеж: Центр «Русская словесность», 1999. – С. 110-113.
10. Ниятуллаев С.М. Реалия сөздер мәдени бірліктер ретінде және олардың аудармада берілу жолдары» (Ә. Нұрпейісовтың «Қан мен тер трилогиясы негізінде») // Абай атындғы ҚазҰПУ хабаршысы. 2017. – №2(60). Б. 277-280.
11. Ilias Jansugurov. Kulager. Translated by Belinda Cooke. Astana/Almaty. 2018 – 160 p.
12. Модестов В.С. Художественный перевод: история, теория, практика. – М.:2006. – 463 с.
13. Жансүгіров І. Құлагер. Өлеңдер мен поэмалар. – Аламы. – 2003. – 360 б.
14. <https://dictionary.cambridge.org/ru/%D1%81%D0%BB%D0%BE%D0%B2%D0%B0%D1%80%D1%8C/%D0%B0%D0%BD%D0%B3%D0%BB%D0%B8%D0%B9%D1%81%D0%BA%D0%B8%D0%B9/ground> (қаралған күні – 10 қараша 2019 ж.)
15. [https://kazakh-tv.kz/kz/view/culture/page\\_202183\\_kulager-poemasy-ahylshyn-tiline-audaryldy](https://kazakh-tv.kz/kz/view/culture/page_202183_kulager-poemasy-ahylshyn-tiline-audaryldy) (қаралған күні – 10 қараша 2019 ж.)

### Резюме

Статья посвящена способам реализации перевода поэмы Илияса Жансугурова «Кулагер» на английский язык. В статье представлены методы, используемые переводчиком для перевода слов реалий. Приводятся примеры и сравнительный анализ текстов.

### Summary

The article is devoted to methods of translating the poem by Iliyas Zhansugurov “Kulager” into English. The article presents the methods used by the translator to translate the words of realities. Examples and comparative analysis of texts are given.



## ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРҒА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ ЖӘНЕ АҒАРТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Мақала Шәкәрім Құдайбердіұлы поэзиясындағы табиғат тақырыбы арқылы мектеп оқушыларына экологиялық тәрбие мен рухани – адамгершілік бағыт беруге арналған.*

**Кілт сөздер:** Шәкәрім, жан мен тән, адам, табиғат, гилозоизм.

Қазақтың ойшыл ақын Шәкәрім Құдайбердіұлы өз поэзиясында ғаламды «әлемдік жан» деп қарастыра отырып, жан мен тән абстрактілі бөлек өмір сүреді демейді, бізді қоршаған объективті өмірде жансыз тән болмайды, жан тәнсіз өмір сүре алмайды деп түйіндейді:

Түрлі жанда дене түрлеп,  
Өзгеріп тұр бұл ғалам.  
Жоғалатын нәрсе жоқ деп,  
Айтты ғылым байқаған [1,266].

Шәкәрімше «тән-терезесі» болса, «Жан-иесі», жан алғашқы болса да оның іші-сырты деген болмайды. Шәкәрімнің бұл ойы Гегельдің табиғат туралы «құбылыссыз мән болмайды, мәнсіз құбылыс жоқ» деп бірлікте қарастыруына жақын болса, сол сияқты тәнді о баста тірі, жанды деп түсіндірген ежелгі гректердің Иония мектебінен шыққан философтар - Фалес, Анаксимандр, Анаксимен, Диоген, Гераклит шығармаларымен таныс екендігін дәлелдейді. «Үш анықта»: «Ескі заманның білімділері әр нәрсенің түпкі негізі неден жаралғанын тексеріп, тамам нәрсенің негізі төрт нәрсе деп білген. Онысы - от, су, топырақ, ауа» [2,8]. Әрине, Шәкәрім Иония гректерінің көзқарастарымен таныс болмаса бұлай жазбас еді. Ақынның поэзиясы Спинозаның өзін христиандық теистке айналдырып жіберерліктей сиқыры бар, кез-келген тұрпайы материализм мен атеизмнің өзін тас-талқан ететін Гете поэзиясымен әбден үндестікке түскен.

Шәкәрімнің табиғат туралы поэзиясы гилозоизмның (рухани табиғат) нышаны болып табылады. Өйткені, ақын табиғатты құдайды пенде көзінен жасырушы емес, табиғаттың құдаймен тұтастығының өзі оның адам көзінен жасырынбай тұрып-ақ құпия бола білуінде деп түсінген. Бұл - Шәкәрімнің құдайды белгілі бір есімсіз жар деп атауынан да байқалады.

Шәкәрім бұл әлемнің құдайдан бөлек еш нәрсесі жоқ екенін былайша жырға қосады:

Бұл өмірдің әр түрлі  
Бөлек емес ешбірі,  
Бәрі де жардың бір сыры;  
Не көлеңке, не нұры [1,256].

Ақын құдайтануды тікелей табиғаттан бастау, үйрену керектігін басты назарға алады. «Тауық неге шақырар сағат сайын» деп басталатын өлеңінде тауықтың шақырғаны, иттің ұлығаны, гүлді көріп бұлбұлдың сайрағаны, бозторғайдың таң бозарса - ақ ән салатыны - олардың өз Тәңірін сипаттауы, олардың құлшылық намазы мен иманы сол:

Олар деп тұр - ойға алып бір құдайын,  
Зор құдіретін әлемге ұқтырайын.  
Құлшылық намазы мен иманы сол, -  
Күнде бір, айында бір, сағат сайын.

Демейді босқа ұлып, тек сайрайын,  
Деп тұр ол өз тәңірін сипаттайын.  
Нәпсі көзін байлаған адамзаттан

Айуан артық біледі өмір жайын [1,263].

Шәкәрім табиғатта бәрінің себебі бар, саналы, тәртіпті, сезімді, мақсатты әрекет екенін таза ақылмен өлшеп сынау керектігін дәріптейді.

Тұңғыық қараңғы түн, жарық күндіз,  
Қуалап бірін-бірі жүр тынымсыз.  
Біржолата қараңғы болмасын деп,  
Көмескі сәуле берер ай мен жұлдыз.  
Жүрісі шатаспайды, шаршамайды,  
Дыбыс жоқ, кідіріс жоқ, не қылмайды із [1,199].

Ақынның поэзиясында адам әлемдегі қозғалатынның бәрінің жаны бар екенін сезініп, табиғатты тамашалау қуанышын өзіне бақыт деп білуі тиіс, айналаға қарап таңдана білудің өзі үлкен мектеп:

Таң қаларсың, ойға салсаң,  
Қар жасаған шытырасын.  
Жаратылыстан ғибрат алсаң,  
Болар едің ойқұмар [1,265].

Шәкәрім үшін табиғат – кәдімгі күн мен ай, көк аспан, жұлдыздар, жер дүниесі, тағы басқалар. Бірақ олардың мың түрлі құбылыстарындағы кереметінен-ақ адам жардың құдайылық қолтаңбасын көріп, сүйсіне, үйрене, сүйе білуі, табиғатпен тұтастығын сезіне білуі керек. Шәкәрім өзінің Хафизден аударған өлеңдеріне мынадай түсініктеме жазады: «...Алла тағала һәм табиғаттың көркемдігі. Мысалы: «Жаз таңының нұр желі» деген жырының мағынасы – бостандық келерде адамдардың әр түрлі партия толқыны табиғат тұрмысын шайқалтып, бізді қатты қайғыға салып тұрады дегенге келеді» [3,149]. Бұл түсініктеме арқылы ақынның төл поэзиясынан да адам өмірі ғаламның космостық заңдарына байланысты екенін байқау қиын емес. Ақын өлеңдерінде күнді – атам, жерді – анам деп еміренеді:

Ата-ана қалды, аһ, дариға-ай,  
Күнболды Жер мен ата-анам[1,187].

Ақын өз поэзиясында жарды сүйю-айналанды сүйоден басталатынын өсиеттейді. Өмірді сүйюді табиғаттан артық білетін ешкім жоқ. Сол сияқты табиғат өзінің ішінен шыққан баласы - адамды да өз қамқорлығына алған:

Таласпай бөліссе  
Табиғат байлығын.  
Қара жер тойғызар  
Адамның барлығын [1,199].

Бірақ адам да табиғатқа солай жауап беруге міндетті. Ақын адамзат баласына ортақ мәселеге айналған экологиялық дағдарысты бір ғасыр бұрын пайғамбарлықпен сезгендей, көріпкелдікпен ескерткен:

Айуан етін, терісін, сүт пен күшін,  
Ара балын, су балық, жер жемісін,  
Құс денесін, жүні мен жұмыртқасын  
Сақтап жүр ғой дейсізбе адам үшін[1,155].

Ақын өлеңдерінде жаратушы жар-ие құпия бола тұрып, адаммен жасырынбақ ойнамайды. Ол өзі жаратқан табиғат жасампаздығы арқылы өзінің бар екенін күә етіп тұрады. Табиғаттың бір бөлшегі – адам құдайды өз жанынан іздеу керек, ол үшін өзіңді таны, өзіңе іштей үңіл, ішкі даусыңа құлақ сал дейді:

Ойды кімнен алғанын  
Адам өзі сезбейді.  
Жанның айдап салғанын  
Сезбесе де іздейді [1,264].

Ақынның арманы да - әлем-жармен бірігу, үйлесімге келу. Табиғат заңымен өмір сүрсе, жер бетіндегі Тәңірдің ең саналы куәгері адамға да табиғаттың қатынасы ерекше болар еді:

Жарды көрген көзімнен сүймек болып,  
Ғажап та тамам айуан анталаса [1,259].

Жар-табиғаттың перзенті – адамға мейірі шын мағынасында ерекше екенін төл баласы айналаға деген махаббаты өзін «мас» еткенде сезеді:

Адамға періштелер сәжде қылған,  
Адамнан жарым артық тым тамаша.  
Жалтарып жардан нұрын жасырғаны,  
Күн батып, Жер жамылып, қорғаласа.  
Жер жүзіне қып-қызыл гүл бітірем,  
Көзімнен қанды жасым сорғаласа.  
Жарды көрген көзіме шоқынып жүр,  
Су бұраңдап, майысып жорғаласа.  
Тау тапжылмай, ағаштар қалғыр ма еді,  
Бастарын жар сиқыры торламаса?  
Көрсө еріксіз сайрайма ақын-бұл бұл,  
Көңіліне гүлдің нұры орнамаса [1, 259-260]?

Ақын өзінің көңіл-күйін, сезімін табиғатпен біртұтастықта жырлайтын, табиғат жанының сезімталдығын өз жүргенінен өткізген өлеңдері туралы Ш.Сәтпаева: «Шәкәрімнің өлеңдерінде табиғаттың тірі өмірі бар, біз оның қозғалыстағы тынысын, лирикалық қаһарманның өзінің аласұрған көңіл-күйін сезінеміз», -дей отырып, ақын поэзиясындағы табиғат жанына үңілуге шақырады [4, 36].

Жалпы, ақындықтың өзі табиғат деп қарай отырып, ақынның табиғаты туралы айтқанда, ақын табиғаттың әр құбылысына жан бітіріп кейіпкер етпес бұрын, ақынның өзі табиғат кейіпкеріне айналуы қатар жүріп, бір-біріне еніп, қауышып, тоғысып отырған. Шәкәрім поэзиясын мұқият оқығанда ұлы ақындар ғаламның айтқан сырын пенделердің тіліне аударушы өкілдер ретінде адамзат алдында сөз алып тұрған пайғамбарларға айналып кеткендей әсер береді. Олар өздерінің тағдыр – талайымен күресе жүріп, жаратылысымен бірге біткен ақындық тамаша таланттары арқылы адамзатқа тән асыл міндеттерін орындап өткен. Сол сияқты, ақындықтың өзі табиғат арқылы жаратқанның сыйлаған жан сұлулығы екеніне қос ақынның поэзиясы шәк келтірмейді. Сондықтан олардың өлеңмен өрілген өмірлері де ғалам тынысымен бірге жасасып, ұрпақтан ұрпаққа жалғаса бермекші.

### Әдебиеттер

1. Шәкәрім Құдайбердиев. Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. Алматы, «Жазушы» 1988.
2. Шәкәрім Құдайбердіұлы. Үш анық. Алматы, «Қазақстан» және «Ғақлия» ғылыми - әдеби орталығы. 1991. – 8 б.
3. Шәкәрім. Иманым. Алматы, «Арыс» 2000. – 149 б.
4. Сәтпаева Ш.К. Шакарим Кудайбериев. Алматы, «Ғылым» 1993. – 36 с.

### Резюме

Статья посвящена экологическому воспитанию и духовно-нравственной ориентации школьников через тему природы в поэзии Шакарима Кудайбердыұлы.

### Summary

The article is devoted to environmental education and spiritual and moral orientation of schoolchildren through the theme of nature in the poetry of Shakarim Kudaiberdily.



**INTEGRATION OF MIGRANTS: OPPORTUNITIES AND WAYS**

*The current state of society is characterized by high rates of population displacement. Various reasons determine the mobility of people within the boundaries of certain territories or beyond. At the same time, the scale, intensity and direction of migration flows actualize the study of the impact of migration on the social structure of the host society, its economic and demographic side. Migration has always been. Whether it is the settlement of new territories, the voluntary departure from the habitable places of certain groups of people or entire peoples for one reason or another, inter-ethnic wars, and so on, are all separate manifestations of the migration process. Today, the gap in the study of the integration of migrants into the local community begins to fill, however, many areas of the phenomenon under study remain unexplored. The problem field of the process under study is wide and varied. The very concept of «integration» has been little studied in relation to population migration, the structural components and duration of the integration process are unclear, the mechanism itself is not developed, as well as the interconnection and interdependence of migrants and the local community in the integration process, the role and influence of social institutions in this process needs to be clarified.*

**Key words:** *Integration, migrants, non-migrants, assimilation, incorporation, absorption, cultural integration, «culture of the host society».*

Many researchers, faced with the need to define the concept of integration, point to its versatility and multidimensionality, as a result, an exhaustive definition of integration is rather regarded as harmful to the understanding and research of the phenomenon itself [1]. Uncertainty is exacerbated by the presence of variability of synonyms (assimilation, incorporation, absorption) that determine similar phenomena, the use of which is associated in part with the specifics of the migration situation in each individual case, and partially with the linguistic tradition [2]. For example, it is customary to use the word assimilation to denote various kinds of interactions between migrants and non-migrants in the USA, while both the academic and socio-political communities are aware of the totality of problems associated with the classical assimilation paradigm and share the concept of «new assimilationism» [3]. The term integration in the American context is used in relation to the problems of the black population of the country and measures to change its position and characteristics of interaction with the rest of society [4].

In the European context, in relation to the interactions of migrants and non-migrants, integration rather than assimilation is used [5]. In addition, it is integration that is devoted to all sorts of materials of the International Organization for Migration (IOM) and other similar players [6]. The term appears to be a point of intersection for different linguistic and regional contexts, making it difficult to accurately determine the phenomenon. In the article, we focus on the German tradition of working with the term, the main authors of which are Hartmut Esser [7] and Friedrich Hekmann [8].

Integration as a term has appeared in academic and socio-political dictionaries thanks to the theory of systems, and its semantics is associated with three phenomena. Firstly, with the unification of previously unrelated things into a single whole. Secondly, with a reduction in the complexity of the already existing whole and «straightening» of the connections between its elements. Thirdly, with the inclusion of a new element in an existing whole. In relation to social systems, we are talking, on the one hand, about the characteristics of relations between people, organizations, communities, and other elements of the system, and on the other, about how new people, organizations, communities, etc. are included in the existing system. Integration, in addition, means both the indicated processes and their result, that is, it is possible to observe the integration and measure its level [9].

Integration is multi-faceted. There are different grounds for identifying areas, levels or layers of integration - for example, based on the above works by Esser and Hekmann, a four-way integration

scheme is constructed: cultural integration (acculturation), in which migrants learn the language and norms of the host society; structural integration, which involves the inclusion of migrants in the system of positions and statuses of the host society; social integration, in the framework of which we are talking about establishing relations between migrants and the host society; as well as identification integration, which implies the emotional aspect of the inclusion of migrants in society. Integration, therefore, is a combination of various kinds of interactions between migrants and the host society, therefore both the course and the result of integration is a function in part of the characteristics of migrants, partly - and, probably, to a much greater extent, of the structures of the host society: the labor market and procedures for admission to citizenship for structural integration, characteristics of neighborly relations and the level of racism for social integration, as well as a national concept and characteristics of a symbolic series for identification full integration.

Integration policy, in the light of this, is a set of actions by the state, designed to affect the characteristics of the host society or migrants to change the course and outcome of integration. Heckmann singles out a general integration policy – measures to change the institutions of the host society or characteristics of the interaction of migrants and non-migrants – as well as a special integration policy aimed directly at migrants and associated with the creation of special, special structures and institutions [10].

Measures aimed at the cultural integration of migrants, i.e. designed to facilitate the acquisition by migrants of the language of the host society to the required extent, as well as the «culture of the host society», are primarily associated with the creation and implementation of programs within the framework of which a system of adaptation centers and language schools is being created.

The notion of a unified culture of the host society is problematic in itself. It is enough to point out the refutation of the existence of such a culture in the framework of studies of class cultures, as well as works on segment assimilation, if you narrow the search to works on integration [11].

The possibilities of the migration policy and the integration policy accompanying it are limited: no integration measures and instruments will be effective if it is not possible to block militant xenophobia, migrant phobia and the violence that they generate. Anti-migrant sentiments have become a constant factor in social life and public discourse. The alarmist interpretation of the effects of immigration has intensified especially as a result of the crisis. The authorities, the media and the population are ready to discuss the most unthinkable scenarios, including speculation as to whether migrant workers who have lost their jobs will become criminals.[12]

## References

1. Ager A., Strang A. (2008) Understanding Integration: A Conceptual Framework. *Journal of Refugee Studies*, 21 (2): 166-191.
2. Schneider J., Crul M. (2014) New Insights into Assimilation and Integration Theory. J. Schneider, M. Crul (eds.) *The arising Integration and Assimilation*, London: Routledge: 1-6.
3. Alba R. (1999) Immigration and the American Realities of Assimilation and Multiculturalism. *Sociological Forum*, 14 (1): 3-25.
4. Guiffrida D. A. (2003) African American Student Organizations as Agents of Social Integration. *Journal of College Student Development*, 44 (3): 304-319.
5. Schneider J., Crul M. (2014) New Insights into Assimilation and Integration Theory. J. Schneider, M. Crul (eds.) *Theorising Integration and Assimilation*, London: Routledge: 1-6.
6. MIPEX (2016) Who Produces MIPEX. Доступно по ссылке: <https://clck.ru/9vAww>.
7. Esser H. (2001) *Integration und ethnische Schichtung*, Mannheim: Mannheimer Zentrum für Europäische Sozialforschung.
8. Heckmann F., Schnapper D. (eds.) (2003) *The Integration of Immigrants in European Societies: National Differences and Trends of Convergence*, Stuttgart: Lucius & Lucius.
9. Малахов В. С. (2015) *Интеграция мигрантов: Концепции и практики*, Москва: Фонд «Либеральная Миссия».
10. Heckmann F., Bosswick W. (2005) *Integration and Integration Policies*, Bamberg: European Forum for Migration Studies.
11. Burr J.A., Hartman J.T., Matteson D.W. (1999) Black Suicide in US Metropolitan Areas: An Examination of the Racial Inequality and Social Integration-Regulation Hypotheses. *Social Forces*, 77 (3): 1049-1080.



12. Мукомель В.И. (2011) Интеграция мигрантов: вызовы, политика, социальные практики. Мир России, 20 (1): 34-50.

### Түйін

Бұл мақалада интеграция ұғымы қарастырылған, сондай-ақ көші-қон мемлекеттерінің интеграциялық саясатты жүзеге асыру үшін қабылдайтын типтік шаралары көрсетілген. Бұл дәстүрге сәйкес интеграцияның мәдени, құрылымдық, әлеуметтік және сәйкестендіру жақтары бар. Интеграциялық саясат статус-квоны қолдауға немесе осы аспектілер аясында әртүрлі құбылыстарды өзгертуге бағытталған. Интеграциялық саясат жалпы болуы мүмкін, яғни мигранттарға да, мигрант еместерге де бағытталған және негізгі әлеуметтік институттарға әсер етуі мүмкін, және арнайы, яғни тек мигранттарға немесе олардың нақты топтарына бағытталған.

### Резюме

В данной статье рассматривается понятие интеграции, а также указывают типичные меры, которые миграционные государства принимают для осуществления интеграционной политики. Интеграция, согласно указанной традиции, имеет культурный, структурный, социальный и идентификационный аспекты. Интеграционная политика направлена на поддержание статуса-кво или модификацию различных явлений в рамках указанных аспектов. Интеграционная политика может быть как общей, т. е. направленной одновременно на мигрантов и немигрантов и воздействующей на основные общественные институты, так и специальной, т. е. направленной только на мигрантов или конкретные их группы.



UDC314.7:325.14:34.0

**Sh.S. Tleugazina**, *Master, senior lecturer*  
KazUEFIT

## CONCEPT AND TYPES OF MIGRATION

*Population migration is a complex socio-economic process, which in a contradictory way is associated with various aspects of the economic and socio-political life of society, the formation and manifestation of trends in their change. It is becoming more and more differentiated by professional, qualification, and educational characteristics. The proportion of highly skilled workers involved in it is constantly growing. Migration is displacement, which is associated with a change of permanent residence and means resettlement. Also, migration can be considered as resettlement in the broadest sense of the word.*

**Key words:** *migration, migration process, globalization, migrants, social groups.*

Population migration is a social phenomenon and has played a huge multilateral role in the development of mankind, as a form of its adaptation to changing conditions of existence. This is a complex social process, closely related to the level of economic development and the location of industries in different regions. The process of migration as a spatial movement of the population is characteristic of all human societies. However, the intensity, orientation and composition of migration flows, its social, economic and demographic effects vary significantly not only in different historical eras, but also in countries with different social systems, the level of economic development and its territorial differentiation, and climatic conditions and population structure. Population migration has a very significant impact on the demographic structure of the population. Due to the different scale and intensity, the immediate and long-term effects of migration on the composition (by gender and age, etc.) and the dynamics of the population at the places of exit and introduction of migrants are distinguished [1]. Long-term influence is associated with the role of migration in the reproduction of the population. Population migration is part of territorial displacement. One of the main criteria for identifying population

migration is the intersection of the administrative borders of the territories of a state, region, city, etc. On this basis, external migration and internal migration are distinguished primarily. External migration includes emigration and immigration.

Emigration (from lat. Emigro - evict, resettle), resettlement (voluntary or forced, self-made or organized) to another country for permanent or temporary (for a long period) residence, in most cases with a change of citizenship [2].

Immigration (from lat. Immigro - I move in), entry (settlement) into the country for permanent or temporary (usually long) residence of citizens of another country, mostly with the acquisition of new citizenship.

External migration of the population (international) is associated with crossing the state border, it is divided into intercontinental and intracontinental.

Internal migration includes movements within the same country between administrative or economic geographical areas, settlements, etc. Intra-settlement movements (for example, a change of residence within the same city) are not considered as population migration. They are distinguished between rural migration (moving a population to a permanent place of residence from rural areas to cities and from some rural settlements to others) and urban migration moving a population to a permanent place of residence within a specific territory from one urban settlement to another (intercity migration) and from urban to rural. The migration of the village-city population is crucial, but with the development of urbanization, the role of city-city population migration is increasing. Allocate population migration within large territorial units and between them. But this sign of migration is divided into intra-regional and inter-regional, intra-district and inter-district [3].

The reasons for migration can be of a different nature, and, depending on their origin, distinguish migration: economic, political, national, legal, racial, cultural, religious, psychological, cultural, environmental. Movement of the population is facilitated by such factors as: economic, social, climatic. Economic migrations are caused by different levels of economic development in different countries, which affects salaries and the general level of social security; a mismatch between the amount of labor, the education of workers and the material and technical base of the state; insufficient volume of the labor market. The reasons for the resettlement may be individual, group or mass.

The most typical causes of migration are: the desire to improve conditions and quality of life; more favorable conditions of remuneration and labor, the search for opportunities to realize oneself in professional activity; restructuring of production facilities, changing their regional location; environmental degradation in the place of permanent residence; the need for climate change for health reasons, accompanying relatives; desire to change life, the need for the development of culture; worsening working conditions, the development of conflicts at work; legal marriage, association with loved ones; conflicts in the family; military operations; ethnic and social conflicts; random circumstances, etc. [2].

International migration most often occurs for external economic and economic reasons. Foreign economic reasons include: political factors, the unification and collapse of states, wars, religious causes, natural disasters and environmental problems, personal plan reasons. Economic migration contributes to the movement of large groups of people in the direction of countries with highly developed economies. Migration associated with economic reasons is often referred to as labor migration. International labor migration is characterized by a constantly increasing proportion of highly qualified specialists in its composition. As a rule, a combination of reasons between which it is difficult to draw a border affects population displacement. The economic and social causes are closely interconnected. The social causes of migration include: marriage and reunion with loved ones, living in another country while receiving an education. The main political reason for migration is the change of power in the country. If the existing political regime in the country contradicts a person's civic position, then migration shows that this person is openly rejecting the political situation. Sometimes in such situations, migration is the only way to escape from harassment by the authorities. The military causes of migration are the most terrible and difficult manifestations when the population is forced to flee their habitable places in order to save their lives and the lives of their loved ones. Migrations due to hostilities are accompanied by a huge number of refugees and are spontaneous. The main reason for cultural migration is a return to their

historical homeland, where a person can restore lost ethnic ties by visiting the objects of the historical heritage of his people, joining his traditions.

When considering the causes of migration, one can often distinguish the migration of different social groups. The most powerful influence on the development of society is the impact of labor migration. Such migrations cover a wide segment of the working-age population. The greatest distribution of internal migration was in countries with a large territory, various economic and climatic conditions. The leading place is occupied by seasonal migrations associated with the temporary movement of labor to the countryside [4]. In 1979, the UN proposed a number of main causes of internal migration, which include: a long working day in agriculture, difficult working conditions; low pay for labor; the futility of agricultural labor; less comfortable living conditions in the village than in the city; in urban areas there are opportunities for entertainment and recreation; the city has a higher salary. The economic causes of internal migration include: overpopulation; high unemployment rate; large population growth in conditions of insufficient number of jobs; economic crisis; prolonged economic depression; lack of future prospects for youth; low living standards in the population; lack of opportunities for the development of science and culture. Internal cultural migration is due to movement to areas with a more developed cultural environment. As a rule, this is a relocation to large cities, which are centers of culture, and provide many opportunities for development and communication in the field of art, creating your own projects.

### References

1. «Process Management and Process Migration». India Study Channel. Retrieved 28 July 2012.
2. Заславская Т.И., Рыбаковский Л.Л. Процессы миграции и их регулирование в социалистическом обществе // Социологические исследования. 1978. №1.
3. Гвишиани Д.М. Миграция населения // Краткий словарь по социологии. - М. 1999. – С. 421.
4. Ахиезер А.С. Территориальная миграция – реализация потребности в полноте бытия // Общественные науки и современность. – М., 2000. №12. С. 118-126.

### Түйін

Халық көші-қонының сипаттамалық белгілері – оның ауқымының ұдайы артуы, әлемнің барлық дерлік елдерінің тұрғындарының көші-қон цикліне қатысуы және ондағы еңбек көші-қон үлесінің жылдам өсуі. Мемлекетаралық көші-қонның әлеуметтік процестердегі ролін анықтауда оның құрылымдық сипаттамалары үлкен мәнге ие. Көші-қон қоғамда ерекше рөл атқарады және бұл, бір жағынан, қоғамдағы өзгерістерге өте сезімтал, екінші жағынан, осы өзгерістердің динамикалық және құрылымдық параметрлерінің қалыптасуына айтарлықтай әсер ететін маңызды фактор.

### Резюме

Характерными особенностями миграции населения являются постоянное увеличение ее масштабов, вовлечение в миграционный кругооборот населения практически всех стран мира, быстрый рост в нем доли трудовой миграции. Большое значение для определения роли межгосударственной миграции в общественных процессах приобретают ее структурные характеристики. Миграция играет особую роль в обществе и является таким процессом, который, с одной стороны, весьма чувствителен к изменениям в жизни общества, а с другой стороны - в свою очередь является важным фактором, оказывающим значительное влияние на формирование динамических и структурных параметров данных изменений.



**АНАЛИЗ ВНЕДРЕНИЯ ПОЛИЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ НА ОСНОВЕ  
ГОСУДАРСТВЕННЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЙ**

*В данной статье рассматривается процесс внедрения полиязычной системы образования в образовательных учреждениях Казахстана, так как в условиях интенсивных социально-экономических изменений в РК исторически сформировавшееся двуязычие переходит к многоязычию. В результате, языковая политика в Казахстане претерпевает изменения. В статье рассматриваются образовательные учреждения, которые уже внедрили полиязычную систему и те учреждения которые находятся только на стадии внедрения. В статье показываются с какими проблемами сталкиваются университеты и школы, какие подходы применяются для решения этих проблем.*

**Ключевые слова:** национальный, официальный, Карагандинский государственный университет, Университет Гумилева, Медицинский институт, Педагогический институт, Университет КИМЭП, МВА, многоязычие.

Казахский язык является национальным языком Республики Казахстан. Наряду с этим русский язык является официальным языком. В официальных информационных ресурсах и нормативных актах Республики Казахстан не дано объяснения различий между «национальным» и «официальным» языками. Примерно в половине стран мира есть как национальные, так и официальные языки. Учитывая исключительную важность различий между «национальными» и «официальными» языками во многих странах мира, эксперты Организации Объединенных Наций по образованию, науке и культуре в 1953 году, (ЮНЕСКО) предложила разграничить понятия «национальный» и «официальный» языки:

– «национальный язык» – язык, выполняющий интеграционные функции в рамках этого государства в политической, социальной, культурной сферах, выступающий в качестве символа государства;

– «официальный язык» – язык государственного управления, законодательства и судебных процедур [1].

Основная идея заключается в оказании научной помощи практической работе центров многоязычного образования, направленной на подготовку к внедрению обучения на трех языках с целью создания многоязычной образовательной среды. Статья посвящена исследованию внедрения многоязычного образования в университетах, рассмотрим некоторые примеры передовой практики по внедрению казахстанской модели многоязычного образования [2].

Карагандинский государственный университет им. Е.А. Букетова, являясь основным академическим учреждением для реализации национально-культурного проекта «Трилингвизм», был одним из первых вузов в Казахстане, который начал реализацию экспериментальной модели трехязычного образования, направленной на изучение трех языков: казахского, русского и английского. В результате исследований, посвященных разработке теоретико-методологических основ многоязычного образования, выполненных группой профессоров (Е.К. Кубеев, Б.А. Жетписбаева, Л.К. Шкутина, Л.С. Сырымбетова, Б.Ж. Жанкина) КарГУ им. Е.А. Букетова, была разработана «Концепция развития многоязычного образования в Казахстане».

Для реализации этой концепции в рамках общего среднего образования в общеобразовательной школе № 2 школы-интерната «Мурагер» в г. Караганде реализуется программа по развитию многоязычия учащихся. Коллектив авторов КарГУ им. Е.А. Букетова также разработал учебные пособия для конкретных дисциплин на английском языке, опубликовал трехязычные словари конкретной терминологии, отмеченные Министерством образования и науки (по иностранным делам, международному праву, химии, туризму, экономической географии, экологии), некоторые учебные и лабораторные пособия.

Все учебные материалы, разработанные в КарГУ, были представлены на республиканских семинарах и выставках, курсах повышения квалификации для преподавателей казахстанских учебных заведений. Профессора академических учреждений и преподаватели школ с трилингвальным языком дали положительные отзывы о качестве публикаций. В КарГУ им. Е.А. Букетова началась подготовка профессоров к занятиям по иностранному языку. С этой целью были организованы интенсивные курсы английского языка для профессоров, успешно сдавших экзамены на уровень В в соответствии с международными стандартами.

Конечными требованиями для подготовки учителей в рамках программы этих курсов становятся овладение иностранным языком на уровне С, что позволит использовать его профессионально, то есть читать лекции на иностранном языке. Карагандинский государственный университет им. Е.А. Букетова совместно с Республиканским научно-практическим центром Министерства образования и науки «Дарын» проводят семинары, республиканские олимпиады по английскому языку, разрабатывают учебные материалы на английском языке для специализированных школ с образованием на трех языках, открывают там свои филиалы. В результате Центр многоязычного образования КарГУ стал региональным консультационным центром, где преподаватели школ и профессора университетов могут получить практические рекомендации по организации учебного процесса в рамках трехязычной программы обучения [3].

Университет имени Л.Н. Гумилева одним из первых в Республике начал подготовку многоязычных специалистов в условиях эксперимента. В университете разработана Программа развития многоязычного образования с действующим Центром развития многоязычного образования и академическими ресурсами. В рамках Программы с 1 ноября 2012 года в университете работает Центр развития многоязычного образования и академических ресурсов в составе кафедры международного сотрудничества ЕНУ им. Л.Н. Гумилева. Основной задачей Центра является создание эффективной системы многоязычного образования и повышение уровня академической письменности на английском языке в Евразийском национальном университете им. Л.Н. Гумилева.

На данный момент в университете осуществляется частичный охват студентов всех уровней высшего образования и аспирантуры с использованием метода частичной «имплантации» отдельных дисциплин на английском языке по специальностям, где имеются соответствующие педагогические кадры и студенты. В 2013-2014 учебном году на английском языке прочитано 217 дисциплин. Общее количество студентов, обучающихся на английском языке, составляет 325 человек, в бакалавриате – 161, в магистратуре – 112, кандидат наук – 52. Профессор различных дисциплин в количестве 115 человек повысил свою квалификацию в международных университетах за последние два года.

Количество научных публикаций профессоров ЕНУ в международных журналах с высоким импакт-фактором, зарегистрированных в базе данных Thomson Reuters и Scopus, удвоилось. На 2013-2014 годы в рамках первого направления Программы развития многоязычного образования была внедрена интерактивная мультимедийная образовательная система изучения английского языка (English Discoveries Online / Offline) [4].

2. Андреева И.Н. Азбука эмоционального интеллекта. – СПб.: БХВ-Петербург, 2012. – 288с.

### Түйін

Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде эмоционалды интеллект жеке тұлғаның маңызды дағдысына айналуда. Адам икемді болады, өз ойын еркін жеткізе алады. Басымдықтарды анықтай білу және қарым-қатынас жасаудың тиімді тәсілдерін бірі болып саналады.

### Summary

At the present time of development of society, emotional intelligence is becoming an important skill of the individual. A person becomes flexible, free enough to express his own opinion. Able to determine priorities and choose the most effective ways to communicate.



ӘОЖ 338.48; 796.5

**А.Е. Аяпбекова**, геогр.ғ.к., доцент  
«Тұран-Астана» университеті  
**К.К. Абеуова**, мектеп әкімшілігі  
№59 мектеп-лицейі, Нұр-Сұлтан қ.

### САЯХАТТАНУЛЫҚ-ТАНЫМДЫҚ ТУРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ АТАУЛАР

*Антропонимика - тіл тарихын, ұлт мәдениетін зерттеуде құнды да бағалы мұра. Тарихтың өткен кезеңдерін қазіргі заманғы шындықпен байланыстыра отырып, біз үйлесімді болашақ өмірге қадам жасаймыз. Ахмет ясауи еңбек жиынтығынан халқының рухани өмірі мен дүние-*



танымен ұйымдастырылған туристік экскурсияда танысады. Ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, келешек өскелең жастарға терең білім мен тәрбие беру ісін дамыту және жетілдіру болып табылады.

**Кілт сөздер:** тура, ЮНЕСКО, экскурсия, турист, тур, Ұлы дала, география, термин, археология, турөнім.

Туризм қазіргі заманда қуатты ғаламдық индустриялардың бірі болып келеді. Оның ең бірінші мақсаты туристерді өзіміздің елімізбен таныстыру. Ал туристермен тікелей байланыс жүргізіп жатқан гид-аудармашы, экскурсоводтар. Олар саяхаттанулық-танымдық туризмнің сала бөлігіне күш салып, еліміздің айнасы болып тұрады. Бүгінгі таңда саяхаттанулық сала халықпен мәдени-ағартушылық жұмыстардың ажырамас бөлігі болып табылады [1]. Мәдени және интеллектуалды деңгейін арттыру құралы ретінде олар дүниетанымның қалыптасуына, адамның дүниетанымын кеңейтуге, оның ақыл-ой қабілеттерін жақсартуға ықпал етеді. Саяхаттанулық-танымдық туризм түрі бұрыннан бері тәуелсіз және сұранысқа ие болып келеді. Оның негізі – елдің немесе аймақтың тарихи және мәдени әлеуеті, оның ішіндегі барлық әлеуметтік ортаны, салт дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын, үй шаруашылық ерекшеліктерін атап көрсетеді. Экскурсияның сапары өзіне танымдық және рекреациялық мақсаттарды қамтуы мүмкін.

Саяхаттанулық-танымдық туризм бүгінгі таңда маңызды нысан болып табылады, өйткені бұл отандық және әлемдік экономиканың маңызды кешені болып келеді [1]. Қазақстан өзінің тарихи-мәдени мұра байлықтарымен туристер мен өлкетанушыларды тартып, Еуразияның қазынасы болып саналады. Сондықтан саяхаттанулық-танымдық туризм ел ішінде даму жолында. Соңғы 5 жыл ішінде туристердің және отандастарымыздың саяхаттанулық-танымдық туризмге қызығушылығы өсе бастады. Қазіргі таңда авторлық экскурсияларды, тақырыптық экскурсияларды ұйымдастырып дамыту және саяхаттанулық қызметтің жаңа нысандарын құру сияқты бағыттарда перспективалар дамуда.

Қазіргі кезде туризм саласы туристерді әртүрлігімен тартып отырады. Ең бірінші кез келген турист қандай бір саяхатты жасайтын кезде, барған елге оның тарихымен танысқысы келіп тұрады. Яғни айтып отырғанымыз, тарих саяхаттанулық-танымдық туризм түрімен бұрыннан бері тығыз байланысты болып келеді. Осыған орай тақырыптық экскурсиялар мен турларға назарымызды аударайық. Тақырыптық экскурсиялар нақты бір тақырыпқа сәйкес жүргізіледі. Олар тақырыпты терең және жан жақты ашып көрсетеді. Тақырыптық экскурсия, шолу (обзорлық) экскурсияға қарағанда туристерге тақырыппен және кез келген нысандармен (объектпен) жақынырақ танысуға мүмкіндік береді [1].

Әлемде көп елдерде тақырыптық экскурсиялар өткізіліп өзінің бір бөлек ерекше орнын алады. «Түркі-ислам өркениетін танытушы Қожа Ахмет Ясауи атындағы атаулар» саяхаттанулық-танымдық туризм бойынша, тақырыптық экскурсиялар мен турлар өткізуге болады[2].

Ұлы адамдардың өнегелі өмірі мен қызметі қашанда Отанының тіршілігімен тұтасып жатады. Заманалар көші озып, кейбір саяси жүйелер өзгереді, бірақ та ұлы адамдар мен елдің тұтастығы, бірлігі ажырамайды.

Даламызға мұсылмандықтың жарық сәулесін шашқан, дініне өте берік, ойшыл қайреткер ретінде халық жанында сақталған біздің Ахмет Ясауи XI ғ. екінші жартысында дүниеге келген. Ясауидің өмір сүрген уақыты, тарихи жағдайлар араб Халифаты үшін жақсы кез емес еді. XI ғасырдың аяғы мен XII ғасырдың басы Халифаттың күш-қуатының әлсіреп, Орта Азияда жеке хандықтар бой көтере бастаған болатын [3]. Ясауи еңбектерінің жазылуы Қарахан қағанатының күшеюімен тұспа-тұс келді. Оның туындылары ірі философиялық ойдарымен бүкіл адамзаттың дамуына қызмет етті. Өзінің атақты «Диуани Хикмет» даналық кітабымен адамдарды адалдыққа, әділдікке, төзімділік пен достыққа, адамгершілік қарым-қатынасқа шақырды.

Ахмет Ясауидың ой-түйіні бойынша сопылық ілім шындыққа тура бастар жол: этика сақтау, адамгершілікті жоғалтпау, адамзатты сүю, жетімді жылатпау, халыққа тек шын сөзді айту, сөз байлығы мен мазмұнын терең түсіну.

Шындықты танудың жолы: шарифат, ақиқат. Ахмет Ясауи – мұсылман әлемінде, әсіресе,

түркі тілдес халықтардың ішінде асқан ойшыл, адал уағызшы, қасиетті адам болып саналған. Өзінің маңына дарынды мүридтерді топтастырып, исламның нығаюы үшін жұмыс жүргізеді [3]. Ол туралы халықтың аузында «Меккеде, Мұхаммед пайғамбар, Түркістанда – Ахмет Иасауи».

Ахмет Ясауи еңбегінің танымдық қуаты мол, ұлағаты ұшан-теңіз. Рухани жаңғыруымыздың қайнар көзінен нәр алып, ұлттық түп-тамырымызды танып, тарихи жәдігерлікті терең ұғып, мәдениетіміз бен имангершілікті тұла бойымызға сіңіруге ықпал тудыратын тәлімі мен ғибраты зор. Белгілі ғалым Мекемтас Мырзахметов құрметті адамдарды мәңгілеу үшін қала көшелеріне, мектептерге, түрлі мекемелерге есімін берілуін ұсынды. Оған себеп Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 қаңтардағы №45 Қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ономастикалық жұмыс тұжырымдамасы» бойынша белгілі тұлға өмірден өткен соң оның есімімен нысандарды атау енгізілген. Түркі халықтарының, соның ішінде қазақ халқының, байырғы мәдениетінің тарихында айрықша орыны бар ұлы ақын, пәлсапашы, ғұлама, әулие Қожа Ахмет Ясауидің есімімен Республикада:

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (ХҚТУ) [4];

Еліміздің нышанына айналған, ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұрасы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі; орта білім беру ұйымдары (Қожа Ахмет Ясауи атындағы 123 мектеп-гимназия, Алматы қ.); «Түркістан Ахмет Ясауи» кәсіби колледжі;

Қожа Ахмет Ясауи мешіті (Алматы облысы, Қарасай ауданы);

Ясауи атындағы көше (Алматы қ.); Ясауи көше (Нұр-Сұлтан қ.).

Көптеген халықтар өз елінің ерекше елшісі сынды ұлы бабаларының есімдерін мақтан тұтады [5]. Мысалы, өткен дәуірлердегі Тутанхамон, Конфуций, Ескендір Зұлқарнайын, Шекспир, Гете, Пушкин және Джордж Вашингтон сияқты дүние жүзіне белгілі тұлғалар бүгінде «өз мемлекеттерінің» баға жетпес символдық капиталы саналады әрі сол елдердің халықаралық аренада тиімді ілгерілеуіне септігін тигізіп отыр. ҚР Тұңғыш Президентіміз Н. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында Әл-Фараби мен Ясауи, Күлтегін мен Бейбарыс, Өз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген ұлы тұлғалардың:

«Ұлы даланың ұлы есімдері» атты оқу-ағарту энциклопедиялық саябағын;

әдебиеттегі, музыка мен театр саласындағы және бейнелеу өнеріндегі ұлы ойшылдар, ақындар және ел билеген тұлғалар бейнесінің маңызды галереясын жасау, қолға алу;

еліміздің тарихи кезеңдерін кеңінен қамти отырып, «Ұлы Дала тұлғалары» атты ғылыми-көпшілік серияларды шығарып, тарату жұмыстарын жүйелендіру және жандандыру керектігін негіздейді [5].

Бұл бағытта Қазақстандық ғалымдармен қатар шетелдік мамандар да тартылатын халықаралық көпбейінді ұжым құруға болады. Нәтижесінде, біздің қаһармандарымыздың өмірі мен қызметі жөнінде тек еліміздегілер ғана емес, сондай-ақ шет елдегілер де білетін болады.

Қазіргі уақытта көрікті ерекше жерлер туристік бизнесте жетекші орындардың бірі болып табылады. Қазақстанның туристік бизнесінің бүгінгі жағдайына туризм дамытудың жаңа бағыттарының біріне біз тарихи мәдени туристік кешендердің географиялық атауын ұсынамыз. Бүгінгі таңдағы туристердің қажеттілігін өтеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін, қабылдайтын өңірдің мүдделерін ескере отырып, оның болашақтағы мүмкіндіктерін сақтауға бағытталған туризмнің жаңа бағыты.

Географиялық атаулардың шығу тегі, олардың мағынасы бакалавриат пен магистранттар түсіну үшін маңызды болып табылады. «География» және «Туризм» мамандықтары бойынша студенттер мен магистранттар танымал географиялық және туристік терминдер мен географиялық атаулардың мағынасын жақсы түсініп, үйлестіре алуы керек. Табиғи және мәдени-тарихи жағдайлар мен факторлар, сондай-ақ аумақтың топонимикалық белгілері арқылы туристік тартымдылықты қалыптастыру үшін қалыптасқан жердің бейнесі туралы түсінік беріледі. Географиялық атаулар бұрыннан қызықты, есте қаларлық және ең бастысы ғылыми негізделген туристік өнімдердің немесе туристік өнімдердің міндетті элементі ретінде танылған. Топонимикалық ақпараттың құндылығы мен тарихи маңызы география ғылымы мен туристік салада белсенді қолдануын негіздейміз.

Қазақстан Республикасы сирек кездесетін алуан түрлі туристік әлеуетке ие болуымен

ерекшеленеді. Олардың қатарына: «Қожа Ахмет Ясауи кесенесі» жатады. Елімізде қажылық туризмін ең алғаш ұйымдастырған Әмір Темір болды және оның атымен байланысты орында әр жылдары әр түрлі әлеуметтік туризм түрлері жүзеге асырылған. Мәселен 1399 жылы Қожа Ахмет Ясауи қабірінің үстіне салынған кесене ескерткіштердің негізі Әмір Темірдің бұйрығы бойынша орындалған.

Атаулар ғылымның география, тарих, тіл саласында болмасын, өзіндік орынға ие. Атауларды туризм саласының туристік өнім бағытында қалыптастыру үшін ұзақ жылғы тарихи-географиялық, археологиялық ғылыми зерттеулер, ізденістер нәтижесін пайдалану қажет. Экскурсиялық-танымдық туризм (cjnnoisseur tour) жетістікке жету үшін клиенттердің қажеттіліктеріне және заман талаптарын орындауға негізделген, турөнімді өндіру және ғылыми кәсіби тұрғыда ұйымдастырылуы керек [3]. Жер-су атауларының турөнім тұрғысынан топтастырудың алғашқы қадамы жасалынды. Топтастыру нәтижесінде аймақ топонимикасында жергілікті туристік нысандар ерекшеліктерінен хабар беретін атаулар тобы халықтың туристік білімі жинақталғандығы негізделеді.

Бүгінгі турист пен туристік топқа, саяхатшы мен саяхатшыларға жергілікті жердің атаулары құнды деректер болып табылады. Ясауи есімінің – құндылығы мол. Әсіресе жастар тәрбиесі мәселесі біздің өзектілігі жағынан ең алдыңғы мәселелердің қатарынан орын алады. Сондықтан туризмдегі тарихи-мәдени ресурстар тобы танымдық мақсатта еліміздің көне, жаңа тарихымен таныстыру, ұлттық патриотизмді дамыту, халықтың дамуын, өзіндік ерекшелігін көрсетуде тарихи мәдени мұра, ескерткіштер, нысандар ерекше орында.

«Түркі-ислам өркениетін танытушы Қожа Ахмет Ясауи атындағы атаулар» тақырыптағы саяхаттанулық тур бірнеше нысандардан тұрады.

Ұлы бабамыздың ұлы ісі мен қаһармандық өнегесі қай заманда болсын жас ұрпақ жанында мәңгілік қалатын дүние болуы тиіс деп санаймыз «Түркі-ислам өркениетін танытушы Қожа Ахмет Ясауи атындағы атаулар» атты саяхаттанулық-танымдық турды ұйымдастыруға болады. Осы тур маршруты А.Ясауидің белсенділігін, дербестілігін, жеке басының еркін және қайталанбас даралығын танытады. Ясауи жолының маңызын оның өсіріп, тәрбиелеген шәкірттері мен олардың қалдырған еңбектері, ұлттық философиямызға енгізген ойлау жүйесі мен моральдық-этикалық құндылықтар тәсілдерімен ұйымдастыра негізделеді.

Әсіресе өлкетанушы жастардың бойына, ойына, жанына ұлттық идеяны, адами қасиет құндылықтарды түркі дүниесінің ұлы перзенттерінің шығармаларымен дамыту [5].

«Түркі-ислам өркениетін танытушы Қожа Ахмет Ясауи атындағы атаулар» атты саяхаттанулық-танымдық ұйымдастырылған тур нәтежелері:

1. Егеменді Қазақстанның тарихи-мәдени тәжірибесінің беделі мен болашағын белсендіреді
2. Турларға қатысқан туристер, саяхатшылар және өлкетанушы студенттер мен оқушыларды қазақ халқының рухани өмірі мен дүниетанымындағы ұлттық құндылықтарға, ұлттық тәрбиеге бейімдейді.

3. Саяхаттанулық-танымдық тур жұмыстары жаңаша көзқараста, яғни ғылыми-техниканың дамыған мүмкіндіктер мен орындалады.

4. Атаулардың талдамасы бүгінгі жастар заманның, қоғамның алдыңғы легінде болуға, біздің Қазақстанның жарқын болашағы үшін өз қабілет-қарымын, білім-білігін, өнерін, жастық жігеріне шабытына қанат жалғап, шығармашылық тұрғыда өсіп-жетілуіне зор мүмкіндік береді.

5. Қазақ халқының болмысына, мәдениетіне және тарихына деген ізденістер, яғни тиянақтағанда «Қазақтанудың өрісі», қазақ халқы болмысының нақты, тұтас рухани жетілуіне ие болады.

6. Рухани жаңғыруымыздың қайнар көзінен нәр алып, ұлттық түп-тамырымызды біліп, тарихи жәдігерлікті терең ұғынып, мәдениетіміз бен имангершілікті тұлабойымызға сіңіруге ықпал тудыратын тәлімі мен ғибраты мол. Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде Ясауи түркі халықтары үшін тарихтағы сіңірген еңбегімен, ұлағатты өмір жолы бүгінгі ұрпаққа ғылыми ізденіспен жүйелілікпен игерілуі керек. Ұлттық идея – ұлттық сипаттан, ұлттық рухтан, ұлттық жанашырлықтан туындайтыны белгілі. Сондықтан әрдайым түркі дүниесінің ұлы перзенттерінің ерлігіне тағызым етіп, келешек жастарымызды тәрбиелеуіміз – біздің баршамыздың басты борышымыз міндетіміз екенін ескергеніміз жөн. Саяхаттанулық-танымдық турды ұйымдастыру негізінде бабамыздың ұлы ісі

мен қаһармандық өнегесі қай заманда болсын жас ұрпақ жадында мәңгілік қалатын дүние болуы тиіс деп санаймыз.

### Әдебиеттер

1. Емельянов Б. В. Экскурсоведение: Учебник. – 3-е изд., перераб. и дополн. – М.: Советский спорт, 2002. – 216 с.
2. А.Е.Аяпбекова Топонимы составляющие геосистемы: Учебное пособие. – Астана: «Туран-Астана», 2018. – 116 с.
3. Асқаров А. Ұлы Тұранның Ұлдары. Алматы. «Нұрлы Әлем», 1999 – 408 бет.
4. Назарбаев Н.А. «Ұлы даланың жеті қыры». 2018. URL: <http://asa.zhambyl.gov.kz>.
5. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Ақпараттық-түсіндіру жұмысы бойынша әдістемелік құрал. – Астана, 2017. – 106 б.

### Резюме

В статье рассматриваются развития и формирования антропонимов Ахмета Ясави и роли туристско-познавательный туров. Доказано что, Ясауи является великим духовным человеком исламской эпохи. Научные труды по сей день не теряют своего воспитательного значения для молодежи.

### Summary

The article discusses the development and formation of the anthroponyms of Ahmet Yasawi and the role of tourism and educational tours. It is proved that, Yasau is a great spiritual man of the Islamic era. Scientific works to this day do not lose their educational value for young people.



ӘОЖ 911.3-027.21 (574)

**З.Т. Ауезова**, *геогр.ғ.к., профессор*

**А.А. Жунусова**, *профил бойынша доктор, аға оқытушы*  
*«Тұран Астана» университеті*

## ТУРИЗМ САЛАСЫН ДАМУДА МАМАНДАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

*Қазақстанның туризм саласы даму болашағы зор қызмет көрсету салаларының бірі болып табылады. Туризм саласын дамытуда елімізде кәсіби мамандардың жетіспеушілігі және соңғы уақытта туризм индустриясы – халықаралық сауда қызметінің жедел дамып келе жатқан түрі. Қазақстанның тұрақты дамуына мүмкіндік беретін туризм саласы валюта қорының молаюына, мемлекет бюджетінің толығуына, жұмыссыздықтың азаюына, жұмыс орындарының көбеюіне, халықтың кірісі мен өмір сүру жағдайының көтерілуіне мүмкіндік беретіндігі және туризм саласында инновациялық технологияны пайдаланудың тиімділігі айтылған.*

**Кілт сөздер:** *туризм, туризм индустриясы, туристік әлеует, туристік орталық, инновация, халықаралық сауда*

Кез келген ғылымды қарастырған кезде ол нені оқытады, зерттеу объектілерін қандай әдістермен зерттеу керектігін, қандай тапсырмаларды шешеді деген сұрақтар туындайды. Мұның бәрі басты әдіснамалық мәселелер. Әр сала бойынша ғылым немен айналысатынын анықтау басқа ғылымдардан айырмашылық шекарасын көрсету болып табылады.

Тіршіліктегі ғылым әлемін өзінше бір көрініс ретінде қарастыруға болады, онда әрбір жеке аудан қандай да бір ғылымды көрсетеді. Олардың арасындағы шекаралары анықталған, кейде аудандары бірін-бірі алмастырып тұрады. Бірақ кейбір сфералары тек бір ғана ғылымға жатады.

Бір ғылымды екінші ғылымнан қандай айырмашылығы арқылы көрсетуге болады?

Бәрінен бұрын ғылым зерттеу объектілерімен айырмашылық жасайды. Ең алғаш Ф. Энгельс, содан кейін кеңес ғалымдары ғылым классификациясын материяның қозғалыс формасы арқылы зерттеп дамытқан. Бұл ғылымдар қарапайым бөлшектер, атомдар, молекулалар, тірі және өлі материялар.

Әртүрлі ғылымдар бір ғана нысанға талдау жасауы мүмкін, бірақ олардың әрбіреуінің өз көзқарастары бар. Нысанның күрделілігіне байланысты көптеген ғылымдар онда өз объектісін табады. Мысалы: тауды бір бүтін бірлік деп қарауға болады – рельеф формасы ретінде, құрайтын пластардың, жыныстардың, минералдардың бірлестігі ретінде қарастыруға болады. Осыдан барып ғылым пайда болады, олар бір-бірімен объектіні зерттеу әдістері мен тәсілдерінен ажыратылады. Бұл әдістің кейбіреулері әмбебап, олар түрлі ғылымдарда қолданылады, бірақ ғылым сондай-ақ жеке әдістерге де ие. Осыған байланысты әдіс өзіне тән бірінші болып объектінің құрылымын анықтайды.

Ғылымдар тек материяның қозғалыс формасына ғана емес, сонымен қатар басқа принциптерге негізделген классификацияға байланысты да бөлінуі мүмкін. Олардың біреуі географиялық ғылымдардың әдіснамасына байланысты. Егер жасушаны алып қарайтын болсақ, оның қай орманда өскені маңызды емес. Егер де кристаллдық құрылымына қызығушылық танытсақ, минералдың қандай ауданнан табылғаны маңызды емес. Ғалымдар материалдық объекті түрінің жалпы даму заңдылықтарын зерттейді.

Алайда, ғылым зерттеушіге табиғаттағы тірі объект комбинациялары, қозғалыс материясының әртүрлі формаларын тасушы бірлестіктер, жүйеде құрылған, олар кеңістіктегі деңгейімен ажыратылады. Мұндай бірлестіктердің (жүйесінің) кейбіреуі табиғатта бірнеше рет қайталануы мүмкін. Бірақ олардың ішінде индивидтік құрылымдар да бар. Мұндай объектілерді зерттейтін ғылым идеографикалық деп аталады. Номотетикалық ғылымдар үшін заңдылықтардан ауытқу ешқандай роль атқармаса, идеографикалық ғылымдар үшін индивидуалдық объект берілген жүйеде қалай қозғалатынын дәл көрсету маңызды.

Қазақстанның кеңестік одақ тарағаннан кейінгі экономикалық құрылымы тұтастай өзгерді. Экономика құрылымындағы өзгерістер дүние жүзілік шаруашылықпен тікелей байланысты жағдайда жүріп отыр, сондықтан ұлтаралық корпорациялардың енуі Қазақстан экономикасының дамуына, келешегіне, шаруашылық салаларының мамандануына ықпалын тигізуде. Дүние жүзілік шаруашылық – халықаралық экономикалық қатынастардың объективті негізі және маңызды бөлігі. Халықаралық экономикалық қатынастар дүниежүзілік шаруашылық қалыптасқанға дейін де бар болған. Құрылу мен қалыптасу үстіндегі бүкіл дүниежүзілік шаруашылық өз құрамына экономикалық өсу деңгейлері бірдей емес өнеркәсібі дамыған, дамушы және экономикалық жүйесі өтпелі кезеңді басынан кешіріп отырған елдерді біріктіріп отыр. Қаншалықты қайшылықты және әр қилы болса да ХХ ғасырға қарағанда ХХІ ғасырдың табалдырығында дүниежүзілік шаруашылық мейлінше біртұтас, үйлестірілген, динамикалық қозғалыстағы шаруашылық болып көрінеді. Қазіргі дүниежүзілік шаруашылық рыноктың және халықаралық еңбек бөлінісінің принциптерінің бейнесіне ие болып отыр. Ал, экономика салаларының ішінде туризмнің қарқынды дамуына Қазақстанның бай тарихын, археологиялық ескерткіштерін, архитектура мен қала құрылысының тарихын, сондай-ақ халықтардың өзіндік мәдениетін, табиғи және мәдени ескерткіштерін жатқызады.

Соңғы уақытта туризм индустриясы – халықаралық сауда қызметінің жедел дамып келе жатқан түрі. Әсіресе, халықаралық туризмнің дамуы валюта қорының молаюына, мемлекет бюджетінің толығына, жұмыссыздықтың азаюына, жұмыс орындарының көбеюіне, халықтың кірісі мен өмір сүру жағдайының көтерілуіне, яғни Қазақстанның тұрақты дамуына мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда туризм тек елдер арасындағы мәдени байланысты дамытуға ғана емес, өнеркәсібі дамыған, сондай-ақ дамушы елдердің маңызды әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуде елеулі рөл атқарады. Әлемдік туризмнің дамуын ХХІ ғасырдың стратегиялық және экономикалық жоспарының басым бағыты ретінде қарастырады. Қазіргі таңда Қазақстан туризмі – қоғамдық өмірдің күрделі, жан-жақты көрінісі, ол экономиканың пайдасы көп және серпінді салаларының бірі болуы мүмкін. Туризмнің әлеуметтік-экономикалық дамудың негізі бола отырып, шаруашы-

лықтың көлік пен байланыс, сауда, халық тұтынатын тауарлар, ауыл шаруашылығы, қызмет көрсету сферасы және құрылыс т.б. сияқты негізгі салаларына әсері өсіп келе жатыр. Соған қарамастан еліміздің туристік әлеуетінің негізгі бөлігі игеруді қажет етеді.

Соңғы уақытта әлемде туризм саласы айтарлықтай дамып, жаппай әлемдік кеңістік және әлеуметтік-экономикалық құбылыс жағдайына жетті. Оның қарқынды дамуына әрдайым дамып отыратын жер шарындағы елдер мен халықтар арасындағы саяси, экономикалық, ғылыми және мәдени байланыстар ықпал етеді. Туризмді «XX- ғасырдың феномені» деп атайды, бұл шынында да солай, себебі оның жаппай дамуы миллиондаған адамдарға өз Отаны мен басқа елдер тарихы туралы білімдерін кеңейтуге, оларды нақтылап, тұрақтандыруға, кейбір тарихи уақиғалар мен құбылыстардың барысы мен мағынасын жақсырақ түсінуге, елдердің көрнекі жерлерімен, басқа халықтардың дәстүрлері және тұрмысымен танысуға мүмкіндік берді [1,2].

Көптеген адамдар туризмді демалыспен, жаңа білімдер және алған әсерлерімен байланыстырады. Ол өзінің көрмеген жерлерін, халықтардың әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін, басқа халықтардың асханасын, табиғи, тарихи және мәдени ескерткіштерді ашу және танып білуге деген ынтасымен қазіргі адамның өміріне терең енді.

Туризм – жай әуестік немесе сән емес, ол көпшілік адамдардың өмірлік сұранысы.

Туризмді жандандырып оның дамуына үлес қосатындар туристік саланың мамандары. Қазақстан экономикасын дүниежүзілік шаруашылыққа интеграциялау және оның қарым-қатынастар мен халықаралық еңбек бөлінісіне белсенді қатысу процестері енді ғана басталып келе жатыр. Дегенмен, мемлекетіміздің соңғы жылдарындағы ұтымды әрі өзара тиімді сыртқы экономикалық байланыстарды нығайтып, дамытуға ұмтылыстарын атау керек. Еліміздің дүниежүзілік интеграциялық процестерге қатысып, көп жақты ынтымақтастықты қалыптастыруға мүдделілігі орнығып келеді, осының негізінде елімізді дүние жүзілік көлемде танып білуде көптеген жетістіктер де баршылық.

Дүние жүзінде Қазақстан экспортының құрылымында шикізаттық бағыттың басым екендігі белгілі. Халықаралық интеграциялық процестерге еркін үйлесуді шешуге мынандай алғы шарттарды орындау көмектеседі:

– КСРО-ның ыдырауымен байланысты бұзылған экономикалық үйлестіру процестерін Тәуелсіз Мемлекеттер Достығы елдері шеңберінде мүмкіндігінше тезірек қайта жаңғырту;

– Өнеркәсібі дамыған және дамушы елдермен, әр түрлі экономикалық топтармен байланыс механизімін жетілдіре білу;

– Қолайлы инвестициялық ахуал жасап, экономикамызға ауадай қажет шетел инвестицияларын тарту және оларды жоғары тиімділікпен пайдалану.

– Экспорт пен импорттың арақатынасын жіті қадағалап, белсенді сыртқы экономикалық саясат жүргізу;

– Экономиканың ғылыми-техникалық прогресс жолымен дамуын ынталандыру.

Табиғат Қазақстанды минералды шикізат қорының негізгі қоймасына айналдырған және табиғи ресурстардың әлеуетімен де көзге түседі.

Бірақ Қазақстанның туризм саласы жеткіліксіздік дәрежеде, еліміз әсіресе ішкі туризм мамандарына, халықаралық туризм мамандарына, қонақ үй менеджменті, және туристік мекемелер менеджерлерінің мамандарына тапшы. Еліміздегі туристік мамандардың басым көпшілігі мамандандырылмаған. Жалпы туризм саласы бұл белсенді демалудың бір түрі және әлемдік экономиканың құлдырауы болмайтын сала. Туризм тек экономикалық ғана емес, бұл әлеуметтік мәдени маңызға ие. Туристердің келуінен шаруашылыққа түсетін пайданы адамдар өте ерте заманда байқады. Солай болса да, тек XIX жүзжылдықтан ғана бастап туризм көптеген аймақтың экономикасына елеулі әсерін тигізе бастады. Туристерге көрсетілетін қызметтен түсетін табыстың жоғарылығына байланысты, кейбір елдер мен аймақтарда XX ғасырдан бастап туристерге көрсетілетін қызмет саласын «туристік индустрия» деп атай бастады. Туристердің қажеттерін өтеу үшін туризм аудандарында бірқатар шаруашылық түрлерін игеруге тура келді.

200 жылдан бері орыс ғалымы М.В. Ломоносов ұсынған «экономикалық география» термині дәл осы уақытқа дейін қолданылып келеді, бірақ оның зерттеу пәні күрделі және дискуссиялық

мәселе болып отыр. Ең біріншіден география деген не? Білетініміздей бұл сөз – гректің «жерді сипаттау» сөзімен пара-пар. Кейбір авторлар бұл терминді «жер» деген сөзінен шыққан дейді, жер беті табиғатына немесе оның бөлігіне қатысты болғанда ғана географиялық зерттеу болды деп тұжырымдауда. Жер бетінің табиғатпен немесе онымен байланыстың болмауы – географияның да болмауы немесе туризмнің болмауы?

Сондықтан да дәстүр бойынша және қысқаша экономикалық география деп аталады. Оны әлеуметтік-экономикалық немесе жай ғана әлеуметтік (қоғамдық) деп атаған дұрыс болады. Қазіргі таңда елімізде білім саласының алдына қойған міндеттері баршамыздан білім беру ісіне ерекше назар аударуды талап етіп отыр. Біз бүгінде Қазақстанның жоғары оқу орындарындағы білім беру және тәрбие үдерісінің мазмұны мен бейнесіндегі елеулі өзгерістерге куә болып отырмыз.

Бүгінде қоғамды дамытудың жаңа тұжырымдамасына сай білім жүйесінде көптеген реформалар жүргізілуде. Жоғары оқу орындарында білім беру функцияларына ерекше назар аудару жөнінде кеңес берілді. Өйткені жоғары білім беру мекемелері алдында елінің қазіргі жағдайы мен болашағына жауапты, жаңа қоғам құруға талпынатын Қазақстан азаматтарын және ұлтжанды азаматтарды тәрбиелеу іспетті маңызды міндеттер тұр.

Ендеше еліміздегі білім беруді дамытудың қазіргі заманғы кезеңін – оқытудың дәстүрлі түрінен инновациялық әдістерге ауысқан кезең деп сипаттауға болады. Жаңашыл білім беру әдістері, басқару жүйесіндегі тәртіптерді меңгеру және қолдану, жаңа педагогикалық озық тәжірибелерді оқыту, тарату, және т.б. сол сияқты процестер білім жүйесін инновациялау қажеттілігіне алып келді. «Инновация» термині ағылшын тіліндегі «жаңашылдықты енгізу» деген мағынаны береді. Ал, инновациялық білім беру жүйесінің негізгі мақсаты да оқыту мен тәрбие беруде жаңа үрдістер мен әдістерді тәжірибеге енгізу болып табылады. Инновациялық білім беру жүйесі алдымен оқытушылар мен білім беру қызметкерлерінің компьютерлік сауаттылығы жағынан жоғары дәрежеде болуын қажет етеді.

Білім беру саласындағы инновацияны жасау, игеру және тарату – жаңа білім беру жүйесін қалыптастырады. Бұл икемді, ашық, жеке тұлғалық және адамның бүкіл өмір бойы үздіксіз білім алуының жаһандық жүйесі.

Қазақстан Республикасы үшін білім беру мен ғылымды дамыту, экономикалық жүйенің бәсекеге қабілеттілігін жоғарлатудың бірден бір жолы инновациялық білім беру болып есептеледі.

Білім беру жүйесіндегі инновацияларда ең бірінші маңызды рөл атқаратын – оқыту мен білім берудің жаңа әдістері мен тәсілдері;

- технологиялық инновациялар – жаңа білім беру технологиясы;
- ұйымдастырушылық инновациялар – жаңа ұйымдастырушылық құрылымдар және білім беру саласындағы жаңа формалар.

Жалпы инновациялық іс-әрекет – қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайына оң өзгерістер әкелетін іс-әрекет. Әрбір оқытушы өзінің оқу-жұмысын дамыту үшін түрлі құралдар арқылы өзінің іс әрекетін саналы түрде өзгертіп отырады.

Сонымен қатар, инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Кейінгі кезеңде ғалымдар өз зерттеулерінде оқу-тәрбие ісіне жаңалықтарды енгізіп, тарату мәселесін қарастырады. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру оқытушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Жалпы жаңа технологиялар мамандар мен студенттердің шығармашылық қабілеттерін арттыруға өз үлесін қосады. Ал, жаңа технологияны қолдану, оқып үйрену, меңгеру, өмірге ендіру, дамыту кезеңдері арқилы іске асады.

Ғылым мен техниканың дамуымен әлеуметтік өмір деңгейі де өзгеріп отырады. Осының бәрі табиғат байлығына адам миы мен күшінің жұмысынан туады. Әр адамның ойы мен білімі әр қоғамға қандай керек болса, табиғат пен оның байлығы да сондайлық керек. Мұның өзі дүние бір бірімен байланыста дамитынын ондағы адам мен қоғам аралық қатынасты да қадағалай білген жөн.

Сонымен қатар, халықаралық туристік байланыстарды нығайтуда әлемдік тәжірибеде қолданылып жүрген жаңа технологияларды енгізуді ескере отырып, саланың ақпараттық кеңістігін қалыптастырудың маңызы зор[1,3].

Іскерлік ойындарының дидактикалық, тәрбиелік және дамытушылық (әлеуметтендірушілік) маңызы да өте зор. Берілген материалдан маңыздысын, ең бастысын бөліп алады, басқа нәрселермен салыстырады, оны жүйелеп, қорытындылайды, нақтылайды, анықтайды және ұғымға түсінік береді, оны дәлелдейді немесе жоққа шығарады, модельдейді. Жалпы студенттердің ойлау қабілетін арттыру үшін қолайлы деп санайтын әдістерге: жарыс, сайыс, студенттің қиялын, бақылауын қолдану, танымдық ойын және шығармашылықпен орындауға арналған тапсырмаларды көбейту.

Жалпы оқытудың пәрменді әдіс тәсілдерін қолданудан сабақтың тиімділігі және сапасы арта түсетіні белгілі.

Қазіргі нарық жағдайында шетелде Қазақстан туралы сапасы жоғары полиграфиялық және аудиобейне жарнама материалдарын шығару және белсенді түрде тарату қажет. Қазақстанға туристерді тартуға өлкетану жариялымдары, жарнама-баспа қызметі өз ықпалын тигізеді. Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалануға, оның ішінде Интернет жүйесінде Қазақстанның туристік фирмаларының WEB-сайттарын құруға айрықша мән берілуі қажет.

Бұдан басқа халықаралық байланыстарды нығайтуға туризм индустриясында жұмыс істейтін білікті мамандар да пәрменді көмек көрсете алады. Туризм саласына білім беру гранттарын көбейту жолымен туристік индустрия үшін кадрлық әлеуетті дамытуда мемлекет тарапынан қолдау қажет. Кадрларды даярлау жүйесін арнайы орта білім беруден бастау керек. Бұл үшін республиканың қалаларында қонақ үй-ресторан ісі және туризмге маманданған колледждерді ашу жөн. Сонымен қатар, туристік салаға арнап мамандарды дайындайтын жоғары оқу орындарында халықаралық тәжірибеге сәйкес білім беру сапасының сертификациясын енгізу қажет. Бұдан басқа туристік саланың кадрларына арнап, дүниежүзілік туристік ұйыммен, туристердің қазақстандық қауымдастығымен, Қазақстанның жоғары оқу орындарымен және халықаралық білім беру мекемелерімен бірлесіп, тұрақты жұмыс істейтін кәсіби даярлық курстарын құру да артық шара емес.

Туристерге қызмет көрсетудің сапасы, қазақстандық туристік өнімнің бәсекеге қабілеттілігін артуы және республикамызға шетелдік туристік ағындардың үлкеюі туристердің қауіпсіздігіне де байланысты. Қауіпсіздік туризмді дамытуға, ең алдымен келушілер ағынын көбейтуге немесе азайтуға әсер ететін маңызды фактор.

Туристің қауіпсіздігі мемлекет саясатына, туристік фирмалар қабылдайтын шараларға, сондай-ақ туристің жеке басының іс-әрекетіне де тікелей байланысты.

Жаңа технологияларды қолдану туризм объектілері, әуе билеттерін және қонақ үйлердегі орындарды броньдау, клиенттің қалауы бойынша туристік қызметтер пакетін қалыптастыруды қоса алғанда, Қазақстанның туристік әлеуеті жөнінде қажетті ақпаратты тұрақты негізді ұсынып тұруға мүмкіндік береді. Қазіргі күнгі технологиялардың мүмкіндігі әлемнің кез келген түкпіріндегі әлеуетті туристерді толық ақпаратпен қамтамасыз етуде ерекше және бағаланбас болып отыр.

Бүгінгі күні туристік орталықтарды ұйымдастыру жөнінде жинақталған әлемдік тәжірибе бар Германия, Оңтүстік Корея, Жапония және ТМД елдері ішінде Мәскеу (РФ). Бұндай орталықтар туризмді дамытудың әлеуетті мүмкіндіктерін және көрсеткіштерін жүйелеу жөніндегі интенсивті жұмыстар жүргізуге, туристік қызметтердің әлемдік нарығында ұлттық туристік өнімді тұтыну үшін сұранысты зерттеу мен ұсынысты қалыптастыруға, мемлекеттің халықаралық туристік беделін нығайту мақсатында ірі халықаралық іс-шаралар мен форумдарды өткізуге мүмкіндік береді.

Туристік саланы ақпараттық қамсыздандыру үшін келесі іс-шараларды жүзеге асыру қажет: интерактивті геоақпараттық жүйені енгізу үшін инновациялық және ақпараттық технологиялардың Республикалық туристік орталығын құру, ұқсас халықаралық жүйелермен бірігу мақсатында Қазақстан аумағында бірегей туристік-ақпараттық жүйе құру, ұлттық туристік өнімді халықаралық нарыққа жылжытуға септігін тигізетін тағы бір фактор – шет елдің турагенттерін еліміздің туристік мүмкіндіктерімен танысу, қарым-қатынас орнату үшін мемлекетімізге шақыру[2,3].

Болашақ мамандар студенттерді инновациялық оқыту білімді тереңдетумен қатар студентті оқу әрекетіне жетелеп, олардың оқуға деген ынтасын оятады. Студенттердің танымдық ой



белсенділігін қалыптастыруда іскерлік ойын сабақтарын өткізу студенттерді өз бетінше ізденуге, ойлау қабілетін арттыруға, тапқырлыққа баулиды. Студенттердің сабаққа деген ынтасы артып, олардың шығармашылық ой-өрістерін, түсінік-танымдарын еселеп арттыра түседі.

Сонымен қатар сабаққа дайындық барысында студенттер әр түрлі газет-журналдарды, көмекші құралдар мен анықтама кітаптарды пайдаланады, яғни бір сөзбен айтқанда оқушылардың өз бетінше шығармашылық ізденіспен жұмыс жасау қабілетін арттырады.

Ең бастысы туризм мамандығында оқитын студенттер арасында өткізілген рөлдік ойын және іскерлік ойын сабақтары студенттердің көңілін өз бетінше ізденушілікке аударып, қабілеттілігін көп арттырады.

Жаңа технология жүйесінде проблемалық, іскерлік ойын арқылы оқытудың маңызы зор екендігін анықтайды. Мұндай сабақтар студенттердің логикалық ойлау қабілетін де дамытады, пәнге деген қызығушылығын арттырады, өмірде кездесетін түрлі қиындықтарды жеңуге тәрбиелейді. Іскерлік ойын сабақтарын өткізу технологиясы 3 кезеңнен тұрады.

I кезең. Дайындық кезеңінде рөлдерді бөлу, топтарға бөлу, алдын ала таныстыру, қажетті материалдарды жинау,

II кезең. Ойын кезеңінде хабарламаларды тыңдау, пікірталас жасау, қабылданатын шешімді талқылау және талқыландырылған шешімді қабылдау,

III кезең. Проблеманы шешудің тиімді жолдары іздестіру.

Іскерлік ойындарының дидактикалық, тәрбиелік және дамытушылық маңызы да өте зор. Берілген материалдан маңыздысын, ең бастысын бөліп алады, басқа нәрселермен салыстырады, оны жүйелеп қорытындылайды, нақтылайды, анықтайды және ұғымға түсінік береді, оны дәлелдейді немесе жоққа шығарады немесе үлгілейді. Жалпы студенттердің ойлау қабілетін арттыру үшін қолайлы деп санайтын әдістерге: жарыс, сайыс, студенттің қиялын, бақылауын қолдану, танымдық ойын және шығармашылықпен орындауға арналған тапсырмаларды көбейту. Жалпы оқытудың пәрменді әдіс тәсілдерін қолданудан сабақтың тиімділігі және сапасы арта түетіні белгілі және толыққанды мамандарды тәрбиелеп шығаруға себебі бар екендігі сөзсіз.

### Әдебиеттер

1. Назарбаев Н. А. «Қазақстан – 2030» Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы, Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. Алматы: Білім, 1997.
2. Вашенко В. Инновационность и инновационное образование //Alma mater. –2017.
3. Селевко Г.С. Современные образовательные технологии: Учебное пособие. М., 2018.

### Резюме

Туризм во всем мире считается одной из самых значительных отраслей экономики. Туризм – это сложный процесс, в основе которого лежат наука, культура и образование. С переходом к рыночным отношениям в Казахстане, стало ясно, что без высококвалифицированных, культурных, знающих свое дело кадров немислимы глубокие качественные изменения в туристической отрасли.

### Summary

Tourism around the world is considered one of the most significant sectors of the economy. Tourism is a complex process based on science, culture and education. With the transition to market relations in Kazakhstan, it became clear that without highly qualified, cultural, knowledgeable personnel deep qualitative changes in the tourism industry are unthinkable.



## ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕТІМДІКТІҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ ҰТЫМДЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ: ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ

*Балалардың әл-ауқаты және олардың өмір сүру сапасы салауатты қоршаған ортаның, тиімді басқарудың және мемлекеттің тұрақты дамуының негізгі индикаторлары болып табылады. Бұл мақалада әлеуметтік жетімдікті әлеуметтік құбылыс ретінде талдау жүзеге асырылды. Сондай-ақ, әлеуметтік жетімдіктің алдын алуда қолданылатын әлемдік тәжірибе қарастырылған. Оның ішінде АҚШ тәжірибесі, Германия, Франция елдерінің тәжірибесіне талдау жасалды. Аталған елдердің тәжірибесін елімізде қолданудың тиімді тұстары анықталды.*

**Кілт сөздер:** жетімдік, әлеуметтік жетімдік, АҚШ тәжірибесі, Германия тәжірибесі.

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы «Біздің басты мақсатымыз – әлеуметтік қауіпсіздік және азаматтарымыздың бақуаттығы. Бұл – қоғамдағы тұрақтылықтың ең жақсы кепілі. Біздің қоғамда уақыт сынына төтеп бере алатын жаңартылған және әлдеқайда тиімді әлеуметтік саясатқа деген сұраныс өсіп келеді», - дей келе, «Бейбіт өмірдің өзінде бізде мыңдаған жетімдер бар - балалар үйлері толы. Бұл, өкінішке қарай, жалпыәлемдік үрдіс және жаһанданудың сынағы. Бірақ біз бұл үрдіспен күресуіміз керек. Мемлекетіміз бен қоғамымыз жетімдерді асырап алуды және отбасы типіндегі балалар үйлері салынуын көтермелеуі қажет. Ерлердің әйелдер мен балаларға мүлдем жауапсыз көзқарас танытқан оқиғаларының саны өсуде. Бұл біздің дәстүрімізге, мәдениетімізге тіптен жат. Балалар – қоғамымыздың ең әлсіз және қорғансыз бөлігі және олар құқықсыз болуға тиіс емес. Біздің топырағымызда туған кез келген сәби – қазақстандық. Және мемлекет оны қамқорлығына алуға тиіс. Елбасы ретінде мен әрбір сәбидің құқығы қорғалуын талап ететін боламын».

Жетімдік институты соғыстың, эпидемияның, аштықтың, ата-аналар өлімі, саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени дағдарыстардың нәтижесінде қалыптасты. Аталған әлеуметтік институтқа әрбір мемлекет қандай да бір ықпал етіп, бұл құбылысты азайтуға тырысты.

Фостерлік отбасы деп «жергілікті билік органдарының қамқорлығына алынған балалар (туған аға-інілері мен апа-қарындастарын қоспағанда, үшеуден артық емес) орналастырылатын уақытша отбасын» түсінеді. Фостерлік отбасы баланы биологиялық ата-аналарға қайтару немесе оны асырап алуға беру мүмкіндігін жоққа шығармайды [1].

Мәселен, Ұлыбритания Балалар туралы Заңының 23 бабына сәйкес фостерлік ата-ана – 1) баланың биологиялық ата-анасы болып табылмайтын, бірақ ол үшін ата-аналық жауапкершілікте болатын адам; 2) жергілікті билік органдарының шешімімен оның отбасына орналастырылған баланы қамқорлыққа алатын және тәрбиелейтін адам, олар мен баланың туған ата-аналары арасында құқықтарды шектеу кезінде; 3) егер бала мемлекеттік қамқорлықта болса және осы мекемеге орналастырылса, стационарлық мекеменің өкілі. Осыған байланысты, фостерлік отбасын, кейбір ұлттық ерекшеліктерді (отбасындағы балалар санын, заң практикасы нормаларын, отбасының әлеуметтік мәртебесін) қоспағанда, біздің еліміздегі бала асырап алушы отбасының аналогы деп есептеуге болады.

Шетелдерде фостерлік отбасы институтының тамыры балаларға қатысты зорлық-зомбылықты болдырмау туралы идеяда өз бастауын алады. Осының нәтижесінде баланы отбасынан алып қойғандықтан, ата-анасын ата-ана құқықтарынан айыру туралы сотқа өтініш берген, ал балаларға жаңа тұрғылықты жері қамтамасыз еткен. Алайда бастапқыда ешкім баламен де, оның туған ата-анасымен де отбасындағы жағдайды қалыпқа келтіру бойынша жұмыс жүргізбеген.

АҚШ-та фостерлік отбасы жүйесінің қалыптасуының бірінші кезеңі әртүрлі қиындықтармен сипатталады, олардың арасында мыналарды атап өткен жөн:

1) уақытша болудың орнына ұзақ мерзімге асыраушы отбасыларға жетімдерді орналастыру;  
2) асыраушы отбасылармен және балалармен жұмыс жасаудың жеке нысандары емес, топтық түрлердің басым болуы;

3) асыраушы тәрбиелеу бағдарламасымен аздаған кәмелетке толмағандарды қамту (әртүрлі штаттарда осындай жоспарлаудан тыс қалған балалардың үлесі 13-тен 77%-ға дейін);

4) асыраушы отбасыларда тұратын балаларын туған ата-анасының көруіне рұқсат бермеу;

5) ата-ана құқықтарынан айыру рәсімінің күрделенуі;

АҚШ-та 2011 жылы асырап алынған балалардың жалпы саны 9 мың адамды құрады, одан кейінгі екі жыл ішінде біртіндеп төмендеуді жалғастырды (2012 жылы – 8 668 адам, 2013 жылы 7 094 адам тиісінше) [US adoptions of foreign children plunge to 21-year low in part due to Russia ban. URL: <http://www.theguardian.com/world/2014/mar/21/us-adoptions-foreign-children-russia>]. Асырап алынған балалардың жалпы саны 9 мың адамды құрады. Бұдан басқа, сарапшылар халықаралық бала асырап алу санының жалпы әлемдік практикада айтарлықтай төмендегенін атап өтеді: 2004 жылы 45 299 жетімнен 2011 жылы 23 626 дейін.

Асырап алуға жататын жеті жасқа дейінгі дені сау ақ нәсілді балалардың жетіспеушілігінен АҚШ-та халықаралық асырап алуға айтарлықтай сұраныс бар. 2013 жылы Америка азаматтары Қытайдан – 2 306, Эфиопиядан – 993, Украинадан – 438, Ресейден – 250 бала асырап алды. Басқа да донор елдердің қатарында Гаити – 388 адам, Конго – 313 адам, Уганда – 276 адам. АҚШ-тан басқа халықаралық асырап алу бойынша белсенді саясатты Франция (жыл сайын 3 777 бала асырап алу), Канада (2 222), Германия (1 567) жүргізеді. Норвегияда, Данияда, Голландияда, Израильде өз жетімдерінің толық болмауына байланысты бала асырап алудың үлкен үлесі басқа елдерге тиесілі [Healy, L.M. & Thomas, R.L. International Social Work: A retrospective in the 50th year. International Social Work. 2013. 50 (5). Pp. 581-596.].

Асырап алған отбасының уақытша сипатына қарамастан, кейбір жағдайларда бала онда тұрақты түрде қалуы мүмкін. Баланың АҚШ-та асырап алған отбасында болуының орташа ұзақтығы соңғы жылдары 1998 жылғы 20,5 айдан қазіргі уақытта 15,8 айға дейін төмендеді. Оңтүстік Австралияда жүргізілген зерттеулер нәтижелері асырап алған балалардың 20%-ы 35 асырап алған отбасында тұруда; 18%-ы 6-9 орынды, 24%-ы 10 және одан да көп отбасы биологиялық ата-аналардан алынғаннан кейін ауыстырғанын анықтады [Foster care adoption in the United States: A state by State Analysis of barriers & Promising Approaches. URL: [www.nationaladoptionday.org](http://www.nationaladoptionday.org) ].

Орын алуы мүмкін себептер ретінде: баланы асырап алушы отбасынан алып қою салдарынан оның психикалық денсаулығына айқын зиян келтіру; ресми асырап алудың мүмкін еместігі; асырап алушы ата-аналардың баламен айырылғысы келмеуі; баланы күтіп-бағуға және оған медициналық қызмет көрсетуге төлемдерді қамтамасыз ету; материалдық қаражат алу қажеттігіне байланысты оны асырап алуға немесе ресми қамқоршылықты ресімдеуге мүмкіндігі жоқ кәмелетке толмаған туыстарын отбасына орналастыру болуы мүмкін. Сонымен қатар, 18 жасқа дейінгі жасөспірімдер үшін, өзінің де, қабылдау отбасында да тұруға ниет білдірмейтіндер үшін (Independent Living Program), ресімдеу тәртібі, мысалы, Солтүстік Каролина штатында көрсетілген штаттың жалпы ережесіне (General Statute 7A717, Article 56 «Emancipation», NC) 56 бабына сәйкес жүзеге асырылады. Өз бетінше тұратын жастар санының 2011 ж. 1 565-тен 2013 ж. 1 485-ке дейін азаю үрдісі байқалады [Foster care data book. Office of Business Intelligence Department of Human Services, October 2013. URL: <http://www.oregon.gov/dhs/abuse/publications/children/2012-cw-data-book.pdf>].

АҚШ-та жетімдерді отбасылық орналастырудың жеті түрі бар:

1) туыстарының отбасына орналастыру;

2) баланың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төнген жағдайда оны асырап алушы отбасына шұғыл орналастыру;

3) кәсіби даярлықтан өткен және осы қызмет түрімен айналысуға лицензиясы бар кәсіптік асырап алушы отбасына жіберу;

4) денсаулығы проблемалары болған жағдайда отбасы үлгісіндегі шағын жинақты үйлерге/интернаттарға ауыстыру;

5) штат/округ заңнамасында көзделген тәулік бойы медициналық-психологиялық-педагогика-

лық қызмет көрсететін мамандандырылған интернаттық мекемелер;

б) балаларға көмек көрсететін, бірақ дәрі-дәрмекпен емдеуді көздемейтін мамандандырылған асыраушы отбасылар;

7) штаттан тыс асырап алушы отбасыға орналастыру.

Балаларды туыстардың отбасына отбасылық өмір сүрудің бір түрі ретінде орналастыру АҚШ-та жақында ғана тәжірибеге ене бастады және соңғы уақытта тиісті көрсеткіштер 18%-дан 31%-ге дейін өсті. 1996 жылдан бастап туыстар біздің зерттейтін категориядағы балаларға қамқорлық жасау кезінде бірінші кезекте құқық алды. 2013 жылғы статистика мәліметтері бойынша, 640 мың америкалық бала туған-туыскандарының отбасында тұрады. Бұл сан әлеуметтік қызметтер мен сот тарапынан араласусыз туыскандарының отбасыларында тұратын балаларды есептемегенде, мемлекеттің қамқорлығындағы балаларды ғана қамтиды. Балаларды туыстарының отбасына орналастырудың барлық жағдайларының 77%-ға жуығы әлеуметтік қызметтер мен сот жүйесінің араласуынсыз ерікті негізде болады, нәтижесінде жеке қамқорлық (private kinship care) деп аталады [Бессчетнова О.В. Трансформация института сиротства в современном российском обществе. Дисс. на соис.ученой степени д.с.н., Белгород, 2017].

Егер баланы туыстарының отбасына орналастыру қамқоршылық және қорғаншылық органдарының немесе әлеуметтік қызметтердің қатысуын көздесе, ол қоғамдық қамқоршы (public kinship care) деп аталады. Соңғы түрі фостерлік отбасы болып табылады, оның мүшелері баламен туыстық қатынаста (kinship foster care) тұрады, ол кәмелетке толмаған баланың туыстарына сот шешімі бойынша жауапкершілікті беру нәтижесінде пайда болады. [Geen R. The evolution of kinship care policy and practice. *The Future of Children*. 2004. 14(1). Pp. 131-149].

Америкалық мамандардың пікірінше, туыскандар тарапынан қамқорлықтың бірқатар артықшылықтары бар: туыстары тиісті қолдау деңгейін қамтамасыз ете алады, баланың ата-аналарымен және отбасының басқа да мүшелерімен жиі араласады. Бұдан басқа, кәмелетке толмағанның орнын ауыстыру оның әлеуметтік бейімделуі мен әлеуметтану процесіне зақым келмейді. Сонымен қатар, ғылыми зерттеулердің нәтижелері туыстарымен бірге тұратын балалар қарапайым кәсіби қабылдау бөлмелеріне орналасқандарға қарағанда, асырап алушы отбасында айтарлықтай ұзағырақ қалатынын көрсетеді. Бұдан басқа, олардың биологиялық ата-анасымен қосылу немесе асырап алу мүмкіндігі аз. Негізгі себептерге мыналар жатады: туыстарының қалжыңдауы/қарсылық білдіруі; балалардың отбасында ұзақ өмір сүру мерзімі; ата-анасының ата-аналық құқықтарынан айыру процедурасының созылуы немесе балаға туыстарына қамқорлық беру; отбасы балалары туыскандарының отбасында тұратын ата-аналарға қоғамның адал қарым-қатынасы. Бұдан басқа, биологиялық ата-аналардың өздерінің балаларымен жиі кездесіп, кез келген уақытта олармен қарым-қатынас жасауға және олардың ұлдары мен қыздары отбасыларынан тыс өмір сүргені үшін кінә сезімін сезінбеуіне байланысты отбасылық проблемаларды жою жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарды аяқтауға уәждемесі айтарлықтай төмендейді.

Құрама Штаттарда бала асырап алуды ұйымдастыру процесіне енгізілген әртүрлі мамандарды: қорғаншы және қамқоршы округтік органдардың өкілдерін, судьяларды, асырап алушы ата-аналар мен асырап алушыларды, құқық қорғау ұйымдарының қызметкерлерін, мемлекеттік қызметшілер мен саяси қайраткерлерді біріктіретін SWAN (Statewide Adoption Network) асырап алу жөніндегі қызметтер мен ұйымдардың кең желісі құрылды және белсенді жұмыс істейді. Сонымен қатар, балаларды асырап алумен байланысты бірқатар қиындықтар бар. Сонымен, ата-ана құқығынан айыру рәсімі әлеуметтік қызметтер мен сот жүйесінің ұзақ жұмыс істеуін талап етеді және петицияны бірлесіп толтыруды, сот тыңдауларын өткізуді және түпкілікті шешім қабылдауды көздейді. Штаттардың көпшілігі (48) осы кезеңде туындайтын елеулі қиындықтарды атап өтеді, олардың арасында баланың тұрақты тұратын жері болмаған кезде ата-ана құқықтарынан айыру туралы сот шешімі қабылданбауы және олардың проблемаларын шешу үшін биологиялық ата-аналарға ұсынылатын қызметтердің жеткіліксіздігі неғұрлым маңызды болып табылады. Көптеген Штаттарда бала асырап алу жолындағы басқа да елеулі кедергі (43) барлық қажетті талаптарға жауап беретін бала асырап алушылардың, сондай-ақ іс жүргізуді, нормативтік-құқықтық базаны және бала асырап алу процесінің ерекшеліктерін білетін білікті персоналдың тапшылығы болып

табылады. Бұдан басқа, теріс Жақтардың арасында: істерді бір қызметкерге екінші қызметкерге беруді; мамандардың шамадан тыс жүктелуін; персоналды оқытудың тиімсіздігін; сот жүйесімен өзара іс-қимылдың жеткіліксіздігін атап өткен жөн.; қажетті ақпараттың болмауына, судьялардың, адвокаттардың, әкімшілердің жетіспеушілігіне байланысты сот тыңдауының жиі ауысуы.

Қазіргі уақытта, Қазақстандағы мемлекеттік, жеке және ресейлік филиалдарды қосқанда, туризм менеджерлерін даярлайтын 51 жоғары оқу орны бар. Қазақстанда мұндай кадрлар даярлаудың негізі 1992 жылы қаланғандығына қарамастан, туристік саланы мамандармен қамтамасыз ету әлі күнге дейін қанағаттанғысыз жағдайда қалып отыр. Көптеген жоғары оқу орындарында бұның басты себебі Қазақстанда туристік әлеует туралы оқытушылар құрамының білім және туристік саладағы жұмыс тәжірибесі, деңгейінің жеткіліксіздігі болып отыр. Соның нәтижесінде, мамандарды даярлау отандық туристік-рекреациялық ресурстарды ұстау, туристерді қабылдау үшін оларды пайдалану технологияларымен ықтимал клиенттер арасында туристік қызмет көрсетулерді атаулы жарнамалаудың әдістемесі жеткілікті түрде ескерусіз жүргізілуде. Сондықтан, жоғары оқу орындары түлектерінің едәуір бөлігінің туроператорлық қызметті толық атқаруға шамасы жетпейді. Білім және оқу стандарттарын қоса алғанда, туризмге арналған кадрларды кәсіптік даярлау төмен деңгейден көтеріле алмауда. Оның себептері туристік саладағы мамандарды дайындауда жоғарғы орындардың кәсіби деңгейінің, біліктілігінің төмен болуы. Әдетте шет мемлекеттерде туризм саласының маманын дайындауда, кәсіби мамандардың тәжірибелік деңгейі және бірнеше шет тілін білуі ескеріледі. Тек теориялық негізге сүйеніп, маман дайындау жеткіліксіз және салада көп жағдайда дәріс беретін, туризмге қатысы жоқ көптеген жанама біліктілікті мамандардың көп болуы, туризмді тежеуге септігін тигізетін бірден-бір себептер. Мәселен, ірі қонақ үйлер көп жағдайда өз кәсіпорындарына тек шет тілін білетін түлектерді және осы салада тәжірибесі бар түлектерді қабылдайды. Өз мамандығымен және тіл білімімен тек санаулы ғана туризм түлектері жұмыс атқарады. Қалғаны басқа салаға немесе мамандығын қайта ауыстыруға уақытын жұмсайды. Сондықтан оқу орындарында туризм мамандарын дайындауда кемінде 2 немесе 3 шет тілін меңгерту, сонымен бірге өндірістік тәжірибені қатар алып жүру қажет. Әлемдік тәжірибелерге сүйенсек, мысалы Эссекс қаласындағы Халықаралық менеджмент институтында (Ұлыбритания) қонақ үй менеджментіне мамандандырылған, шет тілдері (ағылшын, неміс, испан) міндетті пәндер қатарына жатады.

Афинадағы Le Monde қонақ үй және туризм институтында (Грекия) «Қонақ үй менеджменті», «Туристік менеджмент», «Отельдердегі ойын-сауық» мамандықтары бойынша ағылшын тілін үйрену қажет. Түркиядағы Богазичи университетінде «туризм менеджменті» мамандандырылған, міндетті пәндер тізіміне шет тілдері енеді: ағылшын, неміс, француз және испан.

Жаңа Зеландиядағы Линкольн университеті Франция, Испания, Германия елдерімен халықаралық байланыстарға көп көңіл бөледі. Осыған байланысты, осы университеттің студенттеріне осы елдерде тәжірибеден (тағылымдамадан) өту мүмкіндігі бар, бұл үшін шет тілдерін білу қажет. Сондықтан магистрлік бағдарламада «Туристік менеджмент», «Туристік қызметтер» және «Туристік орта» мамандандыруы бойынша оқу курстарын оқу кезінде француз, испан және неміс тілдерін міндетті түрде оқу қажет [4].

Елімізде туризм мамандарын дайындауда дарынды жастарға шетелде білім алуға мүмкіндік беретін «Болашақ» Президенттік бағдарламасы үлкен маңызға ие. Жыл сайын халықаралық стандарттарға сәйкес келетін білім деңгейі бар 30 маманның келуі сала үшін жеткіліксіз. Мемлекет жыл сайын туризм бакалаврларын даярлауға мемлекеттік грант бөледі. Алайда бұл мамандарды олар оқыған салада жұмысқа қабылдауда қиындықтар туындауы мүмкін. Нәтижесінде, осы білікті мамандарға арналған жұмыстарды қарапайым адамдар алады [5].



Жаңа технологиялар, материалдар, жабдықтардың пайда болуы кәсіби білімнің ескіруіне ықпал етеді, үздіксіз білім беруді талап етеді. Адами капиталдың мөлшері неғұрлым үлкен болса және экономика мен қоғамдағы өзгерістер тезірек болса, оған көп қаражат салу қажет. Туристік индустрия нарықтағы ерекше өзгерістерге сезімтал. Қонақтарға көрсетілетін қызметтерге нарықтық сұраныстың өзгеруімен, оларды жаңарту және жаңашылдану, технологияны жетілдіру, қызметкерлердің ғылыми-техникалық жетістіктерін іске асыру кезінде жұмыс орындарының негізгі сипаттамалары да өзгереді, сондықтан үнемі (кемінде 3 жылда бір рет) қайта даярлау және қайта құру алдыңғы қатарлы технологиялармен, ұйымдастырушылық-басқару әдістерін пайдалануды қажет етеді. Шағын туристік компаниялардың өздері үшін тренингке қаражат салуы мүмкін деп болжау қиын. Бірақ ірі қонақүйлер, мейрамханалар кешендері, СПА-салондарында (соның ішінде шетелдік қатысуымен), сонымен бірге Қазақстандамықты туристік алаң ұйымдастыруға қызығушылық танытқан кез-келген кәсіпкер, кадрларды мақсатты даярлауға және қайта даярлауға қаржы бөле алады. Өкінішке орай, туристік мамандарды даярлау деңгейін арттыру, қажетті құрал-жабдықтарды, әдебиеттерді сатып алу және туризм дамыған елдерде кәсіби біліктіліктен өту үшін белгілі бір университеттердегі демеушілік нашар дамып келеді.

Аталған мәселелерді ортаға сала отырып, еліміздегі туризм саласын халықаралық деңгейге жеткізу үшін келесідей шараларды қарастыру қажет:

Мамандарды дайындауда теориялық оқыту мен қатар өндірістік тәжірибеге көп көңіл бөлу;

– Оқыту бағдарламасына кемінде 2 шет тілін енгізу;

– Оқытушы құрамның оқытушылардың сала барысындағы тәжірибелік өтілінің міндетті болуы;

– Туристік пәндерді, яғни лингвистикалық емес пәндерді оқытуда шет тілдерін қолдану, мұндай оқытуға қолайлы жағдай жасау;

– Өндірістік тәжірибені шет мемлекеттерінде өтуге мүмкіндік жасау және қолдау;

Қорыта айтқанда туризм саласында мамандар даярлау әлемнің дамыған елдерінде жаңа деңгейге көтерілуде. Кәсіби түрде машықтанған мамандар барлық жағдайда, кез-келген салада өз орынын таба біледі және сол саланың ілгері дамуына ықпалын тигізеді. Мақсатты түрде ең бастысы бекітілуі қажет – туризм индустриясындағы сапалы және тиімділікті қамтамасыз ету үшін туристік білімнің сапасы мен тиімділігі. Адам қызметінің барлық салаларындағы жаһандану үрдістері мен оның рөлі мен осы саладағы мамандарды даярлауға әсерін тигізе отырып, халықаралық туризм саласы деңгейін анықтайды. Мамандарды даярлау сапасы мамандардың тиімді кәсіби қызметке дайындығын анықтайтын қасиеттер мен сипаттамалардың жиынтығы болып табылады. Ғылыми-техникалық прогресс жағдайында тез бейімделу, кәсіби дағдылар мен қабілеттерге ие болу, алған білімдерін кәсіби деңгейде пайдалана білу, саладағы кадрлар мәселелерін шешуде маңызды факторлардың бірі болып табылады.

### Әдебиеттер

1. Кіру тәртібі: <http://www.Baq.kz>
2. Мемлекет басшысы Қ.-Ж. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2 қыркүйек, 2019 ж.
3. Адай Секенұлы. Айқын. Қоғамдық-саяси газеті. 20 тамыз 2015 ж., Астана қаласы.
4. Сақун Л.В. Теория и практика подготовки специалистов сферы туризма в развитых странах мира. Монография. – К.: МАУП, 2004. – 399 с.
5. Кіру тәртібі: <https://articlekz.com/>

### Резюме

В статье рассматриваются вопросы подготовки кадров в сфере туризма.

### Summary

The article deals with training in tourism.

## ЖАҒАНДАНУ ҮРДІСІНІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ АСТАРЫ

*«Жаһандану» – соңғы жылдары әлемнің заманауи даму құбылыстарының ішінде неғұрлым көп талқыланып жүргендерінің бірі. Терминнің өзі ғылыми айналымға 1990 жылдары еніп, қазіргі саяси әлемнің күрделілігі мен алуантүрлілігін сипаттау үшін кеңінен қолданылып келген «пост-модернизм» ұғымын көп тұстарында шеттетті. 1980 жылдардың соңында «жаһандану» сөзі ғылыми лексикада әлі кездеспеген. Бүгінде жаһанданумен байланысты үрдістерді сипаттау үшін жиі басқа да ұғымдар қолданылады: постиндустриалды дәуір, ақпараттық революция ағысы, техножаһандану және т.б. Олардың бәрі де жаһандануға байланысты маңызды өзгерістерді білдіреді.*

**Кілт сөздер:** жаһандану, философия, техника және технология, амбебаптылық, ұлт менталитеті.

Жаһандану біздің заманымызға дейін де және біздің заманымыздан кейін де болатын үрдіс. Жаһандану «әлем», «дүниежүзі», «жалпы» деген ұғымдарды береді. Бұл дегеніміз жалпы әлем назарында болу, заман ағымынан қалмау деген ұғым. «Заманың түлкі болса, тазы боп шал» - деген, қазақ мақалы, осы жаһандану заманына сай айтылғандай, соны еске түсіретіндей. Терминнің өзі ғылыми айналымға 1990 жылдары еніп, қазіргі саяси әлемнің күрделілігі мен алуантүрлілігін сипаттау үшін кеңінен қолданылып келген.

«Жаһандану» түсінігі ХХ ғ. аяғы мен ХХІ ғ. басындағы жер шары кеңістігінде өріс алған әлеуметтік өзгерістер мен шынайылықты мағынalandырудың өзегі болып табылады. 60-70-ші жылдары пайда болып, жаһандану идеясы 80-ші жылдары академиялық мойындауға ие болды. «Жаһандану» термині ғылыми айналымда бекітілген.

Жаһанданудың негізгі мағынасы «халықаралық бірігу» дегенді білдіреді. Ол үрдіс ретінде де сипатталады. Бұл үрдіс – экономикалық, технологиялық, мәдени-әлеуметтік және саяси күштердің қисындасуы. Жаһандану экономикалық, ақпараттық, саяси, экологиялық, мәдени және тағы басқа болуы мүмкін. Мәдени жаһандану дегеніміз мәдени байланыстардың дамуы; «жаһандық» сияқты мәдени кеңістікті біріктіретін, жаңа технологиялар мен әдістерді үйрене отырып, шет елдік өнімді қабылдап, идеясына ие болуға деген құштарлық және «әлемдік мәдениетке» қатысу сынды сананың жаңа категорияларының пайда болуы.

Мәдени жаһандануға әлемнің әртүрлі елдерінің іскери және тұтынушылық мәдениетін жақындастыру мен халықаралық қарым-қатынасты өрістету тән. Бір жағынан бұл әлемдегі кейбір жеке ұлттық мәдениет түрлерін танымал етеді. Екінші жағынан әйгілі халықаралық мәдени құбылыстар ұлттықты ығыстырып немесе оларды ұлтаралыққа айналдыруы мүмкін. Көпшілік мұны ұлттық мәдени құндылықтарды жоғалту деп түсініп, ұлттық мәдениеттің жандануы үшін күреседі. Қазіргі заманғы кинофильмдер экранға әлемнің көптеген елдерінде бір мезгілде шығады, кітаптар аударылып, әртүрлі елдер оқырмандары арасында бір уақытта танымалдыққа ие болады. Мәдени жаһандануда ортақ Ғаламтордың таралуы үлкен роль атқарады. Сондай-ақ жыл санап халықаралық туризм кеңінен етек алуда.

Егерде мәдениетті, ең әуелі, адамдар символикалық қайта қарау тәжірибесі негізінде мағынасын құрастыратын өмірлік салт және тәртіп ретінде қарастыратын болсақ, онда мәдени жаһандану деп мағына құрастыру аясын өзгерту, бірегейлікті, нақты бір жерге тән болуды, жалпы түсініктерді, құндылық, ұмтылыстарды, мифтер мен сенім, қауіпті өзгертуді түсіну керек. Жаһандану үрдісінде мәдениеттің ролі мәдени-толықтырылған «жергілікті» әрекеттің потенциалды-жаһандық нәтижесімен шектеледі. Басқаша айтқанда сөз әлеуметтік белсенділіктің рефлексивтілігі жөнінде болып отыр: жергілікті дәстүр мен өмір салты қазіргі заманғы кезеңде жаһандық нәтижеге ие, сонымен қоса жаһандық үрдісте жергілікті интервенция жүзеге асады. Алайда жаһандану аясында идеяға

консюмеризм бақылауы жан-жақты екендігін ескеру де маңызды. Жаһандық капитализм өз билігіне бағындыруға, телевидение, жарнама, газет, кітап, фильм және т.б. жинақталған барлық идеялар мен материалды өнімді коммерциялау мен коммодифициялауға тырысады. Осыған сай, мәдени тәжірибені жалғастық үрдісі мен одан кейінгі институционализациялаудың басты фактор-катализаторы сауда экономикасы жағдайында пайда әкелетіннің барлығы коммерциализацияға тәуелді болатын коммерциялық потенциал болып табылады. Бүгінгі әлемде, сондай-ақ Қазақстанда, жаһандық мәдениет тәжірибесіне сұраныс пен сән бар деп айтуға болады.

Жаһандану мәдениет аясында мағыналардың көптігі, бағалаулық талдаулардың жетіспеушілігі, барлық таныс заттарды жаңа терминмен жазу перекаталогизация, транскодированиясымен анықталатын «қалдық мәдениет» (Ж.Бодрийяр термині) – қазіргі мәдениет құбылысының кең спектрінің құрылуы негізінде жатқан үрдістердің интенсификациясына әкеледі. Алайда мәдени гомогендеу немесе әлемде мәдени әртүрліліктің азайуы жаһандану үрдісі нәтижесі бола алмаса да, жаһандану консюмеризм механизмінің көмегін айтпағанда, әртүрлі мәдениеттің униформдығының өсуіне әкелуге толық қабілетті. Мәдени жаһандану батыстық Реформация, Ағартушылық, Қайта Жаңғыру сынды құндылықтар негізінде туындай алады. Бұл құндылықтар әлемдегі бүгінгі дағдарыстық құбылыстарды туындатқан, немесе ол жаңа рухани революция жүзеге асырылатын жаңа құндылықтар жүйесіне әкелуі мүмкін, сол кезде ол жаңа құндылық жүйесінде жүзеге асырылады.

Бұндай алғышарттар міндетті түрде қалыптасады, және сөзге дәлел ретінде бүгінгі таңда кеңінен таралып отырған жаңа мәдениет тәжірибесінің көптүрлілігін айтуға болады. Олар қоғамдық санада белсенді рефлексияланады, оның ішінде мағыналық әлем мағынасын әлеуметтік-тарихи контекстте қарастыруды болжайтын, әлеуметтік мәдениет талдауы әдісі де бар.[1]

Бүгінде жаһанданумен байланысты үрдістерді сипаттау үшін жиі басқа да ұғымдар қолданылады: постиндустриалды дәуір, ақпараттық революция ғасыры, техножаһандану және т.б. Олардың бәрі де жаһандануға байланысты маңызды өзгерістерді білдіреді. Заманның жаһандануы, заманауи даму түсінігін қалыптастырады. Заманауи жаһандану дегеніміз, қазіргі қоғамдағы, ғасыр талабына айналған «ақпараттық қоғам», білім, ғылым, техника, экономика және т.б. болып табылады.

Жаһандану бүгінге дейінде болған ұғым, тек айырмашылығы, әр бағыттың өз саласында даму деңгейіндегі көрсеткіштерін ғана көрсетеді. Адаммен қатар қарыштап дамып, өсіп жетіліп келе жатқан техника мен ақпараттар әлемі ой-сананың жүйріктілігімен ақиқатталады. Осы ретте «Адаммен бетпе-бет келген бұл мәселенің маңыздылығы сонша» - деп жазды, К. Ясперс. Қазіргі уақытта техника біздің ахуалдылығымызды түсінудің басты мәселесіне айналды.

Техника мен технология бүгінгі қоғам жедел дамуының маңызды факторына айналды және техника фқпалын тигізбеген адам өмірінің бірде-бір саласы қалмады. Қазіргі коммуникация құралдары арқасында мемлекет еркі ең шалғай аудандарға дейін қамтыды. Техника әсерімен терең үдерістер орын алады, еңбек өнімділігі қарышты, қарқынмен өседі. Оның мазмұны өзгереді. Қоғамның әлеуметтік құрылымы өзгереді. Оның үстіне адам да өзгереді. Қазіргі техника тіпті адамның тылсымдық тұңғиығына да ықпалын тигізеді. Егер ертеректе адам табиғатта да, әлеуметтік салада да өмір сүрудің өзгерген жағдайларына бейімделуі үшін қажеттілікті дәрежеде уақыт тауып жатса, ал қазір табиғат пен қоғамдағы техника, технология ықпалымен өтетін өзгерістер жылдамдығы сонша, бүгін адам өмір сүрудің өзгерген жағдайларына бейімделіп те үлгере алмайды және қашан да таусылмайтын жаңа мәселелер толассыз туып жатады.[2]

«Жаһандану» сөзі жалпы әлемдік мағынасында ұғылмаған. Семантикалық тұрғыдан, ол «жерді қамтуды» немесе, дәлірек айтқанда, «жерді бағындыруды» білдіреді. Әрине, бұл үйлесімді тіркесім емес, бұл жаңа тіркестің авторы оған агрессивті реңк берген. Ал сөз қандай да басқа болмыстық ақиқаттан бөлек нәрсе болғандықтан, ол жалғандықты қабылдамай, қалай болғанда да, шындықты білдіреді. Сондықтан «Тіл адамға өз ойларын жасыру үшін беріледі» деген Талейран формуласы әділетсіз әрі лас болып табылады, ол өзінің пайда болуы кезінде-ақ беделден жұрдай болған, себебі автор өз анасынан басқаның бәрін сатып жіберген адам болады, оның анасын сатпағандығының себебі де оған сатып алушы табылмағандықтан болған.[3]

Бүгінгі Қазақстан ұлттық жандану кезеңін бастан кешіруде. Ұлттық-мәдени жандану үрдісі мәдени парадигманың ауысуын білдіреді. Бұрынғы концепцияларды қайта қарау, ұмытылған

немесе тиым салынған атаулардың қайта келуі – қазіргі Қазақстанның мәдени өміріне тән ерекшеліктер. Тәуелсіздіктің онжылдығында жаңа қазақ тарихын жасаудың бастамасы қолға алынды. Алайда, «сөз еркіндігі» қазақ тарихшылары үшін ауыр сынақ болды. Алғаш рет, соңғы жүзжылдықта материалдық жағдайы мен ынтасы бар әрбір адамның жазуға да, баспаға шығаруға да мүмкіндігі болды. Бұл жағдайда, бізге көптеген әртүрлі деңгейдегі және әртүрлі сападағы тарихи шығармалар ағымы келіп түсуде. Бұл тарихиграфияның анализі мен сыны жеке мәселе. Бұл жерде айта кететін жайт, кәсіпқой және кәсіпқой емес жазушылардың қаламынан шыққан тарихи шығармалар бүкілхалықтың өзінің тарихына деген қызығушылығының дәлелі болып табылады. Бүгінгі күнде қазақ халқы өзінің бай, қанықты, қуаныш пен қайғыға толы тарихты аса қызығушылықпен оқуда. Ұлттық жанданудың үрдісі мемлекет және халық үшін де бейнетті болып табылады. Бұл үрдіс өзінің ұлттық және тұрмыстық салт-дәстүрлерін мұқият зерттеуді талап етеді. Ескі салт-дәстүрлерді бүгінгі таң мен болашақтың талаптарына сай жандандыру қажет. Сол кезде ол «салмақ» емес, мемлекеттің ілгерілеуге деген қозғалтқышы болып табылады. Салт-дәстүрімізді жаңарту өткенімізді естен шығармауға, бүгінгімізді жақсартуға және болашаққа жоспар құруға мүмкіндік береді.

Қазіргі қазақ қоғамының бет бейнесі қандай деген мәселелер төңірегінде көптеген әңгімелер мен ой-пікір, мәселелер қозғалуда осы орайда, белгілі ғалым, философ М.Орынбековтың «қазақ қоғамы үшін философиялық емес қалыптағы даналық тән. Ол адам тіршілігін қалыптастыратын дүние танымдық әмбебаптылық дәрежесінде қолданылады» - деп жазды. бұл жердегі даналық өткенге көңіл бөледі, алысқа көз тастайды. Дана ойлар тозбайды, ескірмейді, ешқашан құнын жоймайды, халықымен мәңгі жасайды. Қазақ қоғамы болашаққа бағдар ұстағанда өзінің кім екенін, яғни қазақи болмысын жоғалтпауы керек дегенге сайып келеді. Біз өз болмысымыз, өз құндылықтарымыз және философиялық дана ойларымызбен ерекшеміз.

Ұлттық ойлау ол біздің қанымыз бен қоса соғып тұрған жүрегіміз. ұлттық ойлауға тән қасиет оның үнемі даму, жаңғыру, өзгеру үстінде болатындығы. Ұлттық ойлау үнемі дамып отырмаса, онда қоғам өмірінде болып жатқан өзгерістер мен құбылыстарды бейнелеу мүмкін емес. Сондықтанда ұлттық ойлау негізі даму. Дамусыз ұлттық ойлау жоқ. Қазақ ұлты дамыған және дамушы елдердің озық мәдениеті мен жетістіктерін меңгере отырып, өзіндік санасы мен қоғамына, болашағына қажеттіліктерді ала білуі керек. Қандайда болмасын ұлттың өзіндік ойлау жүйесі, дүниені бейнелеу тәсілі бар. Ол ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениеттің, философияның негізін құрайды. Материалдық және рухани мәдениет дамыған сайын ұлттық ойлауда дами түседі ұлттық ойлауды дамытушы және оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші халық. [4]

Сондықтан жаһандану барысында қазақ халқы менталитетінің басты көріністер болып табылатын адамгершілік құндылықтар негізінде қазақ халықын топтастыра отырып, сыртқы мәдени, рухани ықпалдарға қарсы оның ішкі «ынтымақтықты» күшейту, бәсекелестік жағдайында өмір сүруге үйрету дамудың басты көзі болып табылады. Біреудің керексіз қалдығына таңырқамай өзіміздің нағыз рухани құндылықтарымызды таныта білуіміз керек. Ұлт менталитетінің тұтастығы да, бүгінгі ұрпаққа үлгі болар ұстаным да осында болса керек. Қазақ елінің жаһандануы қазақ менталитетін зерттеуден, танудан бастау алуы қажет.

### Әдебиеттер

1. Рахматуллаев Н. Глобализация эгоизма и гнева: интеллектуальный взгляд . – №4. – С.15.
2. Ғабитов Т.Х. Философия // 2006. – С.277.
3. Рахматуллаев Н. Глобализация эгоизма и гнева: интеллектуальный взгляд. – 2003. – №4. – С.11-13.
4. Бурбаев Т. Ұлт менталитеті // 2001. – С.95-99.

### Резюме

В данной статье описывается влияние глобализации на казахскую нацию и общество. Был затронут вопрос о сохранении национальной идентичности и менталитета в принятии западной цивилизации и культуры. Процесс принятия глобальной универсальности должен проходить без разрушения национальной духовности, которая должна передаваться из поколения в поколение.

## Summary

This article describes the impact of globalization on the Kazakh nation and society. The question of preserving national identity and mentality in the adoption of Western civilization and culture was raised. The process of adopting global universality should take place without destroying national spirituality, which must be passed down from generation to generation.



ӘОЖ 502

**М.Е. Байдалина**, магистр, аға оқытушы

ҚазЭҚХСУ

### ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

*Жаһандану – бір-бірімен тығыз экономикалық, ғылыми-техникалық, саяси, мәдени байланыстағы біртұтас адамзат қауымдастығының қалыптасуы. Жаһандану барлық салаларға әсер етіп, адам дамуын тездетеді. Бірақ ол өте күрделі процесстердің бірі болып саналады. Әсіресе экономика дамыған сайын, табиғат ресурстарына көп жүктеме түседі. Қоршаған орта жағдайы төмендейді, сондықтан табиғатты тиімді пайдалану және қоршаған ортаны қорғау мәселелрі маңызды орын алады.*

**Кілт сөздер:** жаһандану, экологиялық мәселелер, қоршаған орта, әлеуметтік жағдай.

Жаһандану дегеніміз – бір-бірімен тығыз экономикалық, ғылыми-техникалық, саяси, мәдени байланыстағы біртұтас адамзат қауымдастығының қалыптасуы. Ол – біздің көз алдымызда өте тез қарқынмен жүріп жатқан үрдіс. Бүкіл ХХ ғасырдың өн бойында адамзат алуан түрлі жаһандық мәселелермен тұспа-тұс келіп отырды. Ол үшін дүниежүзілік екі соғысты, фашизм мен ұлтшылдықтың пайда болуын, ядролық қару мен Жер бетінде тіршілік атаулының құрып кету қаупін және т.б. еске алудың өзі жеткілікті болып табылады. Алайда, өкінішке орай, осы орын алған жағдайлардан сабақ алып, адамзатқа төнетін барлық қауіп-қатердің алдын алдық деп тұжырым жасай алмаймыз. Қазіргі таңда қуатты бес күш әлемдік қауымдастықты жаңа бір жағдайға алып бара жатыр. Алғашқысы – бір өрістіліктің (однополярность) белгіленуі, екіншісі – әлемдік экономиканың жаһандануы, үшіншісі – ұлттар мен мемлекеттердің әлсіреуі, төртіншісі – өркениеттік сәйкестілікті іздестіру, бесіншісі – әлемдік қауымдастықтың басым бөлігі болып табылатын кедейлердің бас көтеруі. Яғни, біздер мұнда әлемнің бес басты түрткісі – күш-қуаттылық, байлық, хаос, ұқсастық пен әділеттілік туралы әңгіме қозғап отырмыз. Ресейдің танымал ғаламы А. Уткиннің пікірі бойынша, осы түрткілердің әсерінен «әлемдік тәртіп қайта түзеледі, жаңа геосаяси, экономикалық, өркениеттік әлем бейнесі қалыптасатын болады» [1].

Негізінде жаһандану дүниежүзілік тарихи үрдіс; үзіліссіз әлемде тауар, білім, мәдениетке деген көзқарас алмасуы адамдарды жақындата тұратын үрдіс. Жаһандану барлық салаларға әсер етіп, адам дамуын тездетеді. Бірақ ол өте күрделі процесстердің бірі болып саналады. Әсіресе экономика дамыған сайын, табиғат ресурстарына көп жүктме түседі. Қоршаған орта жағдайы төмендейді. Бейбітшілік сақтау, қоршаған ортанын ластануы, халықтың тығыздығы, ұйымдасқан қылмыстылық, терроризм осының барлығы жаһандық мәселелер болып саналды.

Жаһандану үрдісі қоршаған ортамен бірге экологиялық саясатқа да зор әсер тигізеді. Экологиялық шығындар ескермеген жағдайда халықаралық сауда қоршаған ортаның жағдайын күрт төмендетте алады. Экологиялық шығындарды елемейтін елдер, экологиялық қауіпті қызметтерде салыстырмалы артықшылыққа ие болады, бұл көбінесе тиісті мамандандыруға және қоршаған ортаның елеулі тозуына әкеледі. Шетелдік капитал тарту үшін, экологиялық стандарттарды төмен-

детуі де мүмкін. Халықаралық сауда сонымен қатар экономиканың шикізат секторын ынталандыруы мүмкін, яғни сәйкесінше, экспортқа ресурстардың артық өндірілуіне соқтырады.

Жаһандану артықшылықтары мен кемшіліктеріне келетін болсақ, дамушы елдер үшін жаһандану үрдісі тудыратын мәселелер мен қауіп-қатерлер. Жаһандану үрдістері әртүрлі әлеуметтік және экономикалық даму деңгейдегі дамушы елдерге және халықтарға алуан түрлі әсер етеді. Дамушы елдерге жаһандану дамуға жана мүмкіндіктер жасайды. Сонымен қатар, осы елдер үшін аса үлкен қиындықтар да туғызады. Мысалы, дамыған елдермен салыстырғанда, дамушы елдердің артта қалу деңгейі күн санап арта түседі. Ғаламдық нарықтық экономикаға ену үшін дамушы елдерден өз әлеуметтік-экономикалық құрылымын түбегейлі өзгертіп, барынша күш-жігер салуын талап етеді. Халықаралық нарық толығымен көпұлтты компаниялардың және дамыған постиндустриалды елдердің «ойын ережелеріне» бағынады. Дамушы елдердің әлеуметтік-экономикалық дамуы, ғылым, техника және технологиялар деңгейі әзірге өте төмен, ал бұл өз кезегінде олардың дамыған елдермен қатар бір деңгейде әлемдік нарықта бәсекеге түсуге мүмкіндік бермейді.

Дамушы елдердің алдында әлемдік ғаламданушы экономикаға кірігу міндеті тұр. Ал, екінші жағынан олар дамыған елдерге тәуелді болудан қашады. Жаһандық мемлекеттік жүйе – қазіргі мемлекеттердің әлемдік жүйесі. Әлемдегі мемлекеттер соның принциптеріне негізделіп құрылған ұлттық мемлекет үлгі болып табылады. Бүгінгі таңда ұлт әлемнің қоғамдық ұйымдасуының негізгі бірлігі болып табылады, ал ұлттық мемлекет – оның саяси ұйымдасуының негізгі өлшемі. Бұл екі бірлікте – қоғамдық және саяси – бір-біріне сәйкес келеді, ал бұл олардың мәнін, маңыздылығын, шынайылығын және олардың бірінсіз – бірінің күні жоқ екендігін білдіреді. Бұл ереже ұлт пен ұлттық мемлекетке легитимділік көзі мәртебесін береді. Билікке қол жеткізу және оны ұстап тұру үшін саясаткерлер және оны қолдаушылар ұлт мүддесі үшін қызмет етуі керек. Ал мұндай қызмет тек бір ұлт қана өмір сүретін ұлттық мемлекет аясында ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Ұлтты және ұлттық мемлекетті қазіргі әлемді ұйымдастырудың қоғамдық-саяси үлгісі ретінде мойындау ұлтшылдыққа ерекше, алғашқы (әзірге, жалғыз) ғаламдық идеология мәртебесін әперді. Ұлтшылдық бүгінгі түріндегі мемлекеттік жүйенің легитимдендіру құралы және идеологиялық шеңбері қызметін атқарады. Өз кезегінде бұл жүйе өзінің әмбебаптығына орай ғаламдық сипат алуда. Ұлттық мемлекеттер жер шарын түгел жайлап, тек бір-бірін ғана халықаралық қатынастардың бірден-бір субъектісі ретінде мойындайды. Осылайша, өмірдің көптеген салаларына тән жаһандану үрдісі осы ғаламдық мемлекеттік жүйенің инфрақұрылымдық іргетасына негізделген.

Жаһандану келесі артықшылықтары мен кемшіліктері бар.

Оң жағы:

- жылдам технологиялық өсуі;
- өнімдерінің саны мен сапасын арттыру; жаңа жұмыс орны; Ақпаратқа еркін қолжеткізу жақсартуға және жақсартылған өмір сүру; әртүрлі мәдениеттер арасындағы өзара түсіністікті. Жаһандану оң мәні бағалау мүмкін емес: шексіз көбейтеміз мүмкіндіктер адамзат толығымен ескере үйлестіру үшін жағдай өз өмірінің барлық аспектілерін қабылдайды. Экономика, саясат, мәдениет және өмірдің басқа да салаларында Жаһандану адамзаттың әмбебап міндеттерді шешу үшін елеулі негіз төндіреді.

Жаһанданудың жағымсыз аспектілерді:

- көптеген елдердің экономикасының тұрақсыздығы;
- екі ел арасындағы әлеуметтік-экономикалық дамуына алшақтықты; қоғамның стратификациясы; ТҰК өсіп келе жатқан ықпалын; көші-қон өсті ауқымын; жаһандық проблемаларды асқынуы; сәйкестілік жоғалуын бұқаралық мәдениет енгізуді.

Жалпы, үкімет аралық құрылымдар жүйесі экономиканың жаһандану burnoprotekayuschey туындап қажеттіліктері артында пайда болды. Ол тиімді оның оң нәтижелерін пайдалану және оның теріс әлеуметтік және экономикалық салдары төтеп мүмкін емес болып табылады. Бірінші кезекте, демографиялық процестер мен қоршаған ортаны қорғау, экологиялық және техногендік апаттар және олардың зардаптарын алдын алу оңтайландыру бойынша әлемнің елдер мен аймақтар арасында өмір сүру алшақтық, азайту үшін, кедейшілік пен күресуге тиімді тетіктерін құру қажет.

Жаһанданудың артықшылықтары: жаңа жұмыс орындары мен Бангалор сияқты қалалардың дамуы.

Жаһанданудың кемшіліктері: шетелдік инвестицияларды тарту мақсатында арзан әрі әділетсіз еңбек шарттарының, яғни жұмыскерлері өте ауыр жағдайда жұмыс істейтін мекемелердің көбеюі.

Біздің ойымзша, жаһандану үрдісінің оң жетістіктерін негізінен экономика саласынан байқауға болады және ақпаратталмасу мен қауіпсіздік жөніндегі ұжымдық шаралар қабылдау саласында да етістіктер баршылық. Конгрестегі жалпы халықтық талқылаудың мазмұны сол, жаһандіндері мен діни ағымдардың барлығының қызметі, қалай болғанда да жаһандану үдерісінің бір бөлшегі болып табылады. Сондықтан да олардың миссиясы – бейбітшілік жолында бірлесіп әрекетету және жаһандану дәуірінде адамдар үшін рухани құндылықтардың маңызын адамзаттың есіне салып отыру. Осы тұрғыдан алғанда, аталмыш миссияның күрделілігіне қарамастан, Қазақстан ол міндетті тамаша атқарып отыр деп санаймын.

Жаһандану адамзат қоғамына не берді дегенде, алдымен, ғылыми-техникалық, экономикалық жетістіктерді айтар едік. Әлемнің бір түкпірінде ашылған ғылыми жаңалық интернет арқылы сол сәтінде жер жүзіне тарап, жалпы адам баласының игілігіне айналуда. Жер бетінде жаһандануға ұшырамаған ел кем де кем. Тілдік, ұлттық, мемлекеттік шекараларды білмейтін жаһандану бүкіл әлемді қоғамдық дамудың тайқазанында бұрқ-сарқ қайнап жатқан біртұтас дүниеге айналдыруда. Қазір әлемде жаһандану қамтымаған сала жоқ. Ішіп-жеген тамағымыздан бастап, киген киімімізге, мінген көлігімізге, өндіріс орындарының құрал-жабдықтарына, тұрғын, жатын, жұмыс жайларындағы жиһаздарға, техникаларға, рухани құндылықтарымызға, жалпы өмір сүру, еңбек ету салтымызға, рухани өмірімізге дейін қамтып, өзінің өміршеңдігін көрсетіп жатыр. Мұның барлығы да жер бетінде бір үйдің баласындай өмір сүріп жатқан халықтардың әрқайсысының жаңадан «Американы ашпай-ақ», бірінде барды басқаларының да пайдаланып, қоғамдық-экономикалық-мәдени жағынан дами, материалдық құндылықтарының жетіле түсуіне септігі тиері анық. Демек, жаһанданудан үрке бермей, ақылға салып, оның жақсы жақтарын орынды пайдалана білсек, ұлттық мүддемізге қызмет еткізе білсек, ұтатынымыз анық. Қазіргі заманда әлемдік ауқымда барынша қарқынмен жүріп жатқан мәдениеттер мен өркениеттер қақтығысынан үркіп, жаңа заманға бейімделмей, өткенді аңсап, өткенмен ғана өмір сүру, консерватизм ұлттық дамуды тежейді; тіпті, жолда қалдырады. Сондықтан да, жаһанданудың жақсы жақтарын ала білу ұлттық дамудың маңызды шарттарының бірі болып отыр. Бұл – жаһанданудың қоғамдық дамудың барысында туындаған қажеттілік, пайдалы жағы [2].

Қоршаған орта, түпкі ресурстар (энергия, су, азық-түлік), демография, көші-қон толқындары, есірткі тасымалы, халықаралық терроршылдық проблемалары жекелеген елдер күшімен шешілуі мүмкін емес. Ақпараттық төңкеріс бұл проблемалардың жаһандық өлшемге ие болуына ықпал етті. Зерттеушілер Жаһандануды әр текті, бірақ әлемнің біртұтастыққа айналу логикасымен біріктіретін өзгерістердің жиынтығы деп түсіндіреді. Жаһандық өзара тәуелділік және бүкіл-әлемдік даму үрдісі Жаһандануға алып келмей қоймайды. Бұл үрдіс трансұлттық экономика мен жалпыадамдық құндылықтарды қорғауға негізделген халықар. ұйымдар жүйесі ықпалын күшейтеді. Жаһандану әлеуметтік феномен ретінде көп қырлы және көптеген құрамдас бөліктерді қамтиды» [3].

Жаһандану үрдісі барысында ең бастысы елдің экономикалық дамуымен қатар, әлеуметтік жағдайды көтеру сұрақтарымен қатар, экологияның, қоршаған ортаның мәселерін ескеру қажет. Экологиялық мәселелер, қоршаған ортаның қауіпсіздігі ең басты мәселелер болып табылады, өйткені олардың шешілуі адамзаттың өмір сүруіне ықпал етеді. Жаһандану және экология өзара бір біріне көптеген байланыстармен әсер етеді. Жаһандану, қоршаған ортаға бір мағыналы емес әсер тигізетін, күрделі көп жоспарлы үрдістердің бірі. Қоршаған ортаның ең басты мәселесі – дамып келе жатқан өндіріс пен тұтыну, табиғаттың бұрынғы қалпына келу мүмкіндіктерінен неғұрлым жоғары, және де жаһандану ол процесстерды арттырады. Сондықтан да ең бастысы, келешекте жаһандану үрдісі барысында қоршаған ортыны қорғау мәселелрін ескеру қажет.

### **Әдебиеттер**

1. Қазақстан және глобалдык вызовы современности: Матер. научно-практич. конф. (Алматы, 19 мая 2010 г.) Отв. ред. Б.К. Султанов. – Алматы: КИСИ, 2010. – 120 с. (5).
2. Электронды ресурс:<http://akikat.kazgazeta.kz/?p=6549>
3. Электронды ресурс:<http://startinfo.kz/buisness/qazir-tanda-qalamd-jastar/>

### **Резюме**

В данной статье рассматривается вопрос проблемы сохранения окружающей среды в условиях глобализации, развития социальной страны и экономики.

### **Summary**

This article discusses the issue of environmental conservation in the context of globalization, the development of a social country and economy.





**ДИЗАЙН: ҚАЗІРГІ МЕН БОЛАШАҚ ЖАҒДАЙЫ**  
**ДИЗАЙН: НАСТОЯЩЕЕ И БУДУЩЕЕ**  
**DESIGN: PRESENT AND FUTURE**

---

---

ӘОЖ 929.628

**Н.С. Тілеуханов**, *филос.ғ.к., доцент*

**Ә.Т. Ерболатова**, *магистрант*

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан*

*мемлекеттік университеті*

*Орал қ.*

**ҰЛТТЫҚ БАС КИІМ СӘУКЕЛЕНІҢ ЗАМАНАУИ ӨНЕРДЕГІ МӘНІ**

*Мақалада жаңғыру, жаңару заманында ұлттық бас киіміміз сәукеленің декоративті – қолданбалы өнерде, күнделікті – тұрмыстық қолданыста қазақ халқының мәдениеттік ерекшелігін сақталуын қадағалап, оның заманауи үлгілері мен даму жолдарын мәдени танымдық сараптау болып табылады. Сәукеленің ұлттық мәдениетімізде алатын орнын зерттеудің қазіргі заманға сай жағдайының сипатын ескере отырып, және мәдениеттану аясында оның ықпалын арттыру.*

*Қазақ халқының ұлттық бас киімі сәукеленің элементтік құрылымын анықтау және осыған орай қазіргі жаһандану заманына сай нұсқалық құрылымын дайындау. Қазақ әйелі бас киімдерінің ішінде өзіндік орны бар сәукеленің сипатты кешендерін, мән-мағынасын, қадір-қасиетін айқындау. Сонымен қатар, сәукеленің көркем композициялық құрылымын, әрбір элементтеріне талдау жасау.*

***Кілт сөздер:*** *дизайн, мәдениет, ұлттық бас киім, құндылық, өнер.*

Қазақ халқының ұлттық бас киімдерінің тарихы «ұлы дала көшпенділері» тарихымен тығыз байланысты. Біздің қазіргі салт-дәстүріміз бен ұлттық киім кию мәдениетіміз, ғажайып өркениетіміз бен әдебиетіміз сол мыңдаған жылдардан бастау алады. Қазіргі ұлттық киімдердің шығу тарихын ежелгі Қазақстан жерін мекендеген сақ, ғұн, түркі тілдес тайпалардың мәдениетімен байластырамыз. Оған археологиялық қазбалар мен ғұламалардың жазып қалдырған жылнама – жазбалары себеп бола алады.

Әрбір халық мекен ету ортасына, геологиялық орналасуына байланысты әдебиеті мен мәдениеті, қолөнері арқылы ерекшеленеді. Орта Азия халықтарының этнографиялық бас киімдері бағалы аң терісінен, былғарыдан тігілген деседі. Қазақтың ұлттық бас киімдерінің тарихы сонау түбі бір түркі заманынан бастау алады. Оған б.з.д. 5 ғасырда өмір сүрген сақ – скиф тайпаларының бас киімдері дәлел бола алады. Осыған орай, аймақтық, рулық ерекшеліктері кездеседі. Зерттеуші археолог – антрополог С.И. Руденконың зерттеуіне сүйенсек, Қара теңіз жағалауын мекендеген сақтардың бас киімі туралы былай деп сипаттайды: «Аң терісінен немесе киізден жасалған құлақты толық жауып тұратын малақай мен төбесі конус тәрізді былғарыдан тігілген бас киім киген» [1, 60 б.]. Осы сәтте, қазақ халқының күні бүгінге дейін мәнін жоймаған қалыңдық бас киімі – сәукеле мен ерлер бас киімі тымақ ойға келеді. Яғни, қазіргі қазақ сәукелесінің тарихы сол кезеңнен бастау алады десек болады.

Сәукеле – биік төбелі, асыл тастармен безендірілген конус тәрізді үшкірленіп келетін бас киім. Ежелгі грек ойшылы, Герадоттың мәлімдеуі бойынша: «Сақтар – скиф тайпалары бастарына тік тұратын, төбесі шошақ тығыз киізден бөрік киген. Олар садақ, қысқа семсер және айбалтамен қаруланған. Тамаша ат қыш жауынгерлер болған» [1, 63 б.]. Аталған бас киімнің тарихы байырғы заманда өмір сүрген скиф немесе сақ кезеңінен бастау алады. Олай деуге тағы бір себеп, ғалымдар Қазақстан жерін мекендеген сақтардың қоныстанған жерлерін анықтап берген болатын. Сақ тайпалары мен тайпа одақтары негізгі 3 топқа бөлінеді. Олардың бір тобы Жетісуда, Тянь-Шань тауларында, Сырдария өзенінің орта ағысын мекендеген. Сақтардың бұл түрі «шошақ бөрікті» сақтар (тиграхауда) деп аталады. Олардың суреті Персеполдағы Ксеркс сарайының қабырғаларында кездеседі. Олардың бет – әлпеті монголоидтық нәсіл тектес. Осыған қарап ғалымдар Жетісу аймағы монголоидтық нәсіл тараған орталықтардың бірі деп топшылайды. Жетісу аймағы «шошақ бөрікті сақтардың» жиі қоныстанған орталығы болған. Жетісу жері ежелден қазақ халқының «қазақ» болып қалыптасқалы бері мекен ететін жері болып табылады. Яғни, күні бүгінге дейін келіп жеткен бас киім – сәукеленің тарихи кезеңі сол дәуірден басталады деуге болады.

«Біздің бабаларымыз сақтар ежелгі заманда өздерінің салт-дәстүрлерімен, жауынгерлік өнерінің дәрежесінің биіктігімен танымал болған. Төзімді сақтар бірнеше тәулік бойы аттың жалына бастарын салып ұйықтай алған. Сақтардың киіну мәдениеті жөнінде археологиялық қазбалар, ежелгі жылнамалар арқылы пайымдауымызға болады. Кеңес кезеңіндегі археологтардың қазба жұмыстарының нәтижесінде ашылған Пазырақ (Таулы Алтай), Шілекті (Шығыс Қазақстан), Бесшатыр (Қазақстанның оңтүстік шығысы) қорғандарынан табылған металдан, ағаштан, матадан жасалған көркемөнер туындылары ғылым саласын байытты» [2, 12 б.]. Осыған орай сақ, ғұн тайпаларының өзіндік жоғары мәдениетінің болғанын байқауға болады. Сонымен қатар, осы тұста басты назар аударатын жайт, бас киімнің соның ішінде, қалыңдық бас киімі аталып кеткен сәукеленің географиялық аймақтарға байланысты өзіндік ерекшеліктері кездеседі. Археологиялық қазбалардың нәтижесі мен мұражайларда күні бүгінге дейін сақтаулы тұрған сәукелелерге қарап, әр аймақтың өзіндік ерекшеліктері мен мәдениетін байқауға болады. Еліміздің батыс аймағынан табылған сәукелелер өзге облыстардан табылған бас киімдерге қарағанда өте ерекше болып келеді. Оған дәлел, күні кеше ғана Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы Долинный ауылы маңынан табылған қазба жұмыстары. Кейіннен ол «Тақсай кешені» деген атауға ие болған болатын. Аталған орын, БҚО-дан Қазақстанның киелі орындары қатарына енгізілген жеті нысанның бірі болып табылады.

2012 жылы Батыс Қазақстан облыстық тарих және археология орталығы қазба жұмыстарын жүргізу барысында бұл жерден бес бірдей қорған (оба) табылғаны туралы мәлімдеме жасаған болатын. Осы жұмысқа жетекшілік еткен аталмыш орталықтың ғылыми қызметкері Яна Лұкпанованың айтуынша, мұндағы ең басты жаңалық кейін «Алтын ханшайым» болып аталған, ежелгі сармат кезеңіне жататын ақсүйек бай әйелдің жерленген орнының анықталуы еді. Жасы 35-40-тардағы әйелдің қабірінен көптеген алтын бұйымдар табылып, оның жалпы салмағы 3 келіге жуықтады. Тіпті көйлегі мен жамылғысы да алтын жіппен тігілген деседі. «Алтын ханшайыммен» бірге екі күзетшінің жерленуі оның мәртебесі жоғары болғандығын көрсетеді. Алтын бұйымдармен бірге қола айна, тұмарлардың табылуы оның сарматтың абыз әйелі екендігін танытады. Тақсай қорған кешенінен табылған «Алтын ханшайымды» зерттеуге шетелдік мамандар да қатысып, қалпына келтіру ісімен қазақстандық ғалым-реставратор Қырым Алтынбек бастаған мамандар айналысты. Қазіргі таңда «Алтын ханшайым» Астана қаласындағы ҚР Ұлттық музейінде қорғауға алынған. Алтын ханшайымның бас киімі жоғары да келтірілген ежелгі сәукеленің формасына өте ұқсас. Олай дейтін себебіміз, тарих ғылымдарының докторы, профессор М.Н.Сыдыков пен Я.А. Лукпанованың бірлесе жазылған еңбегіндегі мәліметтер арқау бола алады. Аталған еңбекте, алтын ханшайымның бас киімінің элементтері туралы былай деп жазылады: «Екіге бүктеліп, екі жіңішке пластинамен жалғасқан конус түріндегі әйел адамның бас киімінің элементі. Төбесіндегі зооморфты бейнелі пластинаға дәнекерленіп жапсырылған. Заттың функциональдық бөлігі пластинаның ішкі бөлігінде орналасқан, оның шетіне бір-біріне қарама-қарсы тура жіңішке ілмектер дәнекерленіп жапсырылған. Ілмектер киізден немесе теріден жасалған бас киімді тігуге арналған болуы мүмкін. Пластинаның сыртқы шетіне жіңішке сым жапсырылған, ол шетінде

жиектеме құрайды»[3, 156 б.]. Тақсай ханшайымының бас киімін фотосуреттен аңғарып қарасак, оның сәукелесінің төбесінде тау ешкісінің басы тәріздес бейнесіндегі элементті көруге болады. Бас киімде тау ешкісінің желке тұсынан мойнына дейін, тұмсығы шығыңқы бедерленіп жасалған. Сонымен қатар, сәукеленің төменгі жиектерінде «күнбасты» адам мен тау ешкілеріне ұқсас бірнеше элементтер бейнеленгенін байқауға болады.

Дәстүрлі қазақ қоғамында әйелдер бас киімді жас ерекшеліктері мен отбасылық жағдайына байланысты киген. Әйелдер бас киімдеріне қасаба, сәукеле, кимешек, орамал т.б. жатады. Жоғары да атап келтіргендей бас киімдердің ішінде сәукеленің шығу тарихы мен қолданылу аясы кең. Сәукеле – ұзатылған қыз киетін, аса бағалы, биік төбелі салтанатты бас киім. Сәукеле пошымы жағынан сақ заманындағы биік әрі сүйір төбелі салтанатты – ғұрыптық бас киімге ұқсайды. Сәукеле кереге, мильқ, төбе, тәж, құлақбау және артқыбау тәрізді бөліктерден тұрады. Аталған бөліктердің барлығы жеке-жеке дайындалып, кейіннен барлығы құралады. Сәукеленің керегесі аталмыш бас киімнің негізін құрайды. Оны жұқа басылған ақ киізден төменгі жағын қалыңдықтың басына мөлшерлеп алып, жоғарғы жағын бірте-бірте тарылта отырып тігеді. Сүйірленіп біткен төбесі ашық қалдырылады. Керегенің іші жұқа матамен астарланып, сырты ашық қызыл түсті шұғамен тысталады. Биіктігі 70 см-ге дейін жететін сәукеле керегесінің жиегін мильқ дейді. Сәукеленің мильғын қымбат бағалы аң терісімен әдіптейді. Мильқтың бөлігін төбесіне дейін шыр айналдыра оқа – зермен, алтын – күміс шытыра, асыл тас моншақтармен безендіреді. Кейде мильқтың төмен жағыда жібек немесе күміс шашақтарымен әшекейленеді. Сәукеленің ашық қалдырылған төбелдірігін бекітетін бөлік жеке дайындалады. Оны керегені дайындайтын материалдардан төрт сайлы тақия тәріздендіріп тігеді. Түсі де кереге түсімен бірдей болады. Оның ортасына үкі қадап, жиегіне шашақ тағып, алтын – күміспен әшекейлеп сәукеленің төбесіне қондырғаннан кейін бұл бөлік бергек, тәж деп әр түрлі аталады. Бергекті дәулетті адамдар күмістен табақша тәріздендіріп жасатып, асыл тас, үкі немесе қырғауыл қауырсынымен әшекейлетеді. Сәукеле бергегіне бетті көлегейлейтін желек бекітеді. Сәукеленің құлақ тұсынан екі құлақбау, желе тұсынан артқыбау деп аталатын, зермен, тізілген моншақтарымен, күміс шытыралармен көркемделген, төмен салбырап тұратын бөліктер қондырылып, самай тұсынан бетмоншақ, жақмоншақ тәрізді әшекейлер тағылады. Сонымен бірге сәукелемен бірге киетін, зере деп аталатын бас киім бөлігі де дайындалады. Кейбір деректерге сүйенетін болсақ, сәукелені ертеде арнайы нығыз етіп басылған жұқа ақ киізден немесе арасына қыл, жүн салып сырған, сыртын барқыт, атлас, шұға, мәуліт сияқты асыл бұлдармен қаптап тастайды. Сәукеле шетін асыл аң терілерімен жұрындайды. Оған бұлғын, құндыз, кәмшат, ақ кіс терілерінің бірін салған. Сәукеленің төбесі үшкір болады. Оның маңдайынан жоғары қарай «Тоғыз түрлі» асыл дүниені қатар-қатар жоғары тағады. Оларға алтын, күміс, меруерт, маржан, гауһар сияқты асыл тастарды тағады. Тоғыз түрлі асыл дүниені көрген адамның көзі осы асыл тастарға алдымен түсіп, келінді көз-сұқтан сақтайды дейтін наным-сенім бар. Сәукеленің киер жері асыл жіптермен шашақталады. Сәукеленің төбесіне дейін бірнеше жерден шашақ тағылады. Сәукеленің екі шекелігінен кейін әшекейлермен толықтырылады. Оның артқы жағынан белге, мықынға дейін төмен түсірілген желкелігі болады. Төбесіне үкі тағылады. Сәукеленің төбесінен қалыңдықтың өкшесіне дейін түсетін ақ жібек жаулық жабады. Сәукелеге тағылған әрбір асыл тастар мен моншақтар үлкен мағынаны білдірген. Бұған Р.Шойбековтың бас киім әшекейлері туралы сәукелеге тағылатын әшекейлер атаулары дәлел бола алады:

«Сәукеленің сырғасы – салпыншағы мол, өзі ұзын да ауыр болғандықтан, тек салтанатты кездерде сәукелеге байлайтын асыл сырға.

Тана – дөңгелек пошымды асыл тасты күмістен немесе таза күмістің өзінен жасалған түйме тәрізді зат. Ол кейде танакөз депте аталады.

Төбелдірік – сәукеленің төбесіндегі тәж сияқты әшекей, бергек.

Шеттік – күмістен жасалған шытыра. Оны бас киімді, киімнің өңірін, аяқ киімді, ер тұрманды әшекейлеуге пайдаланады.

Шоң – бас киімге тағатын асыл тас, алтын әшекей.

Шортас – Бас киімге тағатын асыл тас.

Шырмауық – ілгекті оқа, металл ілгекті бас киім әшекейі.

Ыстақ – сәукеленің қозасы. (Қоза деп күміспен күптелген шар тәрізді металл әшекейді атайды)» [4, 19 б.]. Ол өз жазбасында сәукеленің сырғасы, тана, төбелдірік, шеттік, шоң, шортас, шырмауық, ыстақ сияқты бірқатар сәукелеге тағылатын әшекейлерлерге мағлұмат берген.

Сәукеле кигізу қыздарды қуанышқа бөлеп, мерейлерін өсіреді. Ата-анасы мен ел-жұртының ақ батасына лайық тәрбиелі, мұратты ұрпақ болуға баулиды. Ел-жұрт, туыс-туғандарына деген перзенттік сүйіспеншіліктерін арттырып, әрқашан мейірімді, қайырымды, адал, арлы, үлгі-өнегелі азаматша болып жетілуге дағдыландырып, туған халқы мен салт-дәстүрін құрметтеуге баулиды. Сәукеленің бедеріне, айшықты ою-өрнектеріне қарап, оның қандай зергердің не болмаса ұзатылып бара жатқан қыздың қандай әулеттен шыққанын байқауға болады. Сән-салтанатымен ерекшеленетін көздің жауын алар сәукеледе небір асыл тастар мен гаухар жақұттар тағылып, зерлі оюлар мен кестеленетін болған. Сәукелеге тағылған әрбір тастың немесе зерленеген оюдың өзіндік орны мен қасиеті болған деседі. Жоғарыда келтірілген деректер соның дәлелі болмақ. Алайда, қазіргі жаһандану заманында қасиетті сәукелеміздің мәні азайып, қадір – қасиеті артта қалып бара жатыр. Олай дейтін себебіміз, қазіргі қолданылып жүрген сәукелеміздің формалары сақталмай, ою-өрнектері түсініксіз. Сонымен қатар, қолданылу аясы мүлде өзгерген. Деректерге сүйенсек, бұрынғы ерте заманда сәукелені бойжеткен өз үйінен ұзатылар сәтте бір-ақ рет немесе аса мерекелі жиындарда киген деседі. Ал, қазіргі таңда концерттік бағдарламаларда әншілердің, жиын-тойларда бишілердің бойынан көруге болады. Бұл әрине ұлттық құндылығымызды сақтауда жақсы шығар, алайда, осы орайда оның орнын сақтап жүрміз бе? - деген сұрақ туындайды. Осы орайда, басты назар аударатын жайт, сәукеленің формасының сақталмауы. Бұл дизайнерлердің ұлттық киімге деген көзқарастарының салғырттығы деп ойлаймын. Жаһандану заманы екен деп, өзге елдерге еліктеп, басқа үлгіде киіну – сән емес. Керісінше, ұлттық әдебиетіміз бен мәдениетімізді дамытып, ұлттық киімдерімізді орнымен кие білсек, ұлттық қазақи әндерді әрбір шаралар сайын дәріптесек, қазақ тілін дамытсақ, салт-дәстүрімізді сақтасақ сонда ғана мәнді де сәнді болар едік. Біз өзіміздің ұлттық нақыштағы дүниелерімізбен ерекшеленеміз. Сонда ғана әлем елдері бізді қайтпас қайсар қазақ халқы екенімізді біледі, таниды деп ойлаймын. Ұлттық мәдениетімізді дамытуда «Өткенді білмей, болашақты болжау қиын», сонау мындаған ғасырлар тарихы бар бас киімнің қазіргі таңдағы жай күйі, оның кез-келген ортада қарапайым қолданыста болуы мені қынжылтады. Әрине, жаңа заман талабына сай жаңаша стильде, жаңа үлгіде болу керек шығар, бірақ, оның түп негізі сақталып қалуы керек. Өйткені, бұл біздің тарихымыз. Біздің өткеніміз. Біздің, халқымыздың асыл мұрасы.

«Көріп алсаң көріктіні,  
Таңдап алсаң тектіні,

Сонда көңілің толмайма?» - деп қазақтың ұлы ойшылы, ақын, философ Абай ағамыз айтқандай, сәукелеге қарап, оны бағалап, осыған байланысты қалыңдықты шыққан тегіне қарап, тектілікке аса мән бергенін ұғынамыз. Кейбір адамдарға «сәукеле» жай ғана қарапайым сөз болып көрінетін шығар. Алайда, осы бір қасиетті ұғымда тарихы терең қазақ халқының түп тамыры жатыр. Сәукеленің қолданылу аясы мен оның формасын қайта қалыпқа келтірсек, ұлттық әдебиетіміз мен мәдениетімізді дамытуда орасан зор үлес қосқан болар едік.

Ендеше, сәукеле тек қазақ қызының ұлттық киімі ғана емес, қазақ қыздарының ар-намысы, абыройы, адалдықтың символы деп қарауымыз керек. Осы дәстүрді жаңғыртып, өмірге қайта оралтсақ жастар тәрбиесінде ұтарымыз көп болмақ деп ойлаймын.

### Әдебиеттер

1. Өмірбекова М.Ш. «Қазақ ұлттық киімінің этномәдени лексикасы», Алматы.
2. Әлімбаев Н. «Қазақтың дәстүрлі киім – кешегі» ғылыми каталог
3. Сдыков М.Н., Лукпанова Я.А. «Батыс Қазақстанның ежелгі көшпенділері» каталог – оқулық. Орал, 2013.
4. Парасаг журналы. 2007, №3.
5. Мәдениет журналы 7-9 бет. № 5 (32) 2009.
6. Әбсаттар қажы «Әсем киім – әйел көркі». Алматы, 2011.
7. Қрықбаева С.М. «Сәндік - қолданбалы өнердегі қазақ әйел киімдерінің мәні». Автореф. Алматы, 2010.

8. Жиенбекова А.А. «Қазақ ұлттық киімі мәдени феномен ретінде». Автореферат. Алматы, 2007.  
9. Хинаят Б., Сужикова А. «Қазақ халқының ұлттық киімдері». Алматы, «Алматыкітап», 2007.

### Резюме

В статье рассматриваются особенности культуры казахского народа в декоративно-прикладном искусстве саукеле, повседневно-бытовом использовании в эпоху модернизации, обновления национального головного убора. Учитывая характер современного состояния изучения места саукеле в национальной культуре, целью явилось повысить его влияние на культурологию.

Определение элементной структуры саукеле национальных головных уборов казахского народа и в этой связи разработка вариативной структуры в соответствии с современными вызовами глобализации. Среди головных уборов казахских женщин – определить характерные комплексы саукеле, сущность, достоинство. Кроме того, анализ художественной композиционной структуры саукеле, каждого элемента.

### Summary

The article deals with the features of the culture of the Kazakh people in the decorative and applied art of saukele, everyday use in the era of modernization, renewal of the national headdress. Taking into account the nature of the current state of studying the place of saukele in national culture, and to increase its influence on cultural studies.

функций. Тем не менее она должна присутствовать в общей структуре, чтобы не нарушать ее целостности и полностью насыщения. Наглядным примером может служить эскизный проект Астаны, разработанный Кисе Курокавой выполненный 2001 году. Мастер выдвинул новую философию градостроительства, которую он назвал «симбиотической архитектурой». Его проект застройки Астаны отличался тем, что он рассматривал городскую структуру, как живой организм в гармонии с природной системой. Однако, несмотря на всю креативность и новаторство, зодчий не учел стремительный рост города Астаны. Новый план развития Астаны, был утвержден 2007 году, по данному строится современная Астана. Город развивается как административный, деловой, культурный, спортивный, научный, научно-инновационный центр. В городе гармонично сосуществуют природа и здания, новое и старое, традиции и новаторство. Главным штрихом архитектурного решения – это административный центр, расположенный на левобережье и широко раскинувшийся между проспектом Сыганак и Сарайшык. Архитекторы предлагающие точечный принцип размещения объектов без учета функций, конструкций и формы соседних зданий, без пропорционирования этих составляющих в балансе городской застройки, ведет к нарушению исторической целостности города.

Нарушение функциональных предназначений ведет к тяжелым последствиям.

### Литература

1. Гельфонд А.Л. Архитектура общественных зданий: – Н Новгород: Изд-во ННГАСУ, 2003. – 201 с.
2. Хасиева А.С. Архитектура городской среды. – М.: Стройиздат, – 2001, – 200 с.
3. Иконников А.В. Строительное проектирование. – М.: Стройиздат, – 1987, – 352 с.
4. Весин А.А. Проектирование социальных объектов – М.: Стройиздат, – 1988, – 231 с.
5. [www.http://helpiks.org/8-41413.html](http://helpiks.org/8-41413.html)
6. [http://alyos.ru/enciklopediya/arhitektura\\_gorodskoj\\_sredi/gorodskaya\\_sreda\\_\\_sistema\\_vzaimosvyazannih\\_otkritih\\_prostranstv.html](http://alyos.ru/enciklopediya/arhitektura_gorodskoj_sredi/gorodskaya_sreda__sistema_vzaimosvyazannih_otkritih_prostranstv.html)

### Түйін

Мақалада автор қалалық орта мен қала кеңістігін қалыптастыру мәселелері мен міндеттері, қала құрылымының қалыптасуына әсер ететін факторлар туралы баяндайды. Ол аумақты функционалды аудандастыру түсінігін ашады. Қаладағы қызмет көрсету жүйесінің қазіргі кездегі ең маңызды функциялары.

### Summary

In the article, the author reflects the problems and tasks of the formation of the urban environment and urban space, factors affecting the formation of city structures. It reveals the concept of functional zoning of a territory. And also the most relevant functions of the city service system today.



УДК 371.672.1

**У.К. Джанахметов, к.т.н., доцент**

*КазАУ им. С.Сейфуллина*

**А.К. Кудабаяева, к.т.н.**

*Таразский ГУ им. М.Х. Дулати*

### ХУДОЖЕСТВЕННО-КОМПОЗИЦИОННОЕ РЕШЕНИЕ ДЕКОРАТИВНОГО ПАННО В ТЕХНИКЕ «ИЗОНИТЬ»

*В статье приведены результаты художественно-композиционного решения декоративного панно в технике «изонить» в стиле «бохо», выполненного с применением методов комбинаторики и стилизации. Уникальный ниточный дизайн панно с растительными мотивами делает компо-*

зицию лаконичной и гармоничной, что является эффективным художественным методом оформления современного интерьера жилых помещений.

**Ключевые слова:** интерьер, декоративное панно, техника «изонить»

Как известно, развитие социально-культурного уровня человечества влечет и развитие художественного направления в сфере искусства и дизайна. Дизайн является важным инструментом в организации предметно-пространственной среды помещения, выполняющий функции эстетического характера и позитивно влияющего на эмоционально-комфортное состояние человека. Ценность интерьера заключается в его уникальности и индивидуальности, которая может быть достигнута за счет предметов ручной работы, обогащающие его и формирующие оригинальность в стиле.

К таким уникальным элементам относятся декоративные панно, выполненные в различных техниках и стилевых направлениях. Они способны дополнить внутреннее пространство и акцентировать необходимый формат восприятия при оформлении интерьера.

Первые декоративные полотна появились в средние века, отличием которых являлось то, что они изготовлялись на различной основе, это могли быть лоскуты, бумажная или деревянная поверхность, а также разные ткани. При этом, использование приема комбинирования материалов делали полотна удивительной красоты.

Декоративные панно классифицируют по видам: тканевые – различного вида и техники картины, гобелены и аппликации; каменные – работа выполняется на натуральном камне (граните, мраморе, базальте в мозаичной технике); деревянные – резные панно из разных пород дерева (дуб, береза, бук, сосна с инкрустацией из полудрагоценных камней); керамические – картины из плиток в технике мозаики; скульптурные – объемные панно, изготовленные из гипса, штукатурки и металла; графические – выполняют с использованием современных видов печати [1].

Панно могут быть подобраны для интерьера любого помещения в зависимости от их размеров. Так, панно являясь живописным произведением декоративного характера, предназначено для декорирования открытых участков стен (настенное панно). Декоративное панно может применяться как отдельный предмет интерьера или заполнять большую часть помещения.

Современный дизайн диктует выполнение панно вручную из подручных материалов, что вносит в интерьер особенный декоративный эффект. Основой может послужить сюжетная композиция, соответствующая вкусовым предпочтениям и интересам человека. Удачно подобранная техника и цветовая гамма достаточно позитивно может влиять на психологическое состояние человека. Так, в представленной работе предлагается декоративное панно, выполненное в технике «изонить» в стиле «бохо».


Изонить (ниточный дизайн) – техника, предусматривающая получение изображения на твердой основе за счет применения различных ниток. Основой может служить деревянная доска, картон или другое твердое основание. Нитяная графика может называться изографикой или вышивкой по картону. Нити могут использоваться мулине, швейные, шерстяные и шелковые. Эта техника зародилась в Англии в XVII веке. Техника изонити представляет собой необыкновенный способ переплетения ниток, то есть на забитые дощечки гвоздями натягивали нити в определенной последовательности. Результатом таких манипуляций являлись ажурные изделия, применяющиеся для украшения жилых помещений [2].

Изонить является оригинальной техникой, а полученное изделие уникальным явлением в художественном искусстве. Причиной растущего интереса к данному виду творчества объясняется интересным видом декоративного панно, минимальными затратами на инструменты и материалы и несложным технологическим процессом. Преимуществом изонити является многообразие разнотипных оригинальных узоров. Так, на рисунке 1 показан творческий процесс изготовления декоративного панно в технике изонити.



**Рис. 1. Процесс изготовления панно в технике «изонить»**

Предлагаемое художественно-композиционное решение декоративного панно с растительным мотивом, выполнено с применением методов комбинаторики и стилизации. Панно состоит из трех деревянных дощечек соединенных по углам диагональной прямой. Конструкция панно разработана в соответствии с диагональным расположением шахматных клеток. На каждой деревянной основе выполнены стилизованные кактусы разных сортов в горшочках в технике «изонить». Рамка панно выполнена путем соединения деревянных палочек, которые переплетены грубым шпагатом для придания изделию единого стиля.



**Рис. 2. Декоративное панно «Кактусы»**

Таким образом, предложенное панно «Кактусы» в технике «изонить» в стиле «бохо» можно применить как стильный элемент декора. Уникальный ниточный дизайн стилизованных растений делает композицию лаконичной и гармоничной, что является эффективным художественным методом оформления современного интерьера жилых помещений.

## Литература

1. Донован Х. «Декоративное панно». Арт-родник, 2008. – 128 с.
2. Писларь Н. Н. «Изонить: маленькие шедевры. Школа-ПрессЮ, 2008. – 56 с.

## Түйін

Декоративтік панельдің көмегімен интерьердің стилі мен даралығына тап өтуге болады. Олар әр түрлі техникалық әдістер мен стильдік бағыттарда жасалады. «Изонить» техникасындағы панноның ұсынылған көркемдік-композициялық шешімі – тұрғын үй-жайлардың ішкі кеңістігін сипаттайтын ерекше декоры болып табылады.

## Summary

The style and individuality of the interior can be accentuated with the help of a decorative panel. They are made in various techniques and styles. The proposed artistic and compositional solution of panels in the technique of «isonit» is a unique decor of the interior space of residential premises.



ӘОЖ74.01.09

**А.Т. Муканова**, магистр, аға оқытушы  
*Х. Досмұхамедов атындағы Атырау МУ*  
**Г.А. Иманғалиева**, аға оқытушы  
*ҚазӘҚХСУ*

## БОЛАШАҚ ДИЗАЙН: АҚЫЛДЫ МАТЕРИАЛДАР МЕН ҒИМАРАТТАР

*Ғылыми мақаланың өзектілігі – Дизайнның футурологиялық аспектісіне, дизайн теориясы мен практикасына, сондай-ақ оның Қазақстан мен әлемдегі даму перспективаларына арналған.*

**Кілт сөздер:** дизайн, инновация, сәулет, технология, модель, дизайнер.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауының «Шикізатқа байланған менталитеттен бас тартып, экономиканы әртараптандыру бөлімінде, «Білім экономикасы», еңбек өнімділігін арттыру, инновацияны дамыту, жасанды интеллекті жаһандық дамудың негізгі факторларына айналды делінген [1]. Бұл дегеніміз, жаһандану заманында дизайнер не істей білуі тиіс деген сұрақтындайды, ол: жаңа технологияларға талдау жасап, жаһандық жобаларды басқару және әлеуметтік-экономикалық талдау жүргізе білуінде. Дизайнердің құзыреттілігі визуалды бейнені жасаумен шектелмейді – сервис-дизайн бағыты дамиды, онда дизайн-ойлау тұтынушылардың проблемасын шешу үшін қолданылады: машиналарды жалға беруден бастап, қарт адамдарға тамақ жеткізу және әкелердің балаларына қамқорлық жасауына қолдау көрсетуге дейін қарастылуы мүмкін.

Болашақта дизайнер жаңа технологияларды түсінуге, жаһандық жобаларды басқаруы және әлеуметтік-экономикалық талдау жүргізуі тиіс- бұл мамандық қолданбалы мамандықтан әмбебап мамандыққа айналады.

Дизайн жасыл, ақылды материалдардың орнына, өзін-өзі өндіретін ғимараттар және болашақ дизайнда ең қызықты трендтер жинайтын болады. Егер бұрын дизайн нысандар мен технологияларға бағытталса, енді адамға, оған мұқтаж қызметтерге және жалпы қоршаған ортаға көңіл бөлінеді, - дейді Дэвид Келли. Өнімді әзірлей отырып, дизайнер тұтынушының жеке басы туралы немесе оның типтік мінез-құлқы туралы көбірек ойлауды басқа алады. Мысал ретінде Rem Koolhaas салған Prada интернет-дүкенін немесе London Science Museum-дағы қондырғыны келтіруге болады. Технологияларды дамыту нәтижесінде болашақта дизайнерлер жұмыс істейтін жаңа,

неғұрлым ақылды материалдар пайда болады: тоқылған светодиоды бар, орнатылған датчиктері бар, есептеуіш қабілеттері мен сенсорлары бар. Әдеттегі материалдармен жұмыс істеу технологиясының өздері өзгереді: бүгінде негізінен прототиптерді басып шығаратын 3D-принтер адам ағзасына дейін кез келген нәрсені жасайтын болады. Табиғи және жасанды орта, өндіріс және жаңғырту арасындағы шекаралар жойылатын болады – машиналар мен ғимараттар сырттан бағдарламаланған бірліктерден күрделі ұйымдастырылған формаларды қалыптастыра отырып, өздерін өздері құратын болады. Дизайнерлердің назарын бұрын жұмыс істемеген нысандар талап ететін болады. Сонымен қатар, қазіргі кезде дизайн саласы протездерді жасауды да қамтиды – бұл адамның адам болып қалуына мүмкіндік береді. Мысалы, спортшы Эми Муллиндер үшін протездерді дизайнер Александр Маккуин және суретші Мэттью Барни ойлап тапқан. TED конференциясында сөйлеген сөзінде Эми барлық 12 жұп аяқтарын көрсетті.

Жасыл дизайн біртіндеп сәнден шығып жатыр – оның орнына көк дизайн келеді: қоршаған орта үшін қауіпсіз болып қана қоймай, сонымен бірге оған айтарлықтай пайда әкелетін, мысалы су мен ауаның сапасын жақсартатын нысандар жасалынатын болады.

Көк дизайнды Гюнтер Паули ойлап тапты. Оның ойынша, көк дизайн-жаңа ұрпақтың жасыл дизайны. Мұнда тұтыну ақылға қонымды емес, сонымен қатар теріс мәндерге өте жақсы келеді [2].

Apple компаниясының бұрынғы вице-президенті, Солтүстік-Батыс университетінің профессоры Дональд Норманды пайдаланушыға бағытталған дизайн теориясын жасаушы деп атайды. Ол өзінің кітабында «аффорданс», яғни «сәйкестік» ұғымын белсенді түрде алға тартады, бұл осы нысанмен немесе ортаның фрагментімен өзара әрекеттесуге мүмкіндік беретін нысанның немесе ортаның қасиеттерін білдіреді. Бұл тұжырымдаманы мүмкіндік ретінде аударуға болады: сыртқы түрімен, заттар бізге не істеу керектігін айтады және олар бізге олардың мағынасы мен оларды пайдалану мүмкіндіктерін жүктейді[3]. Аффорданстарды тиімді пайдалануды қамтамасыз ету кофе шыныаяғы, тостерлер немесе интернет-сайттар болсын, күнделікті заттардың дизайнында өте маңызды, бірақ болашақ заттардың дизайны үшін одан да маңызды. Өңгіме автоматты, өзін-өзі басқаратын, «ақылды» құрылғылар туралы айтқанда, бізге олармен қалай қарым-қатынас жасау керектігін және олардың әлеммен қалай өзара әрекеттесетінін түсінуге мүмкіндік беретін ақылға қонымды құралдар қажет дегенді ұғындырады.

«Ақылды құрылыс материалдары» дегеніміз – ауадан түрлі ластаушы заттарды сіңіретін немесе ғимараттардың техникалық жай-күйі туралы ақпарат бере алатын материалдар. Қазіргі уақытта әлемде оларды сынақтан өткізу жүріп жатыр, ал кейбір фирмалар қазірдің өзінде оларды өндіру мен шығаруды бастады (ақылды сылақ, цемент, бояу, кірпіш). Ақылды материалдар ауа экологиясының төңкерісімен ғана емес, сонымен бірге қала түтінінің проблемасын шешуге де мүмкіндік береді. Қоршаған ортаны тазартатын құрылыс материалдарымен қатар, ғимараттар туралы ақпарат беруге қабілетті материалдар дамытылуда (сызаттар, деформациялар, температура, діріл, қозғалыстар, сонымен қатар тұтану орындарын көрсете алады). Осылайша, Sumitomo компаниясы кибербетонды әзірлеуге кірісті, ол өзі туралы ақпаратты сақтай алады: қайда, қашан және қалай дайындалған, беріктік, сапа туралы деректер береді. Ньюкаслдағы Британдық университеттің зерттеушілері қорғасын бөлшектерінің арқасында деформациялар, қысулар, жарықтар туралы сигналдарды олар пайда болғанға дейін бере алатын ақылды бояуды ойлап тапты. Сонымен қатар, электр сигналының күші жарықтардың мөлшеріне пропорционалды. Қазіргі кезеңде осы бояуды өндіру технологиясы аяқталуда. Зиянды шығарындылардың санын азайтатын жаңа технологияларды әзірлеуді жобаға елеулі қаражат салған Еуроодақ қолдап отыр (шамамен 2.5 млрд.).

Ғимараттардың техникалық жай-күйіне жауап беретін ақылды құрылыс материалдары әлі де сатылымда жоқ, бірақ қазіргі заманғы құрылыс қарқыны кезінде міндетті түрде талап етілетін және адамдардың өз өмірінің қауіпсіздігі үшін алаңдаушылығының өсуіне байланысты болады. Бұл фантастика емес – бұл шындық. Ақылды материалдар жақын арада біздің өмірімізге енеді. Олар біздің әлемді өзгертіп, оны оңай, қауіпсіз және ыңғайлы етеді. Өзі және өз ортасы туралы ақпаратты жинаумен қатар, осы ақпаратқа сәйкес икемделуі мүмкін заттарды жасай отырып, ақылды материалдар әуе және автомобиль өнеркәсібі үшін де, құрылыс үшін де әрбір сала үшін жаңа стандартқа айналады. Біздің киімдеріміз де олардан жасалуы мүмкін!

Бүгінгі күні дизайнердің: «Мен мұны осылай жасау керек деп санаймын», - деп айту жеткіліксіз. Әрине, кейбір жерлерде дизайнердің дұрыс шешім қабылдауға деген интуитивті сезімі болуы маңызды. Бірақ егер сіз техникалық салада жұмыс жасасаңыз, онда бұл түйсік сіздің ойыңыздың 20%-ынан аспауы керек. Қалған 80-і толығымен мәліметтерге негізделуі керек.

Дизайнерлердің бұл жаңа типі жобалау жұмысында мәліметтерді қалай түсінуге және қолдануға болатындығын білуі керек. Себебі сандар өтірік айтпайды. Біз деректермен дауласа алмаймыз. Дизайн-пайдаланушылар мен дизайнердің арасындағы қарым-қатынас. Оларда, кез-келген қарым-қатынастағы сияқты, ол мүмкіндігінше басқа тараптың хабардар болуы маңызды болып табылады. Сондықтан пайдаланушылардың мінез-құлқын бақылаңыз, статистиканы жинаңыз және алынған ақпаратты зерттеңіз. Әрдайым трендтерден озып отырыңыз. Тіпті – әрқашан бәрін басып озыңыз. Дизайнерлер болашақты жасайды. Бұл үлкен жауапкершілік. Сіз 2020 жылға арналған трендтердің тізімін оқымауыңыз керек, сіз оларды құрастыруыңыз керексіз. Қазіргі уақытта біз көптеген мәліметтерге қол жеткізе аламыз. Оларды талдауға үйреніп және болашақта не тенденцияға ие болатындығын анықтай білуіміз керек.

Дизайнер мамандығы соңғы жылдары айтарлықтай өзгерді. Сонымен қатар, мүмкіндіктер көбейді. Бүгінгі таңда Дизайнер маңызды орынға ие, өйткені дизайнның және проблемаларды шешуге берілген тәсілдің көмегімен біз пайдаланушылық тәжірибеге және оны түбегейлі жақсартуға ықпал ете аламыз. Біз өз кәсібіміздің аясын бұрын-соңды болмағандай кеңейте аламыз.

Әлем әрдайым алға жылжып келеді. Демек, дизайнның іргелі заңдары онымен бірге өзгеруі мүмкіндегенді білдіреді. Жаңа нәрсені байқай отырып, біз кәсіби маман ретінде өзін іске асыру үшін жаңа мүмкіндіктерді және жұмыс міндеттері үшін үздік шешімдерді таба аламыз.

#### Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Президентінің жолдауы, 2019 жыл, 02 қыркүйек.
2. Гюнтера Паули «Синия Экономика: 10 лет, 100 инноваций, 100 миллионов рабочих мест». Risk Reduction Foundation 2012.
3. Дональд Норман. Дизайн вещей будущего. – М.:StrelkaPress/ 2013.

#### Резюме

Статья рассматривает футурологический аспект дизайна, теорию и практику дизайна, а также перспективы его развития в Казахстане и мире.

#### Summary

Futurological aspect of design, theory and practice of design, as well as prospects for its development in Kazakhstan and the world.



УДК 7.012

**С.К. Мухамедиева**, *ст. преподаватель, магистр искусств*

**Э.Т. Дауменова**, *магистр искусств*

*КазУЭФМТ*

### ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ ОБРАЗ КАК ПРОБЛЕМА СОВРЕМЕННОГО ГРАФИЧЕСКОГО ДИЗАЙНА

*Исследование посвящено проблемам профессиональной подготовки графических дизайнеров, а именно, роли развития образного начала в проектировании, содержанию и принципам обучения профессии. Проанализирована роль креативности в профессиональной деятельности дизайнера, особенности создания художественных образов и стиля, дизайн-формы, роли аналогов в этом процессе.*



**Ключевые слова:** образ, художественно-образное мышление, выразительность, композиция, творческая деятельность, эстетический вкус.

Специфика художественной формы в дизайне уже давно привлекает внимание теоретиков-искусствоведов и самих дизайнеров, пытающихся сопоставить дизайн с другими видами художественного творчества, что позволяют выявить некоторые особенности художественно-проектного образа в дизайне. Теория художественного образа, как основная категория познания и оценки действительности с точки зрения законов красоты, была широко исследована в трудах выдающихся искусствоведов, философов и других ученых ближнего и дальнего зарубежья. Образ в философии – результат и идеальная форма отражения предметов и явлений материального мира в сознании человека. Образ на чувственной ступени познания – ощущение, восприятие, представление; на уровне мышления – понятие, суждение, умозаключение. Художественный образ – это такой сплав эмоционального и рационального в познании и отражении объективной реальности, который призван воздействовать и на чувства, и на умы людей. Если проанализировать это определение, то можно увидеть, что художественный образ характеризуется несколькими важными чертами или свойствами. Ими являются:

- 1) наличие индивидуального, характерного;
- 2) наличие общего, типического;
- 3) наличие эстетического отношения художника (писателя) к отображаемому;
- 4) наличие вымысла (работа творческого воображения) и художественного понимания, включающего в себя как наглядно-образное, так и абстрактно-теоретическое мышление, т.е. работу разума (рациональное в художественном образе).

Очевидно, к этим важнейшим, основным чертам художественного образа следует добавить еще такие, обязательно присущие каждому настоящему художественному образу черты, как новизна, объективность и субъективность.

Образ тесно связан с художественной формой, с принципом ее формообразования, с типом взаимосвязи между элементами, ее составляющими, т.е. с композицией. Композиция придает всегда новый смысл уже осмысленным элементам. Композиция из элементов, осмысленных художественно, выражает ассоциативное, метафорическое, смысловое содержание, несет в себе яркий образ, организует эстетичную форму дизайн-объекта.

Художественный образ удваивает реальность, дизайн – продолжает и создает предметную действительность. Образ в искусстве воспринимается главным образом высшими чувствами, в дизайне

– телесно-чувственно, главным критерием художественного является эмоциональность, проектного

– соотносимость с культурой потребления.

• художественный образ глубоко укоренен в культуре, поэтому его формирование и восприятие возможны лишь внутри определенной эстетической системы;

• художественный образ рождается в акте коммуникации на пересечении воплощенного художником замысла и восприятия этого замысла зрителем (читателем, слушателем), оценка образа зависит от подготовки и ориентации воспринимающего сознания;

• художественный образ целостен, он одновременно воспроизводится в воспринимающем сознании;

• художественный образ всегда эмоционально окрашен.

Очевидно, что образ в дизайне не полностью идентичен образу в искусстве, хотя родовые свойства художественного образа сохраняются и здесь. Но если достоинства художественного образа поверяются лишь талантом и убежденностью его автора и относительно независимы от признания его широкой аудиторией, то проектный – просто обязан соотноситься с культурой потребления и не реализуется вне ее пространства. Различие между художественным и проектным образом в том, что потребитель воплощенного проектного образа входит с ним в практическое взаимодействие, он им попросту пользуется (а не только воплотившей его вещью) в своей

обыденной жизни. Однако то, что проектный образ более приземлен, что он «обслуживает» реальность повседневного существования, не так уж значительно меняет его суть. И повседневная жизнь несколько не менее нуждается в гармонии, красоте и порядке, в реализации своих ценностей в предметной форме. Но мерило качества проектного образа – иной природы, нежели художественного, и это существенно, прежде всего, для его оценки. Мерило его – потребитель и готовность его пользоваться воплотившей этот образ вещью или системой вещей. Основные характеристики проектного образа, сохраняющего также и «родовые свойства» художественного:

- идеальность (способность к существованию в идее);
- целостность;
- осмысленность.

На основании этого сложились и два аспекта методики так называемого «образного подхода» в дизайн-проектировании:

- художественное моделирование – воспроизведение идеальной жизни вещи в художественном воображении;
- композиционное формообразование – построение вещи как композиционной формы, обладающей внутренней завершенностью, гармоничностью, соразмерностью, целостностью.

В проектировании создается художественный образ (связанный с определенным настроением, переживанием, конкретным предметом или явлением). Он создается на основе уже виденного, определенных аналогов, этнических объектов, произведений искусства, которые, конечно же, не заимствуются в чистом виде. Они перерабатываются в сознании дизайнера и не всегда угадываются в окончательном варианте решения. Такая потеря узнаваемости не снижает роли аналога в творческом процессе, кроме того, он незримо присутствует при восприятии образа, оказывая влияние на подсознание зрителя. Дизайнер, создавая великое множество образных решений, приглашает потребителя к сотворчеству.

Выполняя поиск художественного образа творческого источника, исследуется его особенности и характер, что позволяет достичь глубокого изучения и в дальнейшем, результативно воплотить свои мысли в формообразовании арт-объекта. Таким образом, работа с творческими источниками является опорой для возникновения идей. А также позволяет разносторонне проанализировать вариации единой идеи.

Обучение на отделении направлено:

- на развитие объемно-пространственного мышления;
- на формирование художественного вкуса;
- овладение основами проектного мышления;
- освоение алгоритма рождения и создания оригинальных идей;
- овладение навыками различных техник исполнений эскизов: отмывка, графика, цветная графика, макетирование;
- развитие конструкторско-технологических основ создания предметов;
- снов функционального процесса в различных помещениях.

Дизайнер должен учитывать ряд важных факторов:

- 1) насколько образы, сотворенные в процессе проектирования, «читаемы», т.е. понятны заказчику, легки для восприятия;
- 2) насколько они психологически комфортны, т.е. способны вызывать положительные эмоции, ощущение безопасности;
- 3) как они влияют на формирование вкусовых предпочтений заказчика, воспитывают его художественно-эстетический вкус - способность к адекватному восприятию и оценке формальных, художественно-эстетических качеств изделия.

Таким образом, форма в дизайне возникает как образ на основе ассоциаций - произвольных или случайных. Создание образа в дизайне требует определенного уровня сформированности образного мышления, на которое можно влиять, используя следующие методы и приемы:

1. Просмотр аналогов (современных и исторических), показ способов их интерпретации в конкретных проектах.

2. Использование разнообразных художественных материалов и техник, их нетрадиционные сочетания, несвойственные им приемы работы.

3. Интерпретация художественных произведений, фотографий в качестве основы для упражнений с цветом, формой, фактурой. Изменение или переработка исходных данных.

4. Критический анализ профессиональных работ, студенческих упражнений, оценка формы, цвета, техники и т.д.

Итак, дизайн начинается с создания новой функциональной модели на основе уже имеющихся образов и аналогов, прообразы которых уже использовались в обществе. Создавая новый образ, дизайнер выступает не только как художник, но и как инженер-конструктор, проектируя вещь, придавая ей большую рациональность, эмоциональность и эстетические качества.

### Литература

1. Ленсу Я.Ю. О природе художественного образа в произведениях дизайна/ Труды МИУ. – 2009. – №1.
2. Моисеев В.С. Креативное мышление в дизайне / В.С. Моисеев. – Минск, 2009.
3. Гаральский А. Теория творчества / А. Гаральский. – СПб., 2004.
4. Заева-Бурдонская Е.А. Курасов С.В. Формообразование в дизайне среды. Метод стилизации. (Пропедевтический курс): учебное пособие. М.: МГХПУ имени С.Г. Строганова, 2008. – 236 с.

### Түйін

Мақалада дизайнда көркем бейнені, жобалық ой-қабілетін қалыптастыру әдістер мен тәсілдер қарастырылады. Дизайн өнімнің бейненің концептуалды идеяны, көркем және конструктивті шешімдерді жобалау және іске асыру жолдары қарастырылады.

### Summary

The article discusses the formation of an artistic image by developing project thinking, methods and techniques of creating an image in design. Ways of designing and implementing a conceptual idea, artistic and constructive solution to the image of a design product.



ӘОЖ: 378:687.01

**Ж.С. Рыскелдин**, магистр, аға оқытушы

**А.Н. Алиева**, магистр, оқытушы

ҚазЭҚХСУ

### ДИЗАЙН МАМАНДЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ҚАҒИДАЛАРЫ

*Бұл мақалада біздің өркениетіміздегі өмір сүру салтының үздіксіз өзгеруіне, қоршаған орта мен өмір сүрудің барлық салаларындағы прогреске бағытталған жобалық мәдениет кезеңі ретінде заманауи бағдарламаның пайда болуын көздеу тұрғысында сөз қозғалады. Бүгінгі күні білім өмір салты, ал өмір – үздіксіз білім беру шарты болып табылады десек, осы орайда, жалпы білім беретін мектептің жаңа сапалы жағдайға көшу проблемасы ерекше өзектілікке ие болып, жобалық мәдениеттің негізі ретінде көрінетінін тілге тиек етеді. Қазіргі таңдағы жаңа технологиялары мен өнер білімі қарыштап дамыған елдермен үзеңгілес болу үшін жердің табиғи байлығы емес оның бәсекелік қабілетімен ғана қол жеткізуге болатынын дәлелдеуге тырысады.*

**Кілт сөздер:** бәсекеге қаблеттілік, үздіксіз білім беру, дизайн-мектеп, дизайнер-педагог, кәсіптік педагогика, мәдениет, технология, бағдарлама.

Еліміздің егемендік алған жылдан бастап барлық салада, өнер мен білімде көш ілгері жылжығанын білеміз. «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымыз үшін, яғни барша қазақстандықтар үшін ХХІ ғасырдың талаптарына сай дамыту бағдарламасы екеніне дау жоқ. Бүгінгі күні білім өмір салты, ал өмір – үздіксіз білім беру шарты болып табылады. Осыған орайда, жалпы білім беретін мектептің жаңа сапалы жағдайға көшу проблемасы ерекше өзектілікке ие болып, жобалық мәдениеттің негізі ретінде көрінеді.

Қазіргі таңда жаңа технологиялары мен өнер білімі қарыштап дамыған елдермен үзеңгілес болу үшін жердің табиғи байлығы емес оның бәсекелік қабілетімен ғана қол жеткізуге болады. Осы орайда елбасы Н. Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» ұлттық бағдарламасында – жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алатынын бағдарламаның бірінші бағытында ашып көрсетті. [5]

Ендеше бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін біз халқымыздың білім мен өнерге деген қабілетін арттыру шарт.

Біздің өркениетіміздегі өмір сүру салтының үздіксіз өзгеруіне, қоршаған орта мен өмір сүрудің барлық салаларындағы прогреске бағытталған жобалық мәдениет кезеңі ретінде заманауи бағдарламаның пайда болуын көздейміз.

Дизайн-мектептің бай шетелдік тәжірибесі жинақталған, мысалы Ұлыбритания, Жапония, Германия, Италия мектептері бола алады, онда дизайнды жалпы мәдени салаларға енгізу қажеттілігін мамандар ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік институттар да мойындаған. Зерттеу нәтижесінде жасалған принципті қорытындылар, маңызды жоба желісінің арқасында рухани-материалдық қызметтің барлық салаларында формалар түзудің ядросын құрайтын дизайн болып табылады. Нәтижесінде пәнаралық синтезді жүзеге асыруға және жаратылыстану-ғылыми, гуманитарлық, көркем және қолөнер пәндері арасындағы алшақтықты жоюға мүмкіндік беретін жобалық мәдениетті енгізуге негізделген жалпы білім беретін мектепті қайта құру жолдары анықталды.

Біздің елімізде дизайн-білім беру жүйесін құру тәжірибесі 1970 жылдан бері басталғанымен, бір де бір жоғары оқу орны дизайн саласында оқытушыларды дайындаған жоқ. Өйткені, білім беру тәжірибесі мен қоса оқу әдістемелік құралдары, оқулықтардың мазмұндық құрылымы болған жоқ. Тек 1998 жылы алғаш рет дизайн колледждері, кейіннен мемлекеттік университеттерде және мемлекеттік кәсіптік-педагогикалық университеттерде бірлескен қызметі туралы келісім-шарт аясында дизайнер біліктілігі бар мамандарды шығару жүзеге асырылуда бастады. [2]

Қазір дизайн мамандығын елімізде көптеген ЖОО дайындайды. ЖОО дизайн мамандығын бітіруші түлектер 70-80 пайызға жұмысқа орналасу мүмкіндігіне ие болып отыр. Бұл деген осы мамандыққа елімізде сұраныстың жоғары екенін көрсетеді. Соған байланысты осы тақырып төңірегінде біраз анықтамалар мен тұжырымдама жасау керек сияқты.

Еліміздің халықаралық аренада өнер және шығармашылық қабілеттілікке сай болуы үшін өнерге баулу бағдарламасын мектеп қабырғасынан бастау керек. Бірақ осы мамандық шеңберінде дизайнер-педагог қызметі бастауыш кәсіптік білім беру жүйесіне, оқу-курстық желіге, сондай-ақ халықты жұмыспен қамту қызметінің жұмысшылары мен мамандарын даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру орталықтарына бағытталған бағдарлама жасау қажеттілігі туындайды. Мемлекеттік кәсіптік-педагогикалық университетінің бірлескен қызметі туралы келісім-шарт аясында дизайнер-педагог біліктілігі бар мамандарды даярлауды жүзеге асыру қажет. Бұл ретте «бейнелеу өнері мұғалімі» негізгі біліктілігімен қатар маман қосымша - дизайнер-қызмет саласы дизайн-білім беру саласындағы педагогикалық қызметі ғана емес, сонымен қатар білім беру құрылымы мен мазмұнын, жалпы білім беретін мектепті оқыту технологияларын құру, практикалық дизайн-мектеп ортасын ұйымдастыруға бағытталған қызмет - экстерьер, ландшафт интерьері, визуалды коммуникация құралдары бойынша білім беретін педагогтар қажет.

Мектепке дейінгі білім беру мекемелерін, жалпы білім беретін мектепті, әртүрлі деңгейдегі кәсіби білім беру мекемелерін және дайындық бағыттарын қамтитын дизайн-білім беру жүйесін құру мүмкіндігін туғызу керек. Ал бұл өз кезегінде мектеп - жоба мәдениетінің тұжырымдамасы шеңберінде жаңа сапалы жағдайдағы мектебін құруға мүмкіндік береді. Біздің ойымызша,

мектепті сапалы қайта құрудың мәні мен міндеті дәл осы. Білім беру кеңістігі қызметтің түрлі салаларын қамтитын еркін шығармашылық коммуникация кеңістігіне айналады, ал әлемнің адамның шығармашылық қайта құрылуы процесіндегі коммуникация қызметтің бағыттылығына қарамастан жобалық сипатқа ие болады.

Қосымша біліктілік алған кәсіби педагог, дизайн ерекшелігін ескере отырып, білім алушыларды оқытуды және тәрбиелеуді қоғамның және ондағы әрбір адамның тіршілік ортасын, адамға, оның қажеттіліктеріне бағытталған жаңа эстетикалық формаларға негізделген пәндік әлемді құруға бағытталған қызмет ретінде жүзеге асыруы тиіс. Сонымен қатар, ол пәнаралық коммуникация принциптері бойынша білім беру және оқу бағдарламаларын қалыптастыруы тиіс. [1] Бұл өз кезегінде, бейнелік - жобалау, жүйелі ойлауды тәрбиелеу мен дамытуға ықпал ете отырып, мектепте мәдени шығармашылық органы құруға байланысты зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Кәсіби білім беру бағдарламаларын меңгеру қағидаларында жеке тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыруға ықпал етіп, заманауи ақпараттық және білім беру технологиялары негізінде оқытудың әртүрлі тәсілдерін, әдістері мен құралдарын пайдалану, мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкес білім алушылардың дайындық деңгейін қамтамасыз етеді. Мектептің білім беру кеңістігін құру және формальды шығармашылықтың бірегей ортасын құру мақсатында материалдық базаны дамыту және жобалау бойынша біраз істер тындыру қажет. [4]

Дизайнер-педагогтың құзыреттілігінде – жобалау-бейнелік ойлау стилін қалыптастыруға бағытталған оқыту және тәрбиелеу үдерістерін жүйелі ұйымдастыру принциптері; дизайнның пайда болуы мен қалыптасуының теориялық концепциялары; жобалау, жобалаудың принциптері мен әдістері; «дизайн-жобалау негіздері» пәндер блогының құрылымы мен мазмұны; дизайн-қызмет технологиясы; компьютерлік аспаптық құралдар, ақпаратты компьютерлік өңдеу әдістері, компьютерлік графика әдістері болуы керек. [3]

Дизайн мамандығын сапалы меңгеру үшін мектеп қабырғасынан арнайы дизайн мамандығына дайындалған түлектерді таңдау арқылы қабылданғанда ғана қолжетімді болатынын ескеру қажет. Біріншіден, дизайн – шығармашылық қызмет болғандықтан білім алушылардың да шығармашылық қаблеті жоғары болуы шарт, екіншіден, оқу орындарында қаблеттілікке сай заманауи техникалық базасы болуы қажет, үшіншіден, білім беретін педагогтардың құзыреттілігі жоғары болғанда ғана біз жоғары сапалы нәтижелерге қол жеткізе аламыз.

Дизайн мамандығының қалптасу қағидалары мынаны көрсетеді. Негізінде жобалау мәдениеті жобалау қызметімен байланысты, оның мақсаты-қоршаған ортаны жасанды ортаны құру және ұйымдастыру. Біз күнделікті өмірде үнемі жобалық міндеттерді шешумен айналысып жүретініміз рас. Міне, сондықтан жобалауды тек кәсіби қызмет қана емес, сонымен қатар жалпы білім берудің өзекті құндылығы мен мәндік сипаттамасы ретінде қабылдаймыз, осы салада дизайн жобаны ойлаудың ерекше түрі мен ерекше мәдениеті ретінде түсіну маңызды. Мұндай жағдайда дизайн біздің алдымызға мамандық емес, пән ретінде, оқу іс-әрекеті мен ортаны ұйымдастыру қағидасы ретінде қабылдау қажеттілігі туындайды.

### Әдебиеттер

1. Понятийный аппарат педагогики и образования: сб. науч. тр. / отв. ред. Е.В. Ткаченко. Екатеринбург, 1995. 224 с. 9. Пузанов В.И.
2. Дизайнерская модель культуры / В.И. Пузанов // Техническая эстетика. М., 1989. № 11. С. 16-19. 10. Сидоренко В.Ф.
3. Дизайн как общеобразовательная дисциплина (по следам поисковой программы Королевского колледжа искусств) / В. Ф. Сидоренко // Библиотека дизайнера ВВШИИТЭ: Дизайн в общеобразов. шк. М., 1994. С. 9-14.
4. Ткаченко Е. В. Дизайн-образование. Теория, практика, траектории развития / Е. В. Ткаченко, С. М. Кожуховская. Екатеринбург: Аквапресс, 2004. 280 с.
5. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы.

## Резюме

Для того, чтобы наша страна соответствовала творческим и творческим способностям на международной арене, необходимо начинать программу обучения искусству со школьной скамьи. Но в рамках данной специальности возникает необходимость разработки программ, направленных на систему начального профессионального образования, Учебно-курсовую линию, а также на центры подготовки, переподготовки и повышения квалификации работников и специалистов службы занятости населения. В рамках Договора о совместной деятельности государственного профессионально-педагогического университета необходимо осуществлять подготовку специалистов с квалификацией дизайнера-педагога.

## Summary

In order for our country to meet the creative and creative abilities in the international arena, it is necessary to start the art training program from the school bench. But within the framework of this specialty, there is a need to develop programs aimed at the system of primary vocational education, Training and course line, as well as training centers, retraining and advanced training of employees and specialists of the employment service. Within the framework Of the agreement on joint activities of the state professional pedagogical University, it is necessary to train specialists with the qualification of a designer-teacher.



ӘОЖ73.04

**А.К. Смагулова**, мәдениет қайраткері, доцент  
ҚазӘҚХСУ

## ҚАЗАҚСТАН МОНУМЕНТАЛДЫ МҮСІН ӨНЕРІНДЕГІ ӘЙЕЛ БЕЙНЕСІНІҢ СИМВОЛИКАЛЫҚ МӘНІ

*Қазақстан монументалды мүсін өнеріндегі әйел бейнесінің символикалық мәні – Ана образы. Ана келешектің кепілі, ұрпақ жалғасы.*

*Мүсінші болсын басқа болсын қасіретті бейнелеуде әйел образы соның ішінде ана образын көптеп таңдап алады. Қандай оқиға болмасын, қандай тақырып болмасын оны өнерге айналдыра отырып, халық жадында мәңгі қалдыруды мақсат ететін мұндай әрекеттер қашанда біздің мәдениетіміз бен өнерімізді қанаттандырып отыратынын ұмытпағанымыз абзал. Сонымен қатар, ескерткіштердің көптеп орнатылуы эстетикалық көзқарасты тәрбиелеп қана қоймай, қазақ мүсін өнерін жетістіктерге жетелей бермек. Сондықтан мемориал ұрпақтарымыз бейбіт өмірімізді құрметпен, қан құйлы қасреттің зардабының қандай болатынын естен шығармау үшін ұлағатты ескерткіштер болуы шарт.*

**Кілт сөздер:** монумент, Ұлы Отан соғысы, мүсін, мемориал, ескерткіш.

2001 жылы 7 мамырда Нұр-сұлтан қаласының Тәуелсіздік және Қ.Мұңайтпасов даңғылдарының қиылысында «Отан Ана» монументі тұрғызылды. Мемориалдың өзегі – биіктігі 37,5 метр, салмағы 63 тонналық алып монумент – ана бейнесін сомдау арқылы тарқатылған. Ақ кимешекті әйел-ана алтындатылған зерлі кесесіне ақ құйып оны, ұлттық дәстүрге толы көңілімен, келе жатқандарға қос қолдап ұсынуда. Сондай-ақ соғысқа аттанған жарын, алысқа кеткен ұл-қыздарын алаңдай күтіп тұрған ананың бейнесінен бүкіл қазақ әйеліне тән ұлттық болмыс-бітім аңғарылады. Қола бағанның ұшар басында 121 алтын масақтан тұратын нысан – көпұлтты қазақстандықтардың тереңнен тамырланған бірлігі мен берік достығының нышаны. Масақтардың іргесі қазақ жерінде әр ұлттың рухани және мәдени мұрасын бейнелейтін ою-өрнектермен безендендірілген. Бұл сонымен бірге жаңа өскін-өмір, бейбітшілік, молшылық пен тұрақтылық белгісі. Үш бөлікті тұтқырдың тағы бір ерекше көңіл аударатын тұсы - жер шарының бейнеленуі: онда сонау ескі дәуірден бастау алған Жібек жолымен сапар шеккен керуендер түркі халықтарының ертедегі кіндік шаһары –

Түркістан мен рухани орталық болған Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне соғып, одан ары талай тарихи кезеңдерді артқа тастап, жаңа Елордамыз Нұрсұлтан қаласына ат басын тірегені мүсіндік тәсілмен тайға таңба басқандай айшықталған. Қырық метрдей қола бағанның екі жақ қапталының бірінде – ата-бабаларымыздан қалған кең байтақ мекенімізді әртүрлі басқыншылардан қорғаған хас батырлар, екінші жағында – Ұлы Отан соғысы жылдары ерлік көрсеткен қазақстандық әскерилер бейнеленген. Бұл – қаһарлы соғыс жылдары майданда елінің бостандығы үшін мерт болған жауынгерлер мен арамды өнеге көрсетіп жүрген соғыс ардагерлеріне дегенерекше құрмет ескерткіші. «Отан қорғаушылар» мемориалы тәуелсіздігіміздің 10 жылдығы аясында Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 56 жылдығына және ҚР ҚК іргетасы қалануының 10 жылдығы мерекесі қарсаңына орай ашылды. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев Отан қорғаушылар күні – 2001 жылы 7-9 мамыр Ұлы Жеңіс күніне арналған салтанатты шеру мерекесіне қатысып, сөйлеген сөзінде ел тарихына шолу жасай келіп, халқымыздың бастан өткерген жылдары қашан да ерлікке толы болғанына тоқталды. Аталған мерекенің барлық қазақстандықтар үшін киелі екеніне ерекше мән берді. Бұдан соң «Отан қорғаушылар» мемориалы жайында: Бұл – жауды тізе бүктірген Жеңіс мерекесі болуымен бірге жалпыхалықтық еске алу күні, аға ұрпақтың өшпес ерлігіне бас иію күні. Сондықтан бұл мемориал ұрпақтарымыз бейбіт өмірімізді құрметтеп, қан құйлы соғыстың зардабының қандай болатынын естен шығармау үшін ұлағатты ескерткіш болуы керек. Біз ата-бабаларымыз бен әкелерімізді мақтан тұтамыз. Біз өз иықтарымен бар ауыртпалықты арқалаған айрықша аналарымызды мақтан етеміз. Оларсыз жеңіс те болмас еді. Мынау монументтің айрықша көрініп тұрған бөлігі де сол – әйел-ана бейнесі. Мына ашылып отырған ескерткіш Ұлы Отан соғысындағы ерлікті ғана бейнелемейді, қазақ халқының батырлығын, ержүректігін де сипаттайды. Бұл есімі мәлім және есімі беймәлім жандардың аруағын тербетіп, топырағын торқалайтын перзенттік махаббатымыздың көрінісі, соның куәсі. Отын өшірмеген ержүрек аталарымыз бен шаңырағымызды шайқалтпаған мейірбан аналарымыздың қадірі мен қасиетіне қойылған киелі белгі! - деді. Үш бөліктен тұратын кешеннің қандай ой-мақсатты білдіретіндігі түсіндірілген шығармашылық топ М.Т. Әлиақпаров, мүсінші Ю. Баймұқашев пен архитектор, сәулетші, суретшілер Б. Тайталиев, Т. Баймырза, Е. Шахиев, Е. Ержанов, А. Бексұлтанов, Н. Конапольев, А. Курицындер мемориалдың сәулеттік-көркемдік композициясын ойдағыдай іске асырды. Еліміздің түкпір-түкпірінде ана бейнесінің символикалық мәні әр тұрғыдан қарастырылған. Тәуелсіздік, жеңіс жылдарына арналған монументтерден қандайда бір салтанат белгісін сезінсек, орын алған түрлі зұлматты кезеңдердің көрінісін көз алдыға елестететін туындылар да жоқ емес. Мәселен, Нұр-Сұлтан қаласындағы ашаршылық құрбандарына арналған В.Б. Пирожковтың «Қасірет керегесі» атты ескерткіші. Валерий Пирожков ҚР суретшілер одағының мүшесі. Нұр-Сұлтан қаласының тұрғыны. Мүсінші, қолөнерші. Оның «қасірет керегесі» туындысы 2012 жылы тұрғызылған. Бұл жерде ешқандай өлім жітім көрсетілмегенімен де, ата-әженің, әкенің, ананың, баланың ортақ қайғылары үшін көкке қарап қолын жайып, Алладан тілеуден басқа шаралары қалмаған адамзаттың тірлігі сомдалған. Сондай-ақ, оның шығармашылық идеясы аралас материалды пайдалану арқылы бүгінгі мен ертеңгі күннің байланысын, яғни бала бейнесін болашақ ретінде жарқыратып бейнелеуі арқылы ұштастырылған. Ашаршылық зұлматына тән арық, ұзарған дене бітім, артық ешбір элементсіз, қу сүйектенген көріністі дәл осы жұмыстан көре аламыз.

В. Пирожковтың қолтаңбалық ерекшелігі немесе елеуге тұрарлық тұсы деп оның әйгілі Альберто Джакометтидің шеберлігіне тән белгілерді ұтымды ұстана білетіндігін айта кеткен жөн. Оның мүсіндемелерінде Альбертонікіндей бейне сыртын бұжырлы етіп бедерлеуді жиі кездестіруге болады.

Тек бұл ғана емес, 2017 жылдың 31 мамыр күні Алматы қаласы, Наурызбай және Қарасай батыр көшелері қиылысында 1931-1933 жж ашаршылық құрбандарына арналған ескерткіш ашылған болатын. Монументтің нақты орналасқан жері «Қарағайлы» саябағы. 3 метр биіктікті құрайтын қола мен граниттен сомдалған мүсіннің авторлары – Қанат Бегулиев, Айдос Бүркітбаев және Дулат Үсенбаев. Монумент цилиндр тәрізді сәнді тұғырға орнатылған. Үстінде баласын бауырына басып, құшақтап тұрған ана бейнесі сомдалған. Ашаршылық зұлматын цилиндрдің ішіне сыйғызып, әрі оны салтанатты етіп бейнелеу, сол кезеңнің қасіретін жасырып, қысып тастағандай

көрінеді. Дегенмен, сол бір қайғылы күндерден дерек беретін жазбаларды оқығаннан кейін, босқынның күйін кешкен халқымыздың оған дейінгі уақыттағы жағдайының әлде қайда қуатты болғандығын біле аламыз. 6,2 млн халқы бар республикамызда аштықтан кейін 4,1 млн ғана халық қалған болатын. Азық-түлігінің барлығын қара жерден алып, мал шарушылығымен ғана отырған жұрттың, тәтті өмірін көре алмағандай, күштеп ұжымдастырудан кейінгі халық хәлінің көрінісі де дәл осы әдемі жарқырап тұрған тұғырдан, оның үстіндегі аш-жалаңаш қалған бейшара бейнеге ауысқандай.

Мүсінші ашаршылық уақытын баласын бауырына қысып, құшақтап тұрған ана мен бүлдіршінің бейнелері арқылы жеткізген. Ананың отырған отырысының өзі жардан аяғы тайғақтап құлап кетуге шақ қалса да өмір үшін жанталасқан адамның әрекетін елестетеді. Автордың оқиға желісін барынша қайғылы етіп жеткізуге тырысқандығын ана мен баланың бейнесінен көре аламыз. Қабырғасы қиындықсыз санауға келіп тұрған, рентген парақшасынан қарап отырғандай баланың дене бітімінің сомдалуынан, оның не өлі не тірі адам екендігін ажыратудың өзі қиынға соқтырады. Бұл расында сол бір сәттердегі көрініс, немесе зарлы ана қолындағы баласының мәйіті болуы да мүмкін. Мүсіндік композициядағы ананың бейнесін автор барынша шебер жеткізе білген. Ана келешектің кепілі. Ол бұл туындыдағы үміттің көрінісі. Қаншалық қасіретті бастан кешіп тұрғанымен, бауыр еті баласы үшін арпалысын жанарын төмен салып отырса да жаулығының қисаймауынан көре аламыз. Сонымен қатар, зұлматты күндердің бірінде арнайы тапсырмамен Сарысу ауданында болып қайтқан О. Жандосовтың «Ауылдарды аралаған кезімде мен ондаған күндер бойы жерленбеген мәйіттерді кездестірдім. Әйелдер жоқшылық пен аштыққа төзімділеу. Еркектердің бірден ұнжырғасы түсіп кетеді. Күйзелгендер қолына не түссе де түк қалдырмай жеп қояды... Елсіз жапаннан екі жасөспірімді көрдім, олар қайдағы бір ескі жұрттың атылған иттерінің терісін алу үшін қалған өлекселеріне бара жатыр екен...» деген сөзі де мысал бола алады. Азып-тозып, қауқары қалмаса да, ашыққан баласын кеудесіне қысқан күйдегі төмен қарап отырған ананың бейнесі төңкерілген ошақпен жарық қазанға жетелейді.

